Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының басты міндеті – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тараптарынан қойылатын талап та өзгерді.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан -2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық рөліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт ідеу жолында.

Қазіргі жаһандану кезеңінде студенттерге тарихи-географиялық білім беруді ұйымдастырудың жаңа принциптері мен ғылыми әдіс-тәсілдерінің белсенді түрін пайдалану, оқыту технологияларының инновациялық түрлерін оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселелерін өзекті ете түсуде.

Инновациялық процестер білімді беруді сапаландырудың тасымалдаушы құрылымы ретінде педагогикалық саналық пен белсенділікті қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек еткізуге жеткізеді.

Жалпы алғанда, инновациялық процестер – бүкіл әлемнің білім беру жүйесі дамуының негізгі және қажетті тенденцияларының бірі болып табылады.

Ал енді, ЖОО-да студенттерге тарихи-географиялық білім берудегі инновация, инновациялық технологияларға келер болсақ, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар мен олардың кейбір элементтерінің келесідей түрлерін атап көрсетуге борлады:

- бағдарламалы оқыту;
- дамыта оқыту;

- проблемалық оқыту;
- ақпаратты технологиялар (компьтерлі, мультимедиалық) оқыту;
- интерактивті, активті оқыту әдістері.

Географияның негізгі терминдері мен ұғымдарын оқу орындарында оқытудағы инновациялық мүмкіндіктерін игеру процесін ұйымдастыру кезінде көрнекі құралдар басты рөл атқарады. Бұл ақпараттық көрнекілік құралдары арқылы топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдар жүйесін айтарлықтай кеңейтуге және тереңдетуге , оны жүйелеуге,қажетті мәліметтерді таңдауға, болып жатқан процестер, нысандар және құбылыстардың даму қарқынын көруге мүмкіндік беретін көрнекіліктің заманауи,ыңғайлы және мобильді құралы болып табылады.

Компьютерлік және мультимедиялық технологияларын оқу процесінің тиімділігін арттырудың бір құралы болып табылады. Бұл құрал студенттерге білімді өздігінен алуға, студенттің таным процесінің дамуына, оқу ақпараттарын және қолданылатын оқу тапсырмаларының кешенін кеңейтуге, студенттің іс-әрекетін бақылау сапасын өзгертуге мүмкіндік береді. Интерактивті компьютерлік бағдарламалар адам іс-әрекетінің барлық түрлерін белсендіруге бағытталған, материалды игеру процесін жылдамдататын ойлау, сөйлеу, физикалық іс-әрекеттерін белсенді етеді.

Компьютердің көмегімен оқыту процесіне қажетті бағдарламалар мен көріністерді құруға, тарихи-географиялық білім беру мазмұнының компоненттерін талдау мен біріктіруде шығармашылықты қолдануға мүмкіндік береді. Студенттің білім алуға деген қызығушылығын мультимедиялық презентацияларды құру арқылы арттыруға болады. ЖОО-ға студенттерге тарихи-географиялық топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын білім беру барысында мультимедиялық презентациялар өзге де инновациялық технологияларға қарағанда көп қолданылады.

Мультимедиялық презентация – аудио және видеоүзінділерді, суреттерді және интерактивтіліктің элементтерін (қабылдаушының іс-әрекетіне әсер етуші) қамтитын электронды диафильмдер болып, оқыту процесіндегі демонстрациялық материалдарды көрсетудің ең кең тараған түрі [2]**.**

5-кесте. Білім алу барысында мультимедиялық технологияны қолдану

Білім алуда мультимедиялық технологияны енгізу	
Мультимедиялық оқыту құралдары (педагогикалық құрал)	Мультимедиялық оқыту бағдарламалары
- Компьютер - Интерактивті тақта - Мультимедиялық проектор - Видео және аудиомагнитофон - Ғаламторға шығу мүмкіндігі	- Электрондық оқытубағдарламалары - Электрондық әдебиеттер, анықтамалар - Жаттықтыруға арналған бағдарламалар

Мультимедиялық презентация қамтиды:
- компьютерлік анимациялар
- иллюстрациялық қатар
- дыбыстық қатар
- видеофрагменттер
- гипермәтінпен гиперсілтемелер.

Ақпаратты қабылдауға ыңғайлы болу үшін мультимедиялық презентацияға тән сюжет, сценарий және ұйымдастырылған құрылымы болады

Термин туралы деректер тарихи құжаттарда, карталарда, жазбаларда, жылнамаларда берілуі мүмкін. Белгілі бір аумақтың топонимиясын ол өлкенің тарихын білмей, түсіну мүмкін емес. Сондықтан топонимика пәні әр кезеңдерді қамтитын тарихтың, географияның жеке салаларымен, соның ішінде Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты болып келеді.

- кез келген тарихи-географиялық атау кеңістікте орны бар объектіге беріледі, яғни тарихи-географиялық номенклатураның карталармен тікелей байланысы бар.

- жекелеген аймақтардың топонимиясы сол аумақтардың табиғат ерекшеліктерімен, ресурстарымен, халқының ұлттық құрамымен, өзіндік тарихымен, қоныстану сипатымен, шаруашылық түрлерімен тығыз байланысты.

Жоғарыда аталғандар тарих пен географияның жеке салаларының зерттеу объектілері болып табылады. Керісінше, топонимикалық деректер арқылы байырғы ландшафт сипатын жаңғыртып, жойылып кеткен су көздері, ормандар, өсімдік жамылғысы, жануарлар туралы құнды мәліметтерді мультимедиялық презентациялар мен компьютерлік технологиялар арқылы көрсетіп, құнды мәлімет алуға болады [3].

Географиялылқ атаулардың негізгі терминдері мен ұғымдарын оқып үйрену нәтижесінде:

- білім алушылар топонимикалық зерттеудің негізгі әдістерін игеріп, іс жүзінде қолдануды;
- жекелеген аумақтардың топономиялық жүйелерін сипаттауды;
- жергілікті жерде топонимдерді жинақтап, тізбесін құрастыруды және қысқаша сипаттама бере білуді;
- географиялық, картографиялық, тарихи, тіл білімі және басқа ақпарат көздерінен алған деректерді топонимдерді талдауда қолдана білуді;

Қорыта келгенде, қазіргі таңда инновациялық мүмкіндіктерді топонимиканың терминдері мен ұғымдарын түсіндіруде маңызы зор. Тек мультмедиялық және компьютерлік технологиялармен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар теория мен практикада оқытушының оқыту іс-әрекетінен студенттің инновациялық іс-әрекетіне назар аударылып, студенттердің оқу жұмысын белсендіру, олардың оқып-үйренуге деген талпынысы, өзін-өзі кәсіби белсенділік қағидасын іске асыру талаптары туындайды. Білім беру жүйесінің белсенді оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оның формалары, әдістері мен құралдары көмегімен дәстүрлі оқыту жүйесінде қол жеткізілуі қиын болған бірқатар міндеттерді нәтижелі түрде шешуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы, утвержденная Указом Президента РК Назарбаева Н.А. № 1118 от 07.12.2010.
2. Бибик А. Е. Закрепление связи методики обучения географии с современной дидактикой. М.; 1992.
3. Душина И.В., Понурова Г.А., Методика преподавания географии. М.; 1996.

ӘОЖ 37.09:91

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕГІ САРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Абдиманапов Б..Ш[1], Темербаев Е.И.[2], Құмарбекұлы С.[3] *– г.ғ.д.,профессор[1], магистрант[2], докторант[3], С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп география пәнінде саралап оқытудың әдістемесінің негізгі аспектілері қарастырылған.

XX ғасырдың аяқ кезіндегі педагогикалық ой –тұжырымдардағы гуманизм идеялары , еркін білім беру , оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту үшін мектептің алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып , жеке тұлғаның дамуына мектеп ортасында қолайлы жағдай жасау қажеттілігі туындайды.Мектептің педагогикалық құрылымында негізгі құндылық - оқушы және оның жеке тұлғасы.[1].

Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс

барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғаммыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз , бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың , жаңа оқу әдістерін , жаңа мазмұнды қажет етеді. [2].

Оқытудың жаңа технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады.Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімді жолдары бар , деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай және жеке тұлға тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ , деңгейге бөліп оқытудың кезінде оқушылардың тәжірибелік- теориялық дайындығын , оқуға деген ынтасын , дара қасиетін әлеуметтік- психологиялық танымал , сұранымын ескеру талап етеді.Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушының білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет.

Қазіргі базалық білім беру – жеткілікті білімнің төменгі шегі. Мұғалім баланы оқыту барысында оқушыға тақпақ жаттатып , ережелерді оқытып, жаттығулар орындатып әр түрлі жұмыстар жүргізеді. Оны талап етеді. Ол мұғалім үшін қиын жұмыс емес . Оқушы мұғалімнің айтқанын кітаптан оқып, тақпақты жаттап (тіпті оларды қызықтырмаса да), ережені айтып беруі мүмкін. Бірақ, оқушы сол оқыған материалдың ішкі дүниесін түсінді ме , міне, негізгі мәселе осында жатыр. [3].

Мектеп оқушыларының білім деңгейінің көрсеткішін төмендегідей бағалауға болады: 1 деңгей (төмен) –эпизодтық. Білімді жаңа жағдайға көшіру мұғалім көмегімен жүзеге асырылады; 2- деңгей –түсініктерді жүйелеу деңгейі . 70% ғылыми ұғымдарды саналы түрде анықтайды.; 3- деңгей (жоғары) бастапқы ғылыми ұғымға өту (ауысу) деңгейі деп белгілейді.[2].

Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді,тапсырманы орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді, оны шешуде ақыл –ойы дамиды, ойлауына жан-жақты әсер етеді деп түйіндейді. Бірінші деңгей тапсырмалары жаттап алуға лайықты,алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілетін өңін өзгетпей қайталап , пысықтауына мүмкіндік береді, екінші деңгей тапсырмалары материалды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, үшінші деңгей танымдық – іздену түрдегі заңдылықтар шығару қорытынды жұмыстары.

Деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Оқулықтағы жаттығулар - өтілген ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарын арналған тілдік, грамматикалық жұмыстар жүйесі.деңгейлік тапсырмалар құрамында мәтіндер , сөзжұмбақтар, қызықты грамматика , тестік сұрақтар, іскерлік ойындар мен тренингтер жүйесін қамтиды. Бұлар оқытудың деңгейіне сәйкес оқушыны саралап оқытуға ыңғайлы , әрі оқу бағдарламасы оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып , оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі.

Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыралатыны тексеріледі. Өз бетімен жұмыс орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып , шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді. [2].

Бірінші деңгей тапсырмаларды білімнің мимималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын , оқушының жас ерекшелігіне сай болады. Сынып бағдарламасына байланысты лексикалық тақырыптар мен грамматикалық тапсырмалар , тілдік ережелер, жазба жұмыстарын орындайды. Кейіннен жоғарғы сыныптарда оқыған кезде де есінде тұрақты қалатындай бағытта сөздік минимумдарды меңгереді. Тыңдап , түсініп оқу , аударып, жаза алады. Айналадағы адамдардың айтқанын түсінеді , естігені бойынша сұрақтарға жауап береді. Естігенін қайталап айтады. Жеңіл ережелерді жаттап алады.

Фонетиканы толық меңгереді.Грамматикалық, лексикалық тапсырмалар орындайды. Мәтін мен жұмыс жасайды.

Екінші деңгей тапсырмалары түрленіп , күрделене түседі, сынып бағдарламасына сай лингвистиканың барлық бағдарламасымен жұмыс істейді. Оқушы өз бетімен керегінше қызмет етеді. Оқу мотивтерді қанағаттанарлық дәрежеде . Ықыласы жоғары. Оқушының сөйлеуі , хабарды түсінуі , қабылдауы , жазба жұмыстарын орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлде қайда жоғары болады. Бірінші деңгейден бастау алған сөйлеу үшінші деңгей оқушылардың шығармашылыққа деген мотивтердің айқын көрінуімен логикалық ойлау дәрежесінен жоғары болумен , өз жеке басының белсенділігімен , ісіне талдау жасай білуімен , білімді жаңа жағдайда пайдаланумен сипатталады. Хабарлау, суреттеу, , бейнелеу тапсырмаларын орындайды. Ситуацияға байланысты әр түрлі нұсқада диолог құрады. Мәтін бойынша сұрақ қояды. Талдау , жинақтау, салыстыру жұмыстарын жүргізеді. Танымдық-«іздену (эвристикалық) түрдегі жұмыстарды ізденіп өз бетімен орындайды.

Төртінші деңгей дарынды , іздемпаз , қабілеті жоғары , талапты балаларға арналады. Оқушыларға мұғалім тек тақырыбын ғана береді , оқушының өз мақсатын қояды, әдістерін іздейді, нәтижеге жетеді. Жазба жұмыстарын орындайды.

Оқыту практикасында деңгейлеп оқыту технологиясын енгізуге оқу ақпараттарының көлемінің ұлғаюы , оқушыларға түсетін «салмақтың»артуы басты себеп болады.

Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес , оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің даму деңгейінің оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.[4].

Деңгейлеп оқыту ерекшелігі :

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып ,олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Деңгейлеп -саралап оқыту құрылымында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық , күрделенген деңгей.

Базалық деңгей – мемлекеттік стандар бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс . Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып , уақытымен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

4. Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін :

*жеке тұлға ерекшеліктеріне;

*психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау, қабілетінің ерекшелігіне , ойлау ,қабылдау, зейін еркшелігіне , өзінің эмоциясын басқара білуіне);

*пән бойынша білімді игеру деңгейіне / оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аударып , көңіл бөлу керек. [4

1-кесте

Деңгейлеп оқыту барысында оқушы мен мұғалім іс әрекетінің жүйесі.

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Дайындық кезең	Оқушыларды оқу материалын базалық , бағдарламалық күрделенген деңгейлер бойынша игеруін анықтау.	
Диогностикалық кезең.	Білімді меңгеру деңгейін анықтайтын тапсырмаларды дайындау. Оқушылардың білімді меңгеру деңгейін диагностикалау . Оқушылардан сауалнама алу.Сынып жетекшілерімен оқушылар және олардың ата-	Диагностика нәтижелері мен өз қызығушылықтары негізінде пәнді оқу деңгейі таңдалады.Оқушы өзіндік таңдау жасайды.

	аналарымен әңгімелесу.	
Оқушыларды топтарға бөлу кезеңі	Оқушыларды топқа бөлуді ұйымдастыру : әр топ үшін оқу мазмұнын анықтау . Әр деңгейде оқытуға қойылатын нақты талаптарды дайындау Дайындалған талаптарды оқушыларға ұсыну.	Белгілі топты оқушының таңдауы. Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу.
Деңгейлеп оқыту жүзеге асырылу кезеңі.	Оқушылардың топтардағы жұмысын ұйымдастыру.	Таңдалған топта өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.
Деңгейлеп оқыту жағдайына білімді меңгеру нәтижелерін бағалау кезеңі.	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша оқушыларды бағалау. /Кері байланыстың дұрыс орнауы , жүзеге асыру/.	Жеткен нәтижелер бойынша өзара бағалауды және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру.

Бастапқы ғылыми идеялар :

-деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді .

-деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді .

-деңгейлеп-саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді Деңгейлеп оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей бағдарламалық және күрделенген деңгей. Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек.

Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс . Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақыты мен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

-оқушының жеке тәжірибесінде негізделген деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін:

-жеке тұлға ерекшеліктеріне;

-психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау қабілетінің ерекшелігіне , ойлау, қабылдау, зейін ерекшелігіне , өзінің эмоциясын басқара білуіне);

-пән бойынша білімді игеру деңгейіне (оқушының білімі мен іс әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөлу керек).

Әрбір тақырып бойынша өткізілетін сабақтар кезектесіп келетін бес типтен құралады.

Бірінші – тақырыпты жалпы талдау сабақтары (оларды лекциялар деп атайды).

Екінші – қиыстырылған семинар сабақтарда оқушылардың өзіндік жұмысының процесінде оқу материалдарының тереңдей талдануы.

Үшінші – материалды пән аралық қорытындылау сабақтары.

Төртінші – материалды қорытындылау және білімді жүйелеу сабақтары (тақырыптық сынақтар деп аталады).

Бесінші – практикум сабақтар.Балалардың даму деңгейінің бірыңғай болмауына , жеке қабілеттеріндегі айырмашылықтармен басқада себептерге байланысты сыныпта оқу үздіктерімен үлгермеушілер пайда болатыны белгілі.

Сондықтан мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде : жаңа материалды беру, бекіту, қайталау, білім, білік дағдыны бағалау кезінде деңгейлеп саралап оқытуды ұйымдастырады . [5].

Білім беру ұйымдастырудағы қайта құрулармен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлікпен пәндерді оқытудың жаңаша технологиясын ендіру міндеттерін шешуді талап етуде.

Кеңестік педагогика мен дидактиканың озық шеберлері В.Шаталовтың , В.Шейманның , Е.Ильиннің тәжірибелерінің мақсаты – оқушының оқу танымдық қызметін дұрыс ұйымдастыра отырып түпкі нәтижеге жету яғни оқушының сабақ үстінде бағдарламалық талаптар (міндетті

және мүмкіндік) деңгейінде жан-жақты терең біліммен саналы тәрбие алуы еді. ХХ ғасырдың соңында адамдар жаңа технологиялық зерттеулер (В.Беспалько, В.Монахов) жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны технологияландырудың қажет екенін дәлелдеп отыр.

Педагогикалық технология мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс (В.Беспалько).

-педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспромптарды жоюы қажет.

-оқушының танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие үрдісінің табысына негізделуі қажет.

-оқу мақсатын диогностикалық түрде анықтап, оның меңгерілуі сапасын дәл тексеріліп , базалау қажет.

-іс жүзінде оқу-үрдісінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазіргі заман талабы әр оқушының сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, талап – пікір таластыру деңгейіне жетіп , даму үстінде . Осындай өздігімен дамуды қалыптастыратын Ж.Қараевтың «Деңгейлеп- саралап оқыту» технологиясының тиімділігі мен маңыздылығы қажетті . Бұл технология оқу үрдісінде:

-оқушыға сенімділік білдіру;

-пәнге қызығушылығын арттыру;

-оқушы біліміне сеніп, әрі дамыту;

-өзіндік шығармашылық деңгейге көтерілу көзделген [3].

Профессор Ж. Қараевтың технологиясының тиімділігі сол жаңа тақырыпты балаларға шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс.Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын белсенділігін арттыру үшін мәселелік сұрақтар қойып отыру .Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі сабақта қарастырылды.

Сабақ үш кезеңмен жүргізіледі және оның мынадай тиімділіктері бар.

1-кезең. Тірек тапсырмалар мен жұмыс.

Мұнда жаңа тақырыпты меңгеруге қажетті бұрын өтілген материалдарды қайталау.Бұл үйде орындалып келетін тапсырма болғандықтан ,үй жұмысын талдауға барлық оқушыларды қатыстыруға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы кезеңде әңгімелесу , көрнекілік мәселелік оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушылардың бұрын алған білімін ескере сабаққа қызығушылығын арттыру және білімін қадағалау жүзеге асырылады. Осы жұмыстар арқылы оқушының сабаққа зейіні ауып, жаңа тақырыпты өздігінен меңгеруге дайындалады.

2- кезең. Жаңа тақырыпты өздігінен меңгеру.

Бұл кезеңде оқушыларға тақырыпты меңгеру жұмыстар беріледі. Алдымен оқулықпен жұмыс істеп тақырыптан керекті мәліметтерді таба білуге , ізденімпаздыққа үйренеді , әр оқушының танымдық қызметіндегі дербестікті дамытуға мүмкіндік туады . Оқытудағы іздену көзқарасы оқушының өнімді іс -әрекетіне негізделеді. Мұнда оқушы жаңа тәжірибені мүмкіндігінше өз бетімен меңгеруі тиіс. Оқу барысында оқушы өзін-өзі жетілдіреді . Одан кейінгі кезеңде оқушы тақырыпты оқып үйреніп топ болып талдауға уақыт беріледі. Оқушы тақырыпты оқып болған кезде мұғалімнің үй тапсырмасын тексеруге немесе жеке оқушылармен жұмыс істеуге уақыты бар . Мұнда оқушылардың барлығы қатысады. Тақырып тақтада талданады. Оқушылар жартылай ізденіс , мәселелік және зерттеу әдістерін қолданады.

3-кезең. Деңгейлік тапсырмалар тиімділігі.

Оқушылар білімін бағалау мен бақылау жүйесі арасындағы байланыс. Қоюшы әр сабақта жинаған ұпайларын «Даму мониторинг» кестесінде белгілеп отыру арқылы талдау жасалады.

Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты:

- жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар.
- оқушы ізденіске, шығармашылыққа бөленеді.
- дарынды оқушылар мүмкіндігі анықталды.
- әр оқушы өзін -өзі бағалайды, өз білімін жоғары деңгейге жеткізе алады, материалды толық меңгереді.
- жаңа тақырыпты жаңа әдіспен түсіндіріледі.
- тест, диктант арқылы тақырып меңгеріледі.

- өзіндік жұмыстар жүргізіледі.
- бақылау жұмысы алынады.
- бақылау парағы жасалады.

Қорыта келе, деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең . Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді. Тасырманы орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді. . Оны шешуде ақыл – ойы дамиды , ойлануына жан – жақты әсер етеді деп түйіндеуге болады.

Деңгейлеп оқыту - оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі заман талабы әр оқушының сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны игеріп , ізденіп, талап – пікір таластыру деңгейіне жету мақсатын көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Педогогика . Дәріс құралы . Алматы: «Нұрлы әлем », 2003, /Абай атындағы қазақ ұлттық Педагогикалық Университеті/ .
2. Қараев Ж.А. Педогогическая технология дифференцированного обучения.Алматы, 1999.5-17 бет , 17-21 бет.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде , 1999ж.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий.–М.: «Педагогика»,1989ж. 21-38 бет.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз : ТарМу , 2003.
6. Оқытудың жаңа технологиялары.//Халық тәлімі арнайы басылым. №1 2002 , 3-7 бет.

ӘОЖ 911:613

ГЕОГРАФИЯДАН ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдиманапов Б..Ш[1], Турсунов А.К.[2], Құмарбекұлы С.[3] *– г.ғ.д.,профессор[1], магистрант[2], докторант[3], С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада география сабақтарында ұмытылып кеткен географиялық емдік-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қарастырылған.

Географиядан емдік-сауықтыру орталықтарын қолданбалы куста оқыту кезінде оқушылардың бойынан өмірде өз ұстанымын айқындаған, оны қорғай алатын, туған Отанына сүйіспеншілік сезімі мол, туризм туралы жан-жақты білетін, экологиялық мәдениетті, теориялық білімін іс-тәжірибе жүзінде пайдалана білетін жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Сондықтан қазіргі кезде география сабақтарында ұмытылып кеткен географиялық емдік-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру болашақ жас мамандарға қойылатын басты талап деп білеміз. География пәні мұғалімі өз пәніне үстіртін қарамай, оқушыларымен географиялық үйірме ұйымдастырып, сабақтарын қызықты жұмыстарымен байланыстыра өткізу керек [1].

Мектептегі географиялық қолданбалы курс сабақ материалдарының көмегімен оқушыларды өмірмен, айнала қоршаған шынайылықпен байланыстыру, ол оқытудың белсенді әдістері - зерттеушілік, экскурсиялық т.б. арқылы жүзеге асырылып, оқушыларды шығармашылық еңбекке, ғылымға бағдарлайды. Географиялық қолданбалы курс жұмыстары белгілі-бір білім беру және тәрбиелік міндеттер атқарады:

1. Оқушылардың танымдық, шығармашылық іс-әрекеттері дамиды.
2. Туған өлкенің табиғатын, тарихы мен мәдениетін зерделейді,
3. Оқушылар еліміздегі емдік-сауықтыру орталықтарын танып білу арқылы зерттеу жұмыстарымен танысады (материал жинақтау, жинақталған материалдарды сараптау, оларды салыстыру, т.б.).

4. Оқушылардың сөйлеу және ойлау біліктері мен дағдылары дамиды.

5. Оқушылар әртүрлі ақпарат көздерінен рекреациялық мәліметтерді және қосымша ғылыми материалдарды пайдалануға үйренеді.

6. Оқушылардың патриоттық сезімі қалыптасып, өз еліне, халқына деген құрметі артады.

7. Оқушылар рухани және адамгершілік тұрғыда тәрбиеленеді [2].

Орта мектептердің базистік оқу жоспарындағы «Қазақстан географиясы» пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарына ғылыми бағытта талдау жүргізу нәтижесінде оқушыларға қолданбалы курс материалдары негізінде географиялық білім патриоттық тәрбие берудің жағдайын қарастырылған [3].

Жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі - патриоттық тәрбие беруді әлі де болса жүйелеп, жетілдіру қажеттілігі байқалды. Зерттеу барысында мектеп оқушыларының отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде өлкетану мәліметтерін мектептің оқу бағдарламасына кешенді түрде енгізу, сабақ барысында кіріктіру мүмкіндіктері қарастырылды. Жалпы білім беретін орта мектептерде патриоттық тәрбие берудің тиімді әдістерін жетілдіру, жаңа мазмұнда жасалған оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалардың қажеттілігі байқалды [4] .

Картамен жұмыс істеу оқушы ойын дамытады. Экскурсиялық, туристік, экологиялық іс-әрекеттер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі міндетім оқушыларға сапалы білім берумен қатар, пәнге деген қызығушылығын арттыру және ғылыммен ұштастыру. География пәнін оқытудағы алдыға қойған мақсатым «білім беру технологияларын пайдаланып география сабақтарында туған жерінің табиғаты мен рекреациялық орындарын зерттей оқыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу» [5].

Қазақстан халқының материалдық және мәдени өмірінің деңгейінің өсуі, өнеркәсіптің дамуы, мұнай мен газ байлықтарының меңгерілуі, тың жерлерді игеріп, жаңа шаруашылықтардың құрылыуы, сонымен қатар ауыл шаруашылықтың басқа салаларының дамуы, қайта құру кезеңіне дейін Қазақстан халқының санының ұдайы өсуіне әкеп соқты. Бірақ ол тек табиғи өсімнен ғана шектелмеді, Қазақстандағы басқа жерлерден халық қоныс аударды. Осының нәтижесінде курорттық-санаториялық емдеудің қажеттілігі өсті. Бірақ, егер біз емдеуге қажетті ғимараттардың салыуының және халықтың түрмыс жағдайы қажет ететін ғимараттарды салудың нәтижесін салыстырсақ емдеу ғимараттардың, яғни санатория мен курорттардың саны халықтың кажеттілігін қанағаттандырмайды.

Қазіргі кезде көптеген ғылыми зерттеулерде Қазақстан халқы көп ауыратын ауруларының түрлері анықталып, халқының жалпы денсаулығының деңгейі зерттелінді, сонымен бірге курорттық-санаториялық емдеудің кажеттілігі жағынан есеп жүргізілді [6].

Егерде біз қазақстандық курорттарға жалпы сипаттау жасасақ, ол біздің халқымызға тиімді және ұтымды болып келеді:

- Емделу жағынан жақсы нәтижеге жетуге мүмкіншілігі бар, яғни акклиматизация және реакклиматизация қажеттіліктері төмендейді.
- Біздің халқымызға өте тиімді болып келеді. Әрине біздің курорттардың тек «жағымдың жақтары ғана емес, сонымен бірге «жағымсызң да бар. Оны «жағымсызң деп атасақ, шынымен қажетсіз. Дәлірек айтсақ ол біздің курорттар мен санаторияларының дамуына кері әсер ететін процесс. Яғни, проблема болып табылады. Ол ең алдымен:

а) кейбір курорттық-санаториялар өз жұмыстарының тоқталуына;

б) жаңа курорттық ресурстар зерттелінбейді [7].

Қазіргі кезде көптеген қолданылып жүрген климаттық, бальнеологиялық және тағы басқа табиғи факторлар халықтың емдеу процесіне жақсы әсер етеді. Бірақ олар курорттық емдеуді толығымен алмасытра алмайды. Сонымен бірге, Қазақстанда жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, курорттық-санаториялық емдеуден қажет ететін адамның саны жылдан-жылға өсуде.

Қазақстанның курорттық ресурстарды зерттегенде, республикада 500-дей минералдық су бұлақтары, 78-ден аса балшык көлдер, 50-ге жуық климатты-емдеулік тұрақтары.

Қазіргі кезде республикалық профсоюздық құрамында 12 санаториялар, 2-емдеу пансионаттар, 6-демалыс үйлер және Алматы мен Көкшетау жөндеу құрылысы басқару ұйымдары кіреді [8].

Кесте 1 Еліміздегі санаториялардың профилі

Облыстар	Санаториялардың профилі						
	А	Б	В	Г	Д	Е	Жалпы
Оңтүстік	2	3	1	1	2	1	10
Орталық және Солтүстік	1	2	-	-	1	1	5
Батыс	1	1	1	-	-	-	3
Шығыс	1	1	1	-	-	-	3
Жалпы	5	7	3	1	3	2	21

Санаториялық-курорттық мекемелер және демалыс мекемелер Қазақстанның облыстарында жұмыс істейді, бірақ біздің табиғи-климаттық жағдайлары оларды көптен үйымдастыруға мүмкіндік береді. Емдеулік пункттар Қарағанды, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында кездеспейді. Қарағанды облысындағы құрамында темір бар минералдық сулар және көптеген балшық көлдер қолданылмайды.

Егемендікті алғаннан кейін республикада санаториялық-курорттық жұмысын жақсарту жөнінде бірталай жұмыстар өткізілді. Қазіргі кезде санаториялық-курорттық емдеу және профилактикалық шаралар арасындағы синтезі болып табылады [9].

Минералды суларды емдеу балшықтардың аппликацияларын сырттай қолдану терінің рефлексі байқалады; ал іштей қолдану механизмнің гуморальдық компоненттері бүкіл асқазан тракты бойынша рефлекторларымен бірге тығыз байланыста болады; организмнің гуморалды және рефлекторлы компоненттерде эндокриннің әсері өте үлкен. Олар организмнің физикалық факторлық әсерлеріне жауап қайтарады. Балшықпен емдеу кезінде бірқатар ферменттердің (каталаздар, оксидаздар, хоминастераздар және т.б.) активтілігі жоғарылайды [10] .

Сонымен курорттық-санаториялар емделудің тиімділігі ең алдымен ол адамның ағзасына қалайша әсер етеді.

Қазақстан көптеген курорттық орындарға бай. Курорттық жүйені ұйымдастыруға ғалымдар мен 200-ге жуық минералдық бұлақтар және емдеуші су орындары, оның ішіндегі 500-і, мысалға: термальды және субтермальді, әлсізрадондық және хлоридті-сульфатті-натрийлі, әлсізсілтілі сулар (Арасанқапал); әлсізминералданған күкіртті, натрийлі-карбонатты сульфатты сулар (Алма-Арасан); әлсіз минералданған гидрокарбонатты, натрийлі, әлсізсілтілі, жоғары термальді бұлақтар – құрамында миркоэлементтер кездеседі: алюминий, темір, марганец, молибден, мырыш және т.б. (Жаңақорған, Мерке, Сарыағаш) [11].

Сонымен қатар 78 балшықты көлдер және 50-ден аса климаттық емдеулік аудандар немесе зоналар республиканың облыстарында анықталды.

Қазіргі кезде Қазақстандағы дамыған курорттық зоналар – Алматы, Бурабай-Шучинк, Баянауыл, Қарқаралы, Сарыағаш, Жаңақорған, Сергеев, Шалқар және т.б.

Республикалық ғалымдардың зерттеу жұмыстарының арқасында бруцеллездың соңғы патологияны емдеу процессі зерттелінді. Емдеудің жоғарғы көрсеткіші – санаториялық-курорттарды байқалды. Алма-Арасанның биік таулы климаты Алматы климатынан суық жаз бен және жылы қыспен ерекешеленеді. Алма-Арасанға тән – жылы күндердің жиі және күн радиациясының жоғары болуы. Суы кремний қышқылы бар азминералданған, радиоактивтілігі минималды және күкірттісутектің кездеспеуі болып келеді [12].

Жаңақорған курорты Теріскен тұзды көлдің жағалауында Сырдария өзенінің бойында орналасқан. Курорт шөлейтті аймақта орналасқан, шөптесін өсімдіктер аз өседі. Климаты ТМД территориясындағы бурцеллозбен емдейтін балшықты курорттардан ерекшеленеді. Оған тән климат ыстық және құрғақ жаз, қатты желдер және жауынның аз жаууы. Көлдің балшығы

иловая, пластылы, құрамы жұқа, құрамында 120 мг күкірттісутек 100 г балшыққа болып есептелінеді. Теріскен көлдің рапа хлоридті-сульфатті-натрийлі-магнийлі.

Алама-Арасынның минералдық моншаларыда және Жаңақорған балшықтарымен емдеуге тек хронологиялық бруцеллезбен ауыратын адамдар ғана емделінеді.

Қазақстан аймақтарында емдік-сауықтыру туризмін дамыту шараларын жүзеге асырудың басым бағыттары: бірегей табиғи-ресурстық кешенді сақтау, шаруашылық және табиғи кешендерді құқықтық бақылау жүйесін қамтамасыз ету, табиғи-ресурстық әлеуетті сақтау және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту (емдік минералды ресурстарды сақтау, өндіріс және тұрмыс қалдықтары мәселесін шешу, атмосфералық ауаны қорғау, су нысандарын ластауды тоқтату, аймақтық орман шаруашылығын қолдау), бірыңғай экологиялық мониторинг кешенін ұйымдастыру, ұлттық туристік-рекреациялық сауықтыру кешендерін жылжытуға бағытталған мемлекеттік маркетингтік бағдарламаларды жүзеге асыру, шипажайлы-курортты кешеннің материалды-техникалық базасын жаңартуды және курортология саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді мемлекет бюджетінен қаржыландыру, шипажайлы-курортты кешеннің түрлі сауықтыру мекемелеріндегі орналастыру орындарының инфрақұрылымына салынатын инвестицияларға салықтық жеңілдіктер жүйесін енгізу, халықаралық нарыққа шығу шараларын дамыту, т.б. жатады [13].

Мектептегі «жаратылыстану білім саласын» құрайтын «Қазақстанның физикалық географиясы», «Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік географиясы» пәндерінің бүгінгі оқу бағдарламаларында оқушылардың патриоттық тәрбие негізінде рухани кемелденуіне мән берілгендігін көреміз. «Қазақстан географиясы» курсының негізгі мақсаты - оқушылардың өз елінің табиғи, әлеуметтік және экономикалық жүйесі туралы түсінігін қалыптастыру, оның табиғат жағдайлары мен мен ресурстарының әр алуандығын ашып көрсету [14]. Курсты оқып үйренудің нәтижесінде оқушылар еліміздің табиғи, әлеуметтік және экономикалық проблемаларына бағдар жасай білуі тиіс. Курстың негізгі идеясы - Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық қарым-қатынастар мәдениетін тәрбиелеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушыларды туристік-рекреациялық мүмкіншліктер арқылы патриотизмге тәрбиелеуде мектеп әрқашанда жоғары рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Даринский, А. В. Программа курса «География туризма» // География в школе. – 1994. – № 2.
2. Максаковский, В. П. Экономическая и социальная география мира. – М., 2002.
3. Максаковский, В. П. Методическое пособие для учителя «Экономическая и социальная география мира». – М., 2002.
4. Мироненко, Н. С., Твердохлебов, И. Т. Рекреационная география. – М., 1981.
5. Мироненко, Н. С., Бочкарева, М. М. Рекреационные системы. – М., 1986.
6. Тивяков, С. Д. Экскурсионные объекты экологического туризма в Кузбасе // География в школе. – 2001. – № 3.
7. Чермисин, П. А. Виды современного туризма // География в школе. – 2003. – № 6.
8. Хильченко, Л. Н. Практическая работа «Составление картосхемы основных районов международного туризма» // География в школе. – 2003. – № 4.
9. В.В.Краевский. Проблемного научного образования обучения методический анализ. М., 1999.
10. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Егемен Қазақстан. –2007. – 15 тамыз. – Б. 5 –8.
11. 13. ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 07.12. 2010.
12. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012 ж
13. Қазақстан Республикасы «Білім » туралы Заңы.- Астана, 2007.
14. М.Муханов. Методы обучения в современной школе. М., 2001

ӘОЖ 911:81’373.46

ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖІКТЕЛҮІ

Абдиманапов Б..Ш[1], Оспанов Е.Д.[2], Құмарбекұлы С.[3] *– г.ғ.д.,профессор[1], магистрант[2], докторант[3], С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп географиясында экономикалық-географиялық терминдердің жіктелуі қарастырылған.

1920-30 жылдары совет тіл мамандары техника терминдері туралы бірнеше құнды еңбектер жазғаны белгілі. Жалпы, терминдерді зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А.Реформатскийдің, В.Виноградовтың, О.Ахмановаың, И.Протченконың, Р.Будаговтың, К.Мұсаевтың, Л.Скворцовтың, В. Даниленконың, Т.Канделакидің, А.Сперанскаяның, И.Волковтың, М.Гасымовтың, т.б. зерттеуші-ғалымдардың атқаратын рөлі ерекше. Бұл жөнінде қазақ түрколог тілшілері мен мамандары: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдаров, М.Балақаев, Ш.Сарыбаев, Ә.Әбдрахманов, С.Исаев, Ө.Айтбаев, Б.Қалиев қазақ тіл білімінде маңызды ойлар қозғап, қазақ терминологиясының дамуына елеулі үлес қосқандарын атап кетуге болады. «Термин» деген ұғымның анықтамасына келетін болсақ, күні бүгінге дейін бұл туралы бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді [Ө.Айтбаев. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы.Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. 1988.86.].

«Термин» – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дифиниция сы бар сөз немесе сөз тіркесі [Прохорова Б.Н.1973, 40б.]. Ғылыми анықтағыш еңбек «Советский энциклопедический словарь» термин жөнінде келесідей анықтама береді, термин рим мифологиясында шекара құдайы және ол «шекара», «шек» деген мағынаны білдіретін латын сөзі. Термин дегеніміз арнайы ұғымдар мен арнайы құбылыстарды нақты белгілеу үшін жасалған тілдегі арнайы сөздер мен сөз тіркесі. [Ахманова О.С. 1966]. Қазақ Совет энциклопедиясында да негізінен осыған ұқсас анықтама берілген: «Термин - ғылым сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды нақты атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері [Қазақ Совет Энциклопедиясы Алматы, 1977, 86б.].

Тіл білімінің атақты мамандарының бірі А.А. Реформатский[1] термин мен терминология ұғымының теориялық мәнін ашып беруге тырысады. Ол термин, ұғым, сөз түсініктерінің өзара байланысы жөніндегі әртүрлі пікірлерді зерттей отырып, екі түрлі бағытқа мән береді: бірі – терминді белгілі бір затпен байланысты қарастыратындар, екіншісі – ұғыммен байланысты қарастыратындар. А.Реформатский терминді ұғыммен байланыстыра қарайтын бағыттың басым болып келе жатқанына аса назар аударады. Ол мұның, яғни, термин мен ұғымның өзара байланыстылығы әсіресе ғылымда анығырақ көрінетінін байқайды. Сөйтіп осы уақытқа дейін термин мен терминологияға беріліп келген анықтамалардың көп кемшілігі барлығын сынай отырып, терминнің жоғарыда сөз болған ерекшеліктеріне келесідей белгілерді қосады: термин емес сөздердің мән-мағынасы көбінесе контекс арқылы ашылып отырса, термин сөздер контекске тәуелді емес. Сонымен қатар, термин сөздерге көп мағыналық экспрессия жат екенін айтқан болатын. Термин анықтамасымен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Қ.Жұбанов та терминнің өзіндік өзгешелік сипатын дұрыс түсінбеушіліктен кеткен қателерге назар аударады [Жубанов К.О исследования по казахскому языку. Алма-Ата.1966. 273б.].

Байқап қарасақ, әрбір терминге берілген анықтама оны жеке-дара термин ретінде сипаттап, ерекшеліктерін анығырақ көрсетіп, мәнін ашады. Терминнің негізгі белгілері: бір мағынада қолданылуы, дәлдігі, қысқалығы, жүйелілігі. Термин сөздің термин болуы үшін, алдымен, оның дұрыс жасалынуы, содан кейін дұрыс жасалынған терминнің тілімізде кең көлемде қолданыс табуы тиіс.

Негізінен , термин жасау мәселесінде А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты екі принципті байқауға болады. Оның бірі және ең маңыздысы – термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша қолдана білу. А.Байтұрсынұлының еңбектері, әсіресе, оның «Тіл құралы» мамандардың назарын әлі күнге дейін аударып келеді, себебі, мұнда ол қазақ сөзін алғашқы рет жүйелі түрде терминдік мәнде қолданады. Осы алып тұлға қазақтың ұлттық ғылымы жолында өзіне дейінгіге көлеңке түсіріп, кейінгіге шам болып жанып, сәулесімен жол сілтеп тұрғандай болды. А. Байтұрсынұлы салған дара жол – ғылымды ұлт тілінде дамыту, ұлт тілінде сөйлету болды. Ғылым атаулары қазақ тілінде нақты анықтамаларын тапқанда ғана ғылымды қазақша сөйлете аламыз. Ал, ғылым атаулары ана тілінде жасалмаған жағдайда «ұлттық ғылым» тіркесі орынсыз.

А. Байтұрсынұлы жасаған әдебиет, тіл ғылымы атаулары мыңға жүк боларлық жаңалық, қазақ тілінің танымдық деңгейін жоғары көтерген, оның тиімділігін, бейімділігін, бейнелілігін, қала берді сөз байлығын жарқырата көрсеткен аса терең мағыналы құнды еңбек болатын [Ш. Біләлов «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері». Алматы. 1996.40 б.]. Біздерге күрмеуге келмейтіндей көрінетін қазақ тілінің мүмкіндігі шексіз екендігі, қай ғылым болса да, сөйлете алатындығы А.Байтұрсынов еңбектерін оқығаннан кейін айқын көрінеді. Ш.Біләловтың жоғарыда аталған кітабында «кезінде терминжасам ісіне мол пайдасы тиген тарихи документке» оның он принципіне талдау жасалады. Шарт бойынша «сословие», «состав,» «клетка», «слет» сияқты қазақ тілінде анықтамасы жоқ немесе терминнің қазақша нұсқасы бастапқы мағынадан ауытқитын болса, оны аудармай алған дұрыс деген принципке Ш. Біләлов та, біз де қосыла алмаймыз, себебі, баламасы жоқ сөз кемде-кем, оны еңбектеніп іздеп табу қажет. Ал, ол дегеніңіз – уақытты, көп ізденуді талап ететін ауыр жұмыс. Сол принциптің төртіншісінде «Әр түрлі жағдайда әр алуан мағынаны білдіретін мануфактура (саяси-экономикалық және тауартану мағынасында) продукт (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында) сияқтылар бір салада термин ретінде алынсын да, екіншіде жай сөз ретінде аударылсын» деген қағида дұрыс анықталмаған.

Экономикаға байланысты мануфактура – «өндіріс» деген ұғым, ал, продукт сөзінің аудармасы – өнім. Ал, бір сөзді аударып та, аудармай да қолдану, терминге тән жүйелілік белгісіне қарама-қарсы келеді. Алтыншы пункт бойынша, аударуға келетін терминдерді аударғанда, оның ғылыми мәні нақты берілуін қадағалау қажет. Аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері қатаң түрде сақталуы тиіс деген принципті қолдай отырып, «Макроэкономиканы» аударуда қолданған жеріміз бар. Оныншы пунктте де өте маңызды мәселеге мән беріледі.

Атап айтқанда, Ұлы Октябрьден бері, әсіресе, орыс тілінің сөзжасау тәжірибесінде қолданылып келе жатқан біріккен күрделі сөздер мәселесі әңгіме болады. Саяси экономия, ауатком т.б.тәрізді жаңа тіркесім терминдер қазақ тілі заңдылығына орай жасалды.

Экономикалық терминдерге келетін болсақ, олар сауда-саттықтың кең өріс жайып өркендеуіне байланысты ерте кезден-ақ қолданыла бастаған. 1913 жылы «Айқап» журналында экономикалық шаруашылық жағдайына байланысты мақалаларда базар, доход, тауар, план, өнеркәсіб т.б.сөздер кездеседі. Халқын дамыту, қазыналық доходты арттыру, құрал ақша көбейту, халқын оқулы қылу жолында еш нәрседен қорықпады, шаршамады [Айқап. 1912.N13.289-6.]. Бұл жердегі доход сөйлеу тіліндегі қолданысынан гөрі тұрақтылық, ресми мағынасы байқалады. Доход экономикадағы жалпы түсім, пайда емес, мемлекеттің тұрақты қоры мағынасында жұмсалып тұр. Бұрын шет патшалықтардың істеген мата тауарларына мұқтаж екенін көрсетеді [Айқап,1913.N9.1916].

Кейінгі кездердегі мерзімді баспасөзде тіркес құрамындағы сөздердің арасы жақындап, бірігіп кетті, соның салдарынан «hөнер кәсіб»-өнеркәсіп тұлғасына өзгеріп, біріккен сөз болып кетті. Тіл ғылымы саласында лексикологияның бір тарауы-лексикография-сөздіктердің жасалуына байланысты сөздер, терминдер зерттеліп, белгілі бір ғылыми жүйеге түсті. 1936 жылы басылып шығарылған «Қазақ тілінің терминдері» деген кітапша латын әліпбиімен жазылған. Оған 1600 экономикалық термин кірген: Валовая прибыль – Barliq өnim, Выработка – өnim, выручка – tysim, маклер – deldal, прибыль – najda, реклама – reklam, рента – renta, ссуда – qarьz, товар – tavar. Кейін, 1962 жылы Әбдіров М., Құлқашев Т., Долыбеков С., экономика

терминдерінің орысша-қазақша сөздігін құрастырды[2]. 1974 жылы «Қазақстан» баспасынан М. Әбдіровтың «Қазақша экономикалық сөздігі жарыққа шықты. Ол – қазақ тілінде тұңғыш рет жасалып, жарыққа шыққан қысқаша экономикалық түсіндірме сөздік. Оған академик С. Бәйішев редакциялық жасаған. Жалпы, 406 сөздер мен сөз тіркестері қамтылған.

Мырзаберген Малбақов «Қазақ сөздіктері» деген еңбегінде ғалым апамыз Р. Сыздықованың қазақ лексикографиясының негізгі мәселелерін жан-жақты сөз ететін көлемді мақаласында, сауда капиталына байланысты терминдерді білдіретін сөздер ретінде: өсім, аренда, өсімші, сүтқор – банкир, пайда – прибыль, борыш, қарыз – заем, долг, кіреу – заклад, бексель – вексель, задетка – задаток, сома – капитал, дүкен – магазин, мүлленшік – миллионер, саудагер – торговец, залал – убыток, баһа – цена секілді аудармалары бар, – дейді [М. Малбақов. Қазақ сөздіктері.Алматы. «Ана тілі». 1995]. Ешмұхамед Букиннің сөздігінде көрсетілген атаулар барлығына жуығы кездеседі, бір ғана айырмашылығы – қарыз сөзінің орнына «несие» қолданылған.

Р. Сыздықова термин жасау жайында «Қазақ қоғамы өміріне жаңадан еніп жатқан құбылыстар мен ұғымдардың атауын жасауда өткен ғасырдың өзінде-ақ, қазақ тілі өз ресурстарына иек артқаны білінеді», – дейді Малбақов [Қазақ сөздіктері. Алматы.1995].

Белгілі ғалым З.Г.Гак түсіндірме сөздіктерді екі типке бөліп қарастырады: а) әдеби – түсіндірме сөздік; ә) түсіндірмелі – энциклопедиялық әмбебап сөздік [Гак 1988, 125].

Ғалымның пікірі бойынша, әдеби – түсіндірме сөздікте мысалдар толығымен белгілі авторлардың шығармаларынан алынады. Ал, түсіндірмелі – энциклопедиялық әмбебап сөздікте ондай мысалдар қажет болған жағдайда ғана келтіріледі. Сөздіктің мұндай типінде көбінесе сөз тіркестерін, құрастырма мәтіндерді пайдалану жолымен бірліктің энциклопедиялық, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық аспектілері кеңінен ашылады.

Бұл жіктеме негізінен дұрыс болғанымен, іс жүзінде таза әдеби – түсіндірмелі сөздік кездеспейді. Кезкелген түсіндірме сөздікте белгілі бір дәрежеде қосалқы энциклопедиялық, этнографиялық, басқа түрлері материал болады.

Өткен ХХ ғасырдың соңғы ширегінде әлемдік лексикографияның дамуында жаңа үрдіс байқалды[3]. Ол тілдегі атауларға, ұғымдарға қатысты деректерді түгел қамтуға ұмтылатын әмбебап сөздік жасауға талпыныс болатын. Дүниедегі сөздік жасау ісінің ең озық үлгілерінен саналатын француз тіліндегі “Ларусс” және “Робер” сөздіктерін, “ағылшын тілінің Оксфорд сөздігін”, американдық ағылшын тілінің Н.Уэбстер сөздігін, осындай әмбебеап сөздік жасаудың алғашқы тәжірибелеріне жатқызуға болады.

Алғашқы кезеңде әмбебаптандыру ісі тілдік деңгейде басымдау жүргізілді.

Мәселен, француз тілінің бір томдық түсіндірме сөздігі “Кіші Робердің” құрастырушылары сөздің толық семантикалық құрылымын берумен, әдеттегі түсіндірме сөздікте келтірілетін деректерді берумен бірге сөздің түрлі мағыналарына байланысты оның синонимдерін, антонимдерін береді, сөздің этимологиясын, алғаш рет қолданысқа ену уақытын, тіркесімділік қабілетін, қолданыстағы қиындықтарын келтіреді. Сонымен қатар, әдетте идеографикалық сөздіктерде берілетін материалдарды ққамтып отырады. Яғни бұл тәрізді сөздіктер әрі түсіндірмелі, әрі орфографиялық, орфоэпиялық, этимологиялық, әрі идеографиялық, әрі синонимдер мен антонимдердің сөздігі қызметтерін қоса, бір-ақ атқарады. Мұндай сөздікті әмбебап сөздік деп атауға болады [Гак 1988, 120].

Әмбебап түсіндірме сөздіктер негізінен таза лингвистикалық деректерді қамтитын әмбебап сөздік түріне жатады.

Еңбектің төртінші тарауындағы параметрлерге қатысты мәселеде қазіргі кезеңдегі түсіндірме сөздіктің міндетті параметрлері мен қосалқы, факультативті параметрлері жайында сөз болған еді.

Міндетті параметрлер ретінде: *сөздік бірліктің жазылу емлесі, айтылу ерекшеліктері, сөз табы мен ішкі категориялық бөлінісі, стильдік, семантикалық ерекшеліктері, фразеологиялық және синтаксистік тіркесімдігі, сөзжасамдық қабілеті, оның синонимдерін, антонимдерін көрсету* тәрізді мәселелер аталған болатын.

Аталған параметрлердің бірқатары, атап айтқанда, синтаксистік тіркесіділік пен сөзжасамдық қабілет және лексикалық бірліктердің синонимдері мен антонимдерін көрсету

бұрынғы дәстүрлі түсіндірмелі сөздікті активтендіруге жасалған қадамдар болып табылады. Демек, *аталған параметрлерді қамтитын сөздікті әмбебап сөздік деуге болады.* Әрине, әмбебап түсіндірме сөздіктердің түрлері өте көп. Елдегі Тіл білімінің жекелеген салаларының, әсіресе лексикографияның даму деңгейіне, мемлекеттік тіл саясатына, мемлекеттік тілдегі түсіндірме сөздіктерге деген сұранысқа, т.б. көптеген жағдайларға байланысты олардың әмбебаптық дәрежесі әртүрлі болмақ.

Еңбекте сөз болған қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері негізінен бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздіктер типіне жатады. Сол себепті аталған түсіндірме сөздіктерді активтендіру олардың базалық негізіне қайта құрастырма жасау мәселелерінде көптеген қиындықтар кездеседі.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері кезінде Кеңестер одағындағы лексикографиялық еңбектер арасында үздік туындылардың қатарында болғаны анық. Әсіресе түркі тілдері арасында қазақ сөздіктеріне тең боларлықтай түсіндірме сөздіктерді кездестіру қиын болатын десек, артық айтқандық болмас.

Белгілі саяси жағдайларға байланысты Кеңестер одағындағы лексикография әлемдік лексикографиядан оқшауланып, дербес даму жолына түсті. Соның нәтижесінде әлемдегі лексикография саласындағы тың шешімдерге, жаңа бағыттарға жеткілікті дәрежеде назар аударылған жоқ. Сондықтан да кезінде Одақтың маңдай алды туындыларын жасаған қазақ сөздікшелеріне бұл мәселеде тосын жерден кінә тағу әділетті болмайды.

Бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздіктің құрылымын өзгерту үш түрлі жолды таңдауға болады. Біреуі – сөздік түзу ісінде алды-артымызға қарамай, бірнеше қадамдық жерді бір-ақ аттап, секіртіп, қарқынды түрде, революциялық жолмен жүріп барып, әлемдегі лексикографиялық туындылардың алдыңғы көшіне ілесу. Екінші жол – кемшіліктер біртіндеп жойылып, жаңалықтар бірте-бірте енгізіліп отыратын эволюциялық даму жолы. Эволюция жолымен жақсы әмбебап түсіндірме сөздік жасау үшін, мәселен, тілімізде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктердің, омонимдер, синонимдер, антонимдер сөздіктерінің даяр екендігін ескергеннің өзінде, ең кем дегенде, толық *этимологиялық сөздіктің, дифференцияланған тарихи сөздіктің, этнолингвистикалық сөздіктің, ассоциативтер сөздігінің, кірме сөздер сөздігінің, лексикалық және грамматикалық тіркесім сөздіктерінің* жасалуын күтуге тура келеді.

Үшінші жолы – осы екеуінің аралығындағы жол. Қазақ лексикографиясы үшін осы соңғы жолмен жүрген ыңғайлы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аяпова Ж.М., Арынов Е.М. // Іскер адамның орысша-қазақша экономикалық түсіндірме сөздігі . Русско-казахский толковый экономический словарь предпринимателя // . 1993. – 320 б.
2. Ақшалова Б.Н. Макроэкономика. Білім. 1997. (Аударма).
3. Душина И.В., Таможняя Е.А., Пятунин В.Б. Методика и технология обучения географии в школе. М.: Астрель, 2004. – 206с.

ӘОЖ 37.09:57

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУ

Абилмажинова Асем Чаймуратқызы. *Биология пәні мұғалімі Өскемен қаласы әкімдігінің «Ш.Уалиханов атындағы №3 мектеп-лицейі»*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын бағдарламалық мақаласында туған жердің табиғатын, оның байлығы мен әралуандылығын сақтау жайында айтқан болатын. Туған жердің табиғатын танып білу, оны қорғау болашақ ұрпақтың қолында. Болашақ ұрпағымыз бүгінгі біз оқытып отырған оқушыларымыз. Ал оқушыларымызға кіші Отанға деген махаббат сезімін ұялату біздің қолымызда. Аймақтық компоненттерді пайдалану сабақты жетілдіре түсуге бүгінгі таңда жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Биология сабақтарында жергілікті материалды тиімді пайдалану білімнің күнделікті тұрмыспен байланысын арттырады. Туған өлке ерекшелігімен танысып, оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына көмегін тигізеді. Биология сабақтарында аймақтық компоненттерді қолдану арқылы, оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру. Сол арқылы мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында экологиялық білім, тәрбие құндылықтарын насихаттау. Аймақ компоненттерін сыныптан тыс жұмыстарға кеңінен қолдануға жол ашу.

Осыған орай биология пәнін оқытуда жергілікті жер материалдарын күнделікті сабаққа пайдалануда мен өз іс-тәжірибемде қолданып келемін. Оқушыларға экологиялық биологиялық білім беруде аймақтық компоненттерді нақты пайдалануды жүзеге асыру үшін төмендегідей мақсаттар алдым:

1.Оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердің табиғатына деген құрметін арттырып, патриоттық сезімін ояту.

2. Аймақтық компоненттерді пайдалануда оқушылардың экология туралы көзқарастарын дамыту. Экологиялық сауаттылығын арттыру.

3. Оқушылардың осы қосымша мәліметтер алуы арқылы танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, біліктіліктерін кеңейтуге мүмкіндік туғызу. Пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды табиғат сұлулығын көріп, тани білуге, яғни экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.
2. Оқушылар бойында қоршаған ортаны қорғау және онымен жарасымды қатынас жасауда оның өмірлік көзқарасын қалыптастыру, яғни азаматтық, әдептілік тәрбиесін беру.
3. Әртүрлі өндіріс саласында мектеп бітірушілерге жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды игеруге болатындай экологиялық білім беру яғни, экологиялық ғылыми білімнің іргетасын қалау.

Аймақтық компоненттерді пайдалануда оқушылар зерттеу жұмыстарын, тәжірибелер мен қосымша мәліметтермен жұмыс жасайды. Топтасып, жекелей тапсырмалар орындап, презентациялар жасау арқылы білімдерін бекітеді. Аймақтық компонент туралы мәліметтер жинақтау кезінде оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың өзіндік ізденісі артып, шығармашылық жұмыс істеу қабілеті дамиды. Жергілікті жер материалдарын қолдану біріншіден оқушының қызығушылығы арттырып, туып-өскен ортасын аялап, теориялық біліммен ұштастырса, екіншіден оқушыға берілетін экологиялық білімнің мәнін қалыптастырады

Туған ортасының таибғатын, өсімдіктері мен жануарлар әлемін қорғау, оны бағалау, барын мүмкіндігіне қарай тиімді пайдаланса адам баласының саналылығы мен сезіміне, адамгершілігі мен өскен ортасына байланысты. Осы тылсым дүниенің қыры мен сырын білу үшін алдымызда отырған ұрпаққа білімді жоғары деңгейде жеткізу , үйрете білу ерінбей еңбектену біздің борышымыз.

Аймақтық компоненттерді танып білу көп жағдайларда сыныптан және мектептен тыс жерлерде өткізіледі. Сондықтан да жергілікті жердің табиғатын оқушылар өте жетік білулері қажет. Аймақтық компоненттерді пайдаланған кезде ең үлкен жетістік- айналаны, қоршаған сыртқы ортаны қорғаудың қажет екені бірден айқындала түседі. Өзінің туған өлкесінің биосферасын сүю, оны аялау, қорғау туған жеріне тек қана экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы өлкетану материалдарын пайдалана отырып жүргізгенде ғана айтарлықтай қорытындылар алынады

Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын және экологиялық құзіреттілігін қалыптастыруда білім беру жүйесінің рөлі ерекше. Жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларына экологиялық білім мен тәрбие берудің деңгейін арттыруда аймақтық компоненттерді пайдалану ерекше рөл атқарады. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде экологиядан білім мен тәрбие беру үшін өлкетану материалдары кең көлемде қолданылады.

Оқушылардың аймақтық компоненттер туралы мәліметтерді жинақтауы олардың ізденісін арттырды. Оқушылардың шығармашылық жұмысы артты. Атап аитатын болсам, оқушыларым бірнеше жыл қатарынан ғылыми жоба жазуда аймақтық компоненттерді пайдалана отырып қатысты. Кешегі өткен дәстүрлі аймақтық экологиялық биологиялық конференциясында Оқушым Алиева Асем Алтай ботаникалық бағындағы дәрілік өсімдіктер тақырыбында ғылыми жобасын қорғап 3орынды иеленді. Оқушы өлкеміздегі дәрілік өсімдіктер, соның ішінде Қызыл кітапқа енген түрлері жайлы мәлімет жинақтап, азайып бара жатқан түрлерін анықтап, оны қалай қолдан өсіру арқылы көбейтіп, түрлерін сақтап қалуға болатыны жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Және де оқушыларымыз жыл сайынғы дәстүрлі «Сәлем құстар!» орнитологиялық акциясының барлық кезеңдеріне белсене қатысып, өлкеміздің құстар дүниесімен танысып, Қызыл кітапқа енгізілген енген құстар жайлы мәліметтер жинақтап, қыс айлары көлемінде қыстаушы құстарға жем салғыштар жасап,қоректендіруі, Жыл құстарын қарсы алып жасанды ұялар ілуі бұл да оқушылардың өз өлкесіне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Оқушыларымыз жыл көлемінде Экобиоорталығының ұйымдастыруымен өткізетін барлық шараларда осы биология сабағында аймақтық компонентті оқудағы алып жатқан білімдері мен шығармашылық дағдыларын көрсетеді .

Бағдарламаға сүйене отырып, әр сыныпқа аймақтық компоненттер туралы білім беру мақсатында күнтізбелік жоспар жасалынды.

Кесте 7-сыныпта Биология пәнінің аймақтық компонентін жетілдірудің үлгі жоспары

Р/с	Бөлімдер	Аймақтық компонент
1	Экожүйелер	ШҚО экологиясы ШҚО қорықтар
2	Тірі ағзаларды жүйелеу	ШҚО флорасы мен фаунасы
3	Жасушалық биология	Өлкеміздің топырақ құрамы. Химиялық элементтері
4	Заттардың тасымалдануы	ШҚО өсетін жоғары сатыдағы өсімдіктер туралы
5	Тынысалу	Тыныс алу мүшелеріне экологияның әсері
6	Бөліп шығару	Зәр шығару мүшелеріне экологияның әсері
7	Көбею. Өсу.даму	ШҚО гүлді өсімдіктері

Таңдалған тақырыпқа негізделген тапсырмалардың көбі оқушылардан шығармашылық, танымдық, ізденімпаздық іс-әрекетті талап етеді. Тірек сөздермен сөз құрау, әңгімелеу, сурет салу, альбом, буклет жасау жұмбақ құрастыру, т.б. сияқты жұмыс түрлері енгізілді.

Берілген жұмыс түрі тақырыпты меңгеруге бағытталған.Тапсырмалар сыныпта орындалады немесе үйге тапсырма беру арқылы іске асады. Сыныптан тыс тапсырмаларды орындауда табиғатқа саяхатқа шығару, таным жорықтар ұйымдастыру арқылы оқушылардың табиғат сырларын тануға, сезінуге деген қызығушылығын оятамыз. Сондықтан да біз өз өлкеміздің қадір-қасиетін ұқтырып, дәрілік өсімдіктерін,жануарларын, балықтарын. Аң құстарын зерттеу арқылы оқушыларға туған жерімізді танытамыз.

Қорытынды ойымды К.Маркстің мынадай сөздерімен аяқтағым келеді. Табиғат – сұлулықтың өмір бақи таусылмас қайнар көзі. Сондықтан да ол эстетикалық тәрбие берудің ең

маңызды құралдарының бірінен саналады. Ал бұл экологиялық тәрбиемен іштей жалғасып, табиғаттың күйзеліп, күйреуіне қарсы тұратындай адамның қалыптасуына ықпал етеді. Қандай жұмыстың болса да экологиялық жағы есепке алынбаса, табиғат пен адам арасындағы зат алмасуды заңды түрде үйлестіріп отыратын еңбекке үйрету мен тәрбиелеу саласында орны толмас олқылықтар пайда болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Редкие и исчезающие виды растений Казахстанской части Алтай-Саянского экорегиона» Информационный проект. Усть-Каменогорск. 2008
2. Катон-Карагайский государственный национальный природный парк. Сборник. Усть-Каменогорск. 2008.
3. «Жасыл әлем сырлары» Қ. Сыбанбеков. Алматы: Рауан, 1990
4. «Жас алаш» газет басылымдары. 2003-2010 жж.
5. «Биология және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналдарының басылымдары 2011-2012 жж.
6. Экология Г.С Оспанова Г.Т Бозшатаева. - Алматы: 2002ж

ӘОЖ 634.11:37.09:57

СИВЕРС АЛМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МЕКТЕПТІҢ БИОЛОГИЯ КУРСЫНДА ҚОЛДАНУ

Алемсейтова.Ж.Қ магистрант, Қуанышбаева М.Ғ б.г.д, Сапарова Г.С. б.г.д,
«Шәкәрім атындағы университет» КеАҚ, Семей қаласы

Кіріспе: еліміздің өсіп-өркендеуі «Ұрпағымыз білімді болғанда болашағымыз бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы болып табылады [1].

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу басты міндет [1].

Тақырып өзектілігі: тақырып өзектілігінде біздің жұмысымыздың мақсаты жаратылыстану пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесімен биологияны оқыту құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарламамен жүзеге асады. [1].

Тақырыптың мақсаты: Сиверс алмасының *Malus sieversii* ерекшеліктерін мектептің биология курсында қолданудағы тақырыптың мақсаты- жаңартылған білім берудің маңыздылығын ескере отырып, біз өз жұмысымызда мектеп оқушыларына табиғаттың ерекше құнды нысаны ретінде Сиверс алмасының *Malus sieversii* ерекшелігі туралы тереңірек мәліметтер беру мақсат етіледі. [2].

Сиверс алмасының *Malus sieversii* ерекшелігі туралы 1793 жылы орыс ботанигі Иоганн Сиверс Үржар өзенінің аңғарларындағы орман ішінде өскен жабайы алмаға бірінші болып сипаттама жазғаны, орыс ботанигі К.Ф.Лебедур 1844 жылы Тарбағатайда болған кезінде осы Сиверс алмасына толық сипаттама беріп, 1929 жылы орыстың ұлы ғалымы Н.И. Вавилов Орталық Азияға экспедицияға шығу барысында Қазақстанның оңтүстік шығысын - «жабайы алма орталығы», - деген болжам айтқанын, кейін бұл болжам академик Аймақ Жанғалиевтің, сондай-ақ оның көптеген шетелдік әріптестерінің көп жылдық еңбегінің нәтижесімен расталғанын, осы Қызыл кітапқа енген, жойылып кету қаупіндегі Сиверс алмасын *Malus sieversii* қорғау үшін Тарбағатай өңірінде Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи парктің құрылғанын оқушыға жеткізе отырып, ерекшелігін сипаттаймыз. [6].

Сонымен қоса алманың таралу орнын сипаттай келе оның шығу тарихын баяндаумен қоса карта, көрнекілік құралдарды, слайд, фотосурет деректерін қолдану арқылы Сиверс алмасының *Malus sieversi)* пайда болуы тарихына, географиялық орналасу орнын түсіндірумен тарих және география пәнімен тығыз байланыстырамыз, және оқытылған деректермен оқушы жан-жақты түбегейлі қанығып, мағлұматты болады.

Сиверс алма ағашы басқа ағаштар мен бұталардың сирек кездесетін түрлерімен (ледебур бадамы, бөрі жидек және т.б.) және шөптесін өсімдіктерден (бозғылт түсті шетен, қар дәуаяқ, инелі кекек, желбезекше ледебуры және т. б.) қауымдаса өсетіні туралы да сипаттама беру арқылы оқушы бір Сиверс алма ағашы туралы біліммен тежелмей, басқа да өсімдік қорын сақтау керектігін, өсімдіктердің негізгі қорғалатын түрлері Сиверс алмасы, ледебур бадамы, мойыл, көктерек, қызыл шаңкіш, итмұрын, долана болып табылатыны жайлы біліп, Сиверс алмасының биологиясы мен таралуын толық мәнерлеп, алма ағашымен қауымдасып өсетін өсімдіктермен де толық таныстырылады. [7].

Сиверс алмасына *Malus sieversii* берілген осы сипаттамалар: биологиясы, таралуы, географиялық орналасу орны, шығу тарихы, басқа өсімдіктермен қауымдастығын негізге ала отырып, слайд қолдану арқылы аумақты жүргізілген далалық зерттеулерді мысалға келтіре отырып тарихпен ұштастырып, Шығыс Қазақстанның жабайы алмасы туралы алғашқы мәліметтерді XVIII ғасырда өмір сүрген Императорлық ғылым академиясының мүшесі, ғалым – аптекар Иоганн Сиверс әшкере еткені жайлы, алғашқы зерттеген ғалым атының негізіне қарай, бүгінгі күнге дейін жалпы жабайы алма атауының Сиверс *Malus sieversii* болғанын терендете оқыта отырып, білім берудегі нәтижені, сапалы, дәйекті оң бағаға жеткіземіз. [6].

Алманың таралу аумағы Тарбағатай ауданының Үржар өзенінің жоғарғы жағында Семей облысы Үржар ауданы шегінде орналасқанын, биологияны оқытуда үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан: ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау кезінде оқушылардың коммуникативті қарым-қатынасқа түсіп, жеке, жұппен, топтық жұмыс жасауға дағдыландырып, өз ізденістерін күшейте отырып сабақты меңгертеміз. Тиімді әдіс- тәсіл сапалы сабақ кепілі. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс –тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты [3].

Бұл мақаладағы әдісті «Биология» пәні бойынша 6 сыныптың оқу бағдарламасында қолданып, қолдану мақсаты оқушылардың өзіндік ізденіс дағдыларын үйренуі туралы ой-пікірлерін білу, меңгерген тақырыпты талдай және бағамдай білулері талап етіледі. Қолданылатын әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуімен байланыстырылады. Оқушылар әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділігі артады, негізгі материал игеріледі. Биологияны оқыту үдерісінде, әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуына мән беріп, сабақта қолданылатын үлестірмелі материалдың болуын, қай әдісті қолданғанда да оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін міндетті түрде ескеру қажеттілік етеді. Жаңартылған оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін, оларға білім берумен қатар: мәдени алмамен ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, салыстыру, сәйкестендіру, талдау, жинақтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуге қалыптастырады. [3].

Биология пәнін оқытуда жаңа білім беру бағдарламасымен Сиверс алмасы *Malus sieversii* - Орталық Азия және Қазақстан тау аумағында саны қысқарып бара жатқан Қызыл кітапқа енген жабайы алма түрі екендігін оқушылар түйсігіне түйіп, бұл алма әлемдегі барлық алма сорттарының атасы болып табылатынын, қазіргі барлық алманың мәдени сорттарына бастама берген осы жабайы Сиверс алмасы *Malus sieversii* екенін зерттеу жұмыстарын қолдана отырып, келешектегі химия пәнімен байланыстырып, алманың химиялық құрамын меңгеріп, адам ағзасына қажетті тағамдық жеміс екенін оқытумен биологиядан кейін оқытылатын анатомиям пәнімен де байланыстырылып, анатомия пәнінің мағынасы мен ол пәннен алатын білім негізі саласына оқушы түйсігінде фундамент қалыптасады.

Сол сияқты алма ағашы географиялық таралуы жағынан тау жотасының 3100 м биіктігінде континентальды климатта таралатынын меңгергенде, оқушы ауа-райы температурасын ажыратып, сараптап жылдың төрт мезгілін пайымдауды үйреніп, Сиверс алмасы таралған Жетісу Алатауы мен Тарбағатай тауын салыстыра отырып климат ерекшелігін ажырататын болады [7].

Таралуы жағынан алма ағашы Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысындағы тау сілемдеріндегі тау беткейлерін бекітуші, екі тау өкілі болып саналатынын, оқушы өзі үзіп жеп

жүрген көптеген мәдени алма сорты жабайы Сиверс алмасының туысы болып табылатын ерекшелігін биология пәнінде ашып көрсетіп оқытқанда, жаңа тақырыпты меңгеруге оқушының қызығушылығы артып, алманың орналасқан орны, таралу аймағын түсінген оқушы білімін география пәнімен байланыстырып, түрлі ойын тәсілдерді, қолда бар материалдарды тиімді пайдалану арқылы оқушыға сабақты меңгерту жолымен тақырыптың мақсаты толық ашылып, нақтыланып, терең ұғынықты бір жүйемен білімдері тереңдетіледі. [3].

Мысалы: «Сен маған, мен саған», «Сұраққа жылдам жауап», «SVOT», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Шырша немесе фишбоун», «Сұхбат алу», «Мұғалімге хат жазу» әдіс-тәсілдерін қолданумен, оқушылардың үй тапсырмасына дайындығы мен жаңа тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

1-ші: «Сен маған, мен саған» әдісі- арқылы оқушының үй тапсырмасына дайындығы тексеріледі.

2-ші: «Сұраққа жылдам жауап» әдісі- тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аудару, ой-өрісін дамыту үшін сұрақтарға толық жауап алу мақсатында қолданылады. Мысалы:- «Жанат, Саянның жауабын қалай толықтыруға болады?» «Нұрлан, Ақеркенің жауабы дұрыс деп ойлайсың ба?», «Темирлан, айтылған барлық жауаптарды қалай біріктіріп, қорытынды шығаруға болады?», жалпы сұрақ «кімнің тағы алып-қосары бар?»- деген сияқты сұраққа жылдам жауап әдісін қолдану;

3-ші: «SVOT» әдісі- оқушының өзін және өзге топ білімін бағалауға үйретіде қолдануға өте тиімді, бұнда «Көршіңмен сырлас»-деп тапсырма беру арқылы бұл әдіспен оқушылардың өз ойларын ауызша білдіртуге үйретеміз. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріп, жылдамдыққа, уақытты тиімді пайдаланып, өз ойын көрші оқушымен бөлісіп, ақылдасу арқылы бірлесіп жұмыс істеуге жаттығады;

4-ші: «Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі- бұл әдісте топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады;

5-ші:«Шырша немесе фишбоун» әдісі-бұл әдіс оқушыларды Сиверс алмасының *Malus sieversii* ерекшелігін, мәдени алмамен салыстыра отырып ашып оқытудағы көлемді тақырыпты бірнеше айырмашылығы мен дәлелдемесін келтірілген шағын тақырыпшаларға бөлуге үйретеді;

6-шы:«Сұхбат алу» әдісі-ортаға үш оқушы шақырылып, екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбаттасады, ал үшінші оқушы түсінгенін әңгімелеп береді;

7-ші: «Мұғалімге хат жазу» әдісі- бұл әдісте оқушылар сабақ соңында өтілген тақырып, Сиверс алмасының *Malus sieversii* ерекшелігі бойынша сұрақ қояды немесе түсінбеген, түсініксіз сұрақтар бойынша ұсыныстарын жазады;

Ал өткен тақырыпты қорытындылауда, **«Эссе жазу» әдісімен-** оқушы 5 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жаздырту арқылы сабақты қорытындылау өте тиімді әдіс тәсілге көшуге болады. [1].

Қорытынды: жаңартылған оқыту бағдарламасы арқылы, түрлі әдіс-тәсілді қолданып жаңа тақырыпты әр пәнмен байланыстырып, топпен біріге жұмыс істеумен сыныптағы барлық оқушы сабаққа қатыстырылып, тақырыпты толық меңгеріп, Сиверс алмасының (Malus sieversii) құрып кету қаупі барын түсінген оқушы елінің де, жерінің де патриоты болып, табиғи құндылыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке биология пәнін түбегейлі меңгеру арқылы қол жеткізеді.[1]

ӘДЕБИЕТ

1. www.strategy2050.kz;
2. Мырзабаев А.Б., Биологияны оқыту әдістемесі, Қарағанды, 2006
3. С.Г.Мамонтов, В.Б. Захаров, Н.И.Сонин, Ә.Қ.Қисымова «Биология. Жалпы заңдылықтар». Оқулық, А.2006.
4. 8. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2002.
5. Қазақстан флорасы (тт. 1-9) // Алма-Ата: Изд. Қазақ КСР ҒА, 1956-1966 ж 58-59 бет.
6. Мамаев С. А. СССР-да орман ағаш тұқымдарының гендік қорын сақтаудың негізгі принциптері // табиғи флораның гендік қорын қорғау. Новосибирск, Ғылым, 1983. 28 бет.

7. Степанова Е. Ф. "Тарбағатай жотасының флорасы мен өсімдіктері" // Алматы, 1962 ж. 76 бет.
8. "ТЕРРА"қашықтықтан зондтау орталығы"ЖШС-" Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі " //жобасы. Алматы, 2014 ж. 9-14 бет.
9. Шығыс Қазақстан облысының орман шаруашылығын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі ережелері. // Алматы, 1989, 41 бет.

ӘОЖ 37.09:502/504

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ-БЕРУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманжолқызы Нұргүл *- Қосымша білім беру педагогы, Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-зерттеу экобиоорталығының» әдіскері*

Дүние жүзінде болып жатқан пандемия - саясаттың, экономиканың және білім беру жүйесіне де өзгерістер әкелуде.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық, шығармашылық тапсырмаларды орындауға талпындыру. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер *интерактивті* деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру деңгейін қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интерактивті оқыту қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді.

Интерактивті оқыту әдістерін тиімді пайдаланып, алға қойған мақсатқа жету үшін, белсенді оқытудың өзіндік талаптарын есепке алып, алғышарттарын қанағаттандыру керек.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, интерактивті оқытудың нәтижелілігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде студенттердің топтық жұмыс ережелерін қабылдай отырып, нақты мақсаттар қоюға үйренуін, оқу топтарының жасақталып, қажетті оқу кеңістігінің қалыптасуын, ал табыстылығының ішкі көрсеткіштері ретінде студенттердің таным белсенділігі артып, жаңаша оқуға дайындықтарының жетіліп, өзара әрекеттесу дағдыларының дамып, ынтымақтастық ұжымның қалыптасуын айтуға болады. Жалпы алғанда, интерактивті оқытудың басты шарттары қауымдастық пен бәсекелестік болып табылады.

Психолог-ғалымдардың айтуынша, оқушы білімді төрт түрлі жағдайда алады екен: дайын білімді қабылдап алу, зерттеу барысында жаңалық ашу, әр түрлі жағдайда әсерді сезіну және синтез арқылы бүйым құрастыру немесе өнім жасау. Интерактивті оқыту әдістері рольдік ойындар арқылы әр түрлі жағдайда әсерді сезінуге жол ашады, әр түрлі білімдерді синтездеу кезінде шығармашылық өнім жасауға жағдай жасайды, дегенмен түрлі ситуациялар мен мәліметтерді талдап, сараптап, зерттеу барысында жаңалық ашуға көбірек мүмкіндік береді.

Топтың сандық құрамы оқыту немесе өзара әрекеттестіктің сапасын анықтамайды. «Өзара әрекеттестік» әдісінің өзекті ерекшелігі – ол АШУ ҮРДІСІН білдіреді, оның мәні – оқыту дағдыларын өзара әрекеттестік арқылы меңгеруі.

Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында оқытушы мен студент арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «*интерактивті»* деп атаймыз. ***Интерактивті* сөзі** – ағылшын тілінен аударғанда, *inter* – аралық, бірнеше, *action* – әрекет дегенді білдіреді. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл *интерактивті әдістің* мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті оқыту әдістерін қолдануда, тек ақпарат беретін және өздерінің қатысуынсыз берілген тапсырмаларды оқушылардың есте сақтауы нашар болады. Зерттеулердің «біз қолымызбен істегеннің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, естігеніміздің 10 пайызын ғана есте сақтаймыз» деген қорытындысын жиі естиміз.

Біздің тәжірибе соның дәлелі. Шахмат ойнауды меңгеру үшін, оны қалай жасау керектігін біреудің түсіндіргені немесе оны кітаптан оқып алу әлі жеткіліксіз. Ол үшін шындығында шахмат ойнап дағдыларды меңгерген абзал. Бұлай болатын себебі, іскерлікті практика жүзінде дамыта отырып, біз білгенімізді қайта өңдеп, оны әрекетке айналдырамыз.

Оқытуды ұйымдастырудың төрт түрлі бағыты бар екені білгілі:

- оқушыға жеке өздігінен ізденуге мүмкіндік беру;
- оқушыларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау;
- ізденушінің өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату;
- іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу.

«Жағада тұрып жүзуді үйренуге болмайтыны сияқты» дайын білімді қабылдап алу арқылы қажетті икем-дағдыларды дамыту мүмкін емес. Сондықтан оқушылардың арнайы іс-әрекет барысында икем-дағдыларды меңгеруі маңызды роль атқарады. Ол үшін оқыту білімді оқушылардың өздігінен оқып-үйренуге бағытталуы керек.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу.

Тиімді оқыту бағдарламасы оқушылардың төмендегі іскерліктерін практикада қолдануды көздейді, олар:

- Фактілерді есте сақтау (аса көп күшті қажет етпейді);
- Құбылыстардың мәні мен маңызын түсіну;
- Білімдерді дағдылы және жаңа жағдайларда қолдану;
- Анализ (біз бір нәрсені құрамдас бөліктерге бөлу);
- Синтез (идеяларды жаңа нәрсе жасау үшін топтастыру);
- Бағалау (бір нәрсенің сапасы туралы пікір бөлісу).

Қазіргі кезде біздің республикамызда барлық білім беру жүйесінің өзгеруі маңызды мәселеле болып жатыр. Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарымқатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру жүйесін қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Қолданылатын интерактивті әдістер:

1. көкейкесті – мазмұнды әдіс презентация
2. дисскуссия кейс – стади
3. топта жұмыс істеу мимен ойлау әдісі викториналар сыни ойлау әдісі кіші–зерттеулер іскер ойындар ролдік ойындар
4. Insert әдісі (студенттер 10 минутта ассоциативті эссе жазады).
5. анкета алу әдісі

УДК 373.2.018.556

ВНЕДРЕНИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ВОСПИТАТЕЛЬНО – ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС ДОШКОЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

Бопаева Айнур Муратбековна *- преподаватель казахского языка , КГКП «Детский сад – ясли №3 «Балбөбек» отдела образования по г. Усть – Каменогорску управления образования ВКО*

В статье описан опыт работы детского сада-ясли «Балбөбек» по внедрению полиязычия как на занятиях, так и в повседневной жизни.

Ключевые слова: полиязычие, коммуникативные компетенции, языковая среда.

Одной из приоритетных задач в системе дошкольного образования Республике Казахстан является языковая политика. Это важная, а может быть, и наиболее важная в настоящий момент часть государственной политики.Знание национального языка способствует национальному единению; развитие и сохранение языкового многообразия ведет к подъему государства на совершенно новый уровень, способствуя интеграции Казахстана в мировое сообщество, а также укреплению конкурентоспособности, что так необходимо для нашего государства в период экономической и социальной модернизации.

С момента принятия новой стратегии развития страны «Казахстан - 2050», политика трехъязычия, направлена на изучение казахстанцами казахского, русского и английского языков, проводится интенсивно. Стоит задуматься: ведь будущее наших детей – это будущее нашего государства. Модернизация Казахстана необходима для всех нас, а для ее успешного проведения каждый гражданин нашей республики должен быть полезен своей Родине. Политика «Триединство языков» – это реальный шанс для Казахстана интегрироваться в глобальный мир.

Знание языков способствует готовности ребенка к дальнейшему развитию – социальному, личностному, познавательному, появлению у него первичной адаптации к полилингвальной и поликультурной ситуации в современном мире.

Полиязычное образование – это целенаправленный, организуемый, триединый процесс обучения, воспитания и развития индивида как полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности, а также в эмоционально-ценностном отношении к языкам и культурам.

Дошкольный возраст рассматривается специалистами как наиболее благоприятный период для овладения иностранным языком. Психологи отмечают прочность запоминания языкового материала в этом возрасте, высокую степень развития фонематического слуха. Даже при наличии перерыва в обучении иностранному языку изучение его в детстве нельзя считать пустой тратой времени. Имеются данные, что речь, усвоенная в дошкольном возрасте, восстанавливается с исключительной быстротой.Обучение языкам осуществляется согласно Государственного стандарта дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан и Типовой учебной программы по дошкольному воспитанию и обучению. Реализация полиязычия осуществляется через наличие в рабочем учебном плане предметов «Государственный язык» (для групп с русским языком обучения), «Русский язык» (для групп с казахским языком обучения). Изучение государственного, русского, английского языков осуществляется с 3-х летного возраста. В вариативную часть учебного плана включена организованная учебная деятельность «Полиглот», а так же ведется кружковая работа с детьми с 3-х лет: «Friends together», «Қызықты ағылшын тілі», «Занимательный русский язык». Важно отметить, что обязательным условием любой организованной учебной деятельности (не только

языковой) является использование полилингвального компонента. Кроме традиционных фраз приветствия, воспитатели проговаривают с детьми слова по теме занятия на трех языках, включают слова на трех языках в игровую деятельность, наблюдения, режимные моменты, тем самым обеспечивая возможность повседневно заниматься речевой практикой.

Программа по полиязычному воспитанию дошкольников определила основные субъекты коммуникации и характеристики коммуникативных сред:

1. Коммуникативная среда «взрослый — взрослый»

- обеспечивает условия для создания целостной образовательной системы через насыщение процесса образования полилингвальным содержанием;
- объединяет усилия педагогов и родителей в создании полиязычной среды;
- обучает эффективным формам полиязычной коммуникации.

2. Коммуникативная среда «взрослый — ребенок»

- обучает восприятию и воспроизведению единиц речи;
- помогает реализации потенциальных способностей и возможностей ребенка и взрослого;
- объединяет усилия детей, педагогов, родителей в решении задач полилингвального образования.

3. Коммуникативная среда «ребенок — ребенок»

- побуждает к социальной активности, достижению успеха;
- поддерживает способности и возможности каждого ребенка;
- объединяет усилия детей в процессе коммуникативной деятельности.

4. Коммуникативная среда «микро- и макросоциум»

- обогащает способами освоения культурного наследия;
- помогает созданию атмосферы общности интересов, взаимопроникновению и взаимовлиянию;
- облагораживает чувства, вызывает стремление к достижению гармонии с самим собой, социумом, с миром.

Работа над изучением трех языков начинается уже с приема детей. Мы здороваемся с детьми и с родителями, спрашиваем как у них дела. Дети по мере своей возможностей отвечают нам тоже на английском или казахском, русском языках

Хорошо – жақсы – good

В утренние часы мы с детьми играем в дидактические игры, проводим дежурство, играем в пальчиковые игры, рассматриваем картины, проводим беседы по лексической теме с использованием трехязычия. Например: словесная игра «Назови слово» ведущий бросает одному из игроков мяч и называет слова на русском. Игрок должен поймать мяч и перевести слова на английский или казахский язык:

кошка – cat – мысық, собака – ит – dog, мяч – доп – ball и т.д.

Если это слово новое для детей, тогда воспитатель переводит сам, а ребенок повторяет. Во второй половине дня или на прогулке мы играем в эту же игру, для закрепления, только ребенок переводит слова самостоятельно. Во время дежурства в уголке природы ребенок вытирает листья и называет слова на английском или казахском языке, например:

листок – sheet – жапырақ, вода – water – су и т.д.

Накрывая на стол дежурный – ребенок называет предметы на трех языках:

ложка – spoon – қасық, стакан - кесе – glass, тарелка – plate – тәрелке. Благодарит после еды на казахском или английском языке.

Спасибо – рахмет – thank you

В учебно-организованной деятельности мы используем валеоминутки, физминутки, аудиоминутки, музыкальные физминутки на трех языках. Большое значение в изучении языков играет природа. Великий поэт и просветитель казахского народа Абай Кунанбаев, очень близкий по духу к К.Д.Ушинскому, в своих поэтических произведениях воспевал красоту природы и умело соотносил ее с человеческой жизнью, с общественной средой. На прогулке во время наблюдения мы называем наблюдаемый объект на трех языках, при рассматривании картин природы, пейзажей, называем цвета, формы, например:

солнце – күн – sun, небо – аспан – sky и т.д.

Огромное значение для развития языка играет использование в воспитательно – образовательном процессе фольклора, народных игр. музыкальные занятия. В игре используются слова и песни на казахском и английском языке, поэтому значение игровой деятельности увеличивается, так как дошкольник запоминает большое количество лексических единиц, не прилагая особенных усилий. Игры с песнями и движениями – самый легкий и веселый способ отработать произношение и обогатить словарный запас детей. Играя и с восторгом замечая свои успехи, ребенок развивается и стремится к следующим вершинам.

В рамках реализации полиязычия мы не ограничиваемся только занятиями. Данный процесс находит свое отражение в воспитательных мероприятиях, где дети исполняют стихи, песни на государственном, русском и английском языках, инсценируют сказки. Традиционным в нашем детском саду стало проведение тематических занятий, посвященных Дню языков, а также участие дошкольников в конкурсе чтецов. Для реализации задач по триединству языка в детском саду созданы все условия развития активного и пассивного словаря детей дошкольного возраста по изучаемым языкам:

- используем инновационные методики и технологии обучения языкам, входящих в состав триединства в процессе организованной учебной деятельности;
- в процессе организованной учебной деятельности в образовательной области «Коммуникация» постоянно используются игры, произведения устного народного творчества, загадки, разминки, рифмовки на трех языках;
- в ходе режимных моментов (умывание, прием пищи, укладывание на сон, прогулка, утренний прием и т.п.) обеспечивается общение с детьми на трех языках;
- систематически обучаем детей иностранному языку через организацию занятий в кружках, студиях, самостоятельной деятельности во второй половине дня.

Создана предметно-развивающая среда для погружения в языковое пространство, которая включает в себя:

- аудиовизуальные материалы: аудио и видео материала в виде записей на кассетах, дисках и иных носителях;
- словесные настольно-печатные игры, пособия, книги;
- ситуативные, ролевые, театрализованные игры с лингвистическим содержанием;
- организовываем развлечения, утренники и праздники, на которых дети могут показать свои достижения - инсценировать сказку, продекламировать стихотворение;

Воспитанница нашего детского сада Мунир Дарья (национальность – пакистанка) в городском конкурсе «Мәңгілік елдің жарқын болашағымыз» на знание казахского языка заняла I место. Воспитанники старших групп Турсумбаева Анеля, Мунир Дарья и Дегавцова Алина в городском форуме по полиязычию «Үштілділік – заман талабы, уақыт сұранысы» заняли I место.

Неотъемлемой частью процесса реализации полиязычия в дошкольном учреждении является работа с родителями. В работе с родителями используем следующие формы работы:

- папки-передвижки для родителей;
- словарь в картинках;
- индивидуальные и коллективные консультации по казахскому, русскому и английскому языкам;
- открытые занятия;
- совместные проекты, мероприятия и т.д.

Педагог обеспечивает развитие, познание и самоутверждение каждого дошкольника на основе максимальной помощи и поддержки, сочетания разнообразных методов и подходов к обучению языкам.

Таким образом, повсеместное внедрение трехъязычного обучения по вертикали – от детского сада до вуза – даст возможность молодому поколению казахстанцев познакомиться с передовыми достижениями и тенденциями в науке и технике, быстрее социализироваться в обществе. Согласно ГОСО «Дошкольное воспитание и обучение» языковая компетентность ребенка к шести годам заключается в свободном владении родным языком в рамках требований к лексико-грамматическому и фонетическому уровню развития для своей

возрастной группы и основами других языков. Чем раньше ребенок начинает изучение языка, тем легче ему усвоить язык.

Владение казахским, русским и иностранным языками становится в современном обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека. Все это в целом вызывает потребность в большом количестве граждан, практически и профессионально владеющих несколькими языками и получающих в связи с этим реальные шансы занять в обществе более престижное положение. Грамотное и правильное внедрение полиязычия даст возможность выпускникам детских садов быть коммуникативно-адаптированными в любой среде.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана». - Астана, 2012.
2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан.− Астана, 2012
3. Государственная программа функционирования и развития языков на 2011- 2020 годы. − Астана, 2011.
4. Указ Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 110О Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы
5. Курс − триединство языков для педагогов дошкольных организаций: методическое пособие. – Астана, 2013.
6. http://kopilkaurokov.ru/vsemUchitelam/meropriyatia/poliiazychiieosnova formirovaniiapolikulturnoilichnosti
7. Программа по обучению иностранных языков в дошкольных организациях. – Астана, 2015.
8. Программа по обучению русского языка в дошкольных организациях. −Астана, 2015.
9. Обучение английскому языку детей старшего дошкольного возраста: методическое пособие. – Астана, 2013.

УДК 373.21:502 /504

МОДЕЛИРОВАНИЕ И ЕГО РОЛЬ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Борисова Ольга Евгеньевна, *воспитатель, КГКП «Детский сад – ясли №3 «Балбөбек» отдела образования по г. Усть – Каменогорску управления образования ВКО*

В статье описывается эффективность использования приема моделирования в работе по развитию экологических знаний у дошкольников.

Метод моделирования, разработанный Д.Б. Элькониным [1], Л.А. Венгером [2], Н.А. Ветлугиной [3], Н.Н. Поддьяковым [4], заключается в том, что мышление ребенка развивают с помощью специальных схем, моделей, которые в наглядной и доступной для него форме воспроизводят скрытые свойства и связи того или иного объекта.

В основе метода моделирования лежит принцип замещения: реальный предмет ребенок замещает другим предметом, его изображением, каким-либо условным знаком. Первоначально способность к замещению формируется у детей в игре (камешек становится конфеткой, песок – кашкой для куклы, а он сам – папой, шофером, космонавтом). Опыт замещения накапливается также при освоении речи, в изобразительной деятельности.

Формирования природоведческих знаний (Н.И. Ветрова [5], Е.Ф. Терентьева [6]), представлений о труде взрослых В.И. Логинова [7], Н.М. Крылова [8] и др. При этом учитывается основное назначение моделей – облегчить ребенку познание, открыть доступ к скрытым, непосредственно не воспринимаемым свойствам, качествам вещей, их связям. Эти скрытые свойства и связи весьма существенны для познаваемого объекта. В результате знания ребенка поднимаются на более высокий уровень обобщения, приближаются к понятиям.

В дошкольном обучении применяются разные виды моделей [9]. Прежде всего предметные, в которых воспроизводятся конструктивные особенности, пропорции, взаимосвязь частей каких-либо объектов. Это могут быть технические игрушки, в которых отражен принцип устройства механизма; модели построек. В настоящее время появилось много литературы, пособий для детей, где представлены модели, которые, например, знакомят с органами чувств (устройство глаза, уха), с внутренним строением организма (связь зрения, слуха с мозгом, а мозга – с движениями).

Старшим дошкольникам доступны предметно-схематические модели, в которых существенные признаки и связи выражены с помощью предметов-заместителей, графических знаков. Пример такой модели – календарь природы, который ведут дети, используя специальные значки-символы для обозначения явлений в неживой и живой природе. Педагог учит детей моделированию при составлении плана (комнаты, огорода, кукольного уголка), схемы маршрута (путь из дома в детский сад).

Цель моделирования в экологическом воспитании – обеспечение успешного усвоения детьми знаний об особенностях объектов природы, их структуре, связях и отношениях существующих между ними.

Использование метода моделирования в работе с детьми дошкольного возраста позволяет решить следующие задачи:

- развивает у детей умственную активность, сообразительность, наблюдательность, умение сравнивать;
- учит вычленять главные признаки предметов, классифицировать обьекты, выделять противоречивые свойства объекта;
- наглядно увидеть, понять связи и зависимость в окружающем мире;
- способствует развитию речевых навыков, психических процессов и в целом интеллектуальному развитию дошкольника.

В дошкольном обучении можно применять разные виды моделей, например: предметные, предметно-схематические, мнемотаблицы и др.

Итак, в результате освоения детьми дошкольного возраста моделирования значительно повышается уровень их экологической воспитанности, которая выражается, прежде всего, в качественно новом отношении к природе. Моделирование позволяет дошкольникам овладеть умением экологически целесообразно вести себя в природе. Ребенок накапливает нравственно-ценностный опыт отношения к миру, что придает его деятельности гуманный характер.

Ведущим личностным достижением ребёнка становится подлинно гуманное отношение к величайшей ценности – Жизни.

Моделирование рассматривается как совместная деятельность воспитателя и детей по построению (выбору и конструированию моделей). Цель моделирования – обеспечить успешное освоение детьми знаний об особенностях объектов природы, их структуре, связях и отношениях, существующих между ними. Моделирование основано на принципе замещения реальных предметов, объектов предметами, схематическими изображениями, знаками. Модель дает возможность создать образ наиболее существенных сторон объекта и отвлечься от несущественных в данном конкретном случае. По мере осознания детьми способа замещения признаков, связей между реальными объектами, их моделями становится возможным привлекать детей к совместному с воспитателем, а затем и к самостоятельному моделированию. Обучение моделированию осуществляется в такой последовательности.

Воспитатель:

1. Предлагает детям описать новые объекты природы с помощью готовой модели, ранее усвоенной ими.

2. Организует сравнение двух объектов между собой, учит выделению признаков различия и сходства, одновременно дает задание последовательно отбирать и выкладывать на панно модели, замещающие эти признаки.

3. Постепенно увеличивает количество сравниваемых объектов до трех-четырех.

4. Обучение детей моделированию существенных или значимых для деятельности признаков (например, отбор и моделирование признаков растений, определяющих способ удаления пыли с уголка растений уголка природы).

5. Руководит созданием моделей элементарных понятий, таких как «рыбы», «птицы», «звери», «домашние животные», «дикие животные», «растения», «живое», «неживое» и т.д.

Модели многофункциональны. На основе моделей можно создать разнообразные дидактические игры. Продумывая разнообразные модели вместе с детьми, необходимо придерживаться следующих требований:

1. Модель должна отображать обобщенный образ и подходить к группе объектов.

2. Раскрыть существенное в объекте.

3. Замысел по созданию модели следует обсудить с детьми, чтобы она была им понятна.

Моделирование позволяет раскрыть важные особенности объектов природы и закономерные связи, существующие в ней. На этой основе у детей формируются обобщенные представления и элементарные понятия о природе. (

Моделирование как новый вид работы дает простор для творчества и фантазии детей, обеспечивая их речевое развитие.

При помощи картинок-моделей можно организовать различные виды ориентированной деятельности детей. Наглядные материалы могут быть использованы на занятиях, в совместной с воспитателем и самостоятельной детской деятельности.

Учитывая уровень сформированности знаний детей об экологическом воспитании, мы разработали систему заданий.

Задание 1. Проведи стрелки от животных к их пище.



Задание 2. Проведи дорожки от листочков и плодов к тем деревьям, к которым они относятся. Скажи, как называются эти деревья?



Задание 3. Рассмотри картинки. Раскрась только те, на которых дети поступают правильно.



Задание 4. Соедини линиями родителей и детей.



Задание 5. Соедини картинки с названиями времени года.



ВЕСНА ЛЕТО ОСЕНЬ ЗИМА

Проведённая работа, в направлении обучения дошкольников навыкам моделирования при ознакомлении с живой и неживой природой показали, что:

1. Дети без затруднения ориентируются в знаковой системе.

2.Повышается интерес к познавательной деятельности.

3. Совершенствуется устная речь детей и развивается логическое, образное мышление, память, внимание.

4. Дети научились раскрывать важные особенности объектов природы и закономерные связи, существующие в ней.

5. Формируются обобщённые знания и элементарные понятия об окружающем мире и экологии.

Нужно отметить, что использование метода моделирования в работе с детьми дошкольного возраста даёт хорошие результаты и является средством развития познавательной активности детей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бондаренко Т.М. Экологическое воспитание детей 5-6 лет. – Воронеж: ИП Лакоценина Н.И., 2012.
2. «Мы». Программа экологического образования детей /Н.Н.Кондратьева и др. – СПб: «Детство – пресс; 2000.
3. Сово И.Л. Планирование работы по экологическому воспитанию в разных возрастных группах детского сада. – СПб.: ООО «Издательство и Детство ПРЕСС», 2010.
4. Маневцова Л.М. «Мир природы и ребенок». СПб, 1998.
5. Воронкович О.А. «Добро пожаловать в экологию» Санкт-Петербург «Детство – Пресс» 2007.
6. Логинова В.И. Программа развития детей в детском саду «Детство». СПб.,2000.

ӘОЖ 37.09:54:913

ХИМИЯ САБАҒЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ергалиева Шынар Канапияновна *- Химия пәнінің мұғалімі «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жетіарал ауылы Тарбағатай ауданы*

Аймақтық компонентті оқытудың міндеттері мен мақсаттарын айқындай отырып, оқушылардың химия сабағында аймақтық компонентті пайдалану жолдары мен түрлерін ұғыну мен түсінуге бағытталған, жаратылыстану бағытындағы пәндердің өзара байланысын арттыру мен функционалдық және химиялық сауаттылық пен экологиялық білімділіктің дамуына негізделген. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған бұл әдістемелік құрал мектептегі сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жас ұрпақты талапқа сай тәрбиелеуге мүмкіндік беретін көмекші құрал болып табылады.

Определение задач и целей обучения региональному компоненту, направленное на понимание и понимание учащимися способов и видов использования регионального компонента на уроках химии, основанное на повышении взаимосвязи предметов естественнонаучного направления и развитии функциональной и химической грамотности и экологических знаний.

Данное методическое пособие, направленное на реализацию программы «Туган жер» в программной статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», является вспомогательным пособием, позволяющим классным руководителям, учителям-предметникам в школе адекватно воспитывать подрастающее поколение.

Chemistry Lessons by students, defining the tasks and goals of teaching the regional component, increasing the relationship between natural science disciplines and the development of functional and chemical literacy and environmental education.

This methodological guide in the program article «Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru», aimed at the implementation of the program «Tugan zher», is an auxiliary tool that allows classroom teachers and subject teachers to properly educate the younger generation.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тәрбие үдерісінде жаңа жобаларды жүзеге асыруды ұсынды. Нәтижеге бағытталған бұл жобалар арқылы таяу жылдары жалпыхалықтық қоғамдық сананы жаңғырту – оқу-тәрбие жұмыстарының басты бағдарына айналды. Мақсат – жаһандану үдерісіне жұтылып кетпейтін, ұлттық бірегейлік пен дәстүрімізді сақтаған, бәсекеге қабілетті саналы азамат тәрбиелеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мақаладағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру қарқын алып келеді. Мақаладағы ауқымды идеялар мен тұжырымдамалық пікірлерді терең зерделей отырып, білім алушыларға тәрбие беру жан-жақты жүргізілуде.

«... Патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады. Біз кіші Отанымыз арқылы бүкіл Қазақстанды сүйеміз» - деп жалпыұлттық қоғамдық сананы қалыптастыруды кезең-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асыруды түсіндіріп өтеді [1]. Сондықтан, бүгінгі білім беру жүйесінде өлкетануды оқу мен оқытуды ғылыми және әдістемелік деңгейін жетілдіру маңызды мәселе болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру негізгі мақсаттардың бірі болып отыр. Осы орайда адамдардың табиғатқа деген кері ықпалдарының алдын алуды, табиғат тепе – теңдігін, оның сұлулығы мен сырын сақтауды, оны түсіне білуді жас ұрпақтың бойына сіңіру мен үйретуде аймақтық компоненттерді сабақта қолданудың тиімділігі артуда. Саналы тұлғаны қалыптастыруда аймақтық компоненттің мүмкіндіктері мол.

Мақсаты:

- білім алушыларға өз өлкелерінің табиғаты, климаты, экономикалық және мәдени дамуы мен тарихы туралы жан-жақты білім бере отырып, кәсіптік бағдар беру;
- орта мектепте өлкетану жұмыстарын жоспарлаудың және ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау;
- пәнаралық, өлкетану тақырыптарын оқытудың үлгілерін ұсыну;
- өлкетану бойынша сабақта және сабақтан тыс жұмыстарды өткізудің үлгілерін жасау;
- білім алушыларға сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде ішкі туризмді насихаттау;
- дарынды балалармен жаңа заман талабына сай шығармашылықта инновациялық бағытта жұмыс жасау;
- АКТ, инновациялық әдістерді қолдану арқылы білім алушының пәнге қызығушылығын арттыру.

Аймақтық компоненттерді пайдалану – үздіксіз зерттеулер, тәжірибелер мен жан-жақты ізденістерді қажет ететін күрделі мәселелерден тұрады.

- Аймақтық компонент нені білдіреді?
- Мектеп бағдарламасына аймақтық компонент қажет пе?
- Аймақтық компонентті жаңа технологиялармен қалай байланыстыруға болады?

Осы тұрғыда, аймақтық компоненттерді сабақ барысында қолдану төмендегі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға септігін тигізеді:

- Оқушылардың өз тарихын танып, қасиетін сезініп, Отан алдындағы жауапкершілігін ұғынып және өзі өсіп – өнген аймақ «кіші Отанына» деген сүйіспеншілігін арттыру, мақтаныш сезімін тудыру арқылы өз елінің патриотын тәрбиелеу.
- Аймақтық компоненті қолдана отырып тіл мәдениетін дамыту.
- Экологиялық, химиялық білімді жинақтау, функционалдық сауаттылығын арттыру.
- Өңірден шыққан авторлардың еңбектерін, шығармаларын қолдану.

Осы мақсаттарды орындау қазіргі өзекті мәселелердің бірі. Ал енді бұл мақсатты жүзеге асыру үшін не істеу керек?

Аймақтық компоненттерді пайдалана отырып экологиялық, химиялық білім, тәрбие берудің негізгі міндеттері мынадай болуы тиіс:

- Оқушыларды сезімталдық қасиетке баулу. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап табиғат сұлулығын көріп, тани білуге, яғни экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.
- Оқушылар бойында қоршаған ортаны қорғау және онымен жарасымды қатынас жасауда оның өмірлік көзқарасын қалыптастыру, яғни азаматтық, әдептілік тәрбиесін беру.
- Әртүрлі өндіріс саласында мектеп бітірушілерге жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды игеруге болатындай химиялық білім беру, білімнің іргетасын қалау.
- Оқушылардың экологиялық - химиялық санасын қалыптастыру. Сол арқылы мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында экологиялық білім, тәрбие құндылықтарын насихаттау.
- Аймақ компоненттерін сыныптан тыс жұмыстарға кеңінен қолдануға жол ашу.

Аймақтық компонент жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы оқушы химиядан басқа жаратылыстану, география, биология, тарих, әдебиет және т.б. пәндерді оқу білімімен логикалық түрде толықтырады. Оқушылар жекелеген зерттеу тақырыптары бойынша жекелеген, топтық зерттеу жүргізеді, ізденгіштік, байқағыштық қабілеттерін дамытады.

Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі-әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс уақытта жергілікті жердің төңірегіне саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар. Оқу барысында оқушылардың

бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, ауыл шаруашылығы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесін қалыптастыруға, оқушының өз өлкесі экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігін арттырады.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектепте қорытындыланады, үздік жұмыстар марапатталады және аудандық, қалалық конференцияға ұсынылады.

Аймақтық компоненттің осындай тиімділіктерін пайдалана отырып химия сабағында пән бойынша оқушыларды туған өлкенің табиғи ерекшеліктері мен құпия сырларын оқыту, пайдалы қазбалары мен емдік өсімдіктерінің қасиеттерін білу мақсатында аймақтық компонентті енгізудің төмендегідей тақырыптық жоспарын жасап, іс-тәжірибемде қолданамын.

Химия сабағында аймақтың компонентті қолданудың тақырыптық жоспары 7-9-сынып

Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат оқытылады.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Су химиясы	Аймақтағы су атауларының пайда болу тарихын оқып-білу. Су. Судың қасиеттеріне арналған жаттығулар, есептер орындату.	2
2	Ауа химиясы	Ауаның ластану себептерін зерттеу. Ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілері, ауа райын болжау (әдістерді презентациялау), төтенше жағдай сипатындағы ауа райы құбылыстары, адамның іс-әрекеті. Ауа. Ауаның құрамына арналған жаттығулар, есептер.	2
3	Топырақ химиясы	Өлке топырағының негізгі түрлері, олардың негізгі сипаты және маңызын түсіндіру. Жергілікті жердің топырағының құнарлығы, оны сақтау және қалпына келтіру шаралары. Ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен және мамандарымен кездесулер.	2
4	Тыңайтқыштар химиясы	Тыңайтқыштардың маңызын айқындау. Тыңайтқыштар тақырыбына арналған есептер шығару, жаттығулар жасату.	2
5	Дәрілік заттар химиясы	Тарбағатай аймағындағы дәрілік өсімдіктермен таныстыру, маңызын түсіндіру. Шырғанақтан дәрі өндіру технологиясы.	2
6	Хош иісті заттар химиясы	Аймақтағы хош иісті заттармен таныстыру, қасиеттерін айқындау. Гүл қатырмаларын, гүл шоқтарын жасау. Бұрыш ұйымдастыру. Қызықты ойындар ойнау.	2
7	Тағам химиясы	Тағам технологиясының негізгі химиялық процестерімен таныстыру. Дұрыс тамақтану. Семіздіктің алдын алу.	2
8	Отын химиясы	Туған өлкенің отын ресурстарының тізімін құрастыру экономиканы дамытудағы рөлін анықтау. Оттегі. Жану тақырыбына есептеулер.	2
9	Мұнай химиясы	Өлкенің пайдалы қазбаларымен және кен орындарының ашылу тарихымен танысу. Зайсан мұнай өндіру саласының маңызы.	2
10	Экологиялық химия	Қоршаған ортаны ластауды бақылау. Демонстрациялық роликтер жасау.	2
11	Қоршаған орта химиясы	Табиғатты ұтымды пайдалануды басқару. Қалдықтар, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсері. Экологиялық мониторинг. Химиялық мониторинг.	2
12	Химиялық экология	Табиғатты тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың негіздерін түсіндіру.	2
13	Элементтер химиясы	Химиялық элементтер тарихын түсіндіру. Деректер мен дәйектер. Ас тұзы мен құнарландырғыш тұз, Көміртектен гаухарға дейін, Шойыннан болатқа дейін, Қазақ оқ дәрісінің	2

		құрамы, Әлемді шарлаған йод.	
14	Экологиялық мазмұнды есептер.	Экологиялық және табиғатты қорғау ұғымдарын қалыптастырудағы есептер, шығару жолдары. Химиялық тілді дамыту. «Сұрақтар мен жауаптар», «Химиялық диктант»	2
15	Танымал тұлғалар	Тарбағатайлық жаратылыстану саласындағы тұлғалармен таныстыру. Хронологиялық кесте жасау.	2
16	«Химия сыры»	Табиғат, тіршілік жайлы өлеңдер, эссе, шығармалар жазу. Туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау.	2
17	Дарындылар мен жұмыс әдістемесі	Оқушылармен жұмыс істеу барысында дарынды балаларды анықтау, олармен жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін айқындау. Шығармашылық жұмыстарды қорытындылау.	2

Тарбағатай өзінің ұлылығымен және жомарт табиғатының әр түрлі байлығымен қызықтырады. Осы жомарт табиғат байлықтарының қыры мен сырын жас ұрпаққа жеткізуді аймақтық компонент - Тарбағатай аумағына арнадым.

Басына бұлт қондырған Тарбағатай,
Бауырына жұрт қондырған Тарбағатай.
Табиғаттың шұғылалы нұрын жиып,
Өзіне құт қондырған Тарбағатай.

Әлбетте Шығыс Қазақстан десеңіз көз алдыңызға қылқан жапырақты орманы бар көкке бойын түзеген Өр Алтайы, етпеттеп жатқан Тарбағатайы, көз жанарларындай жаудыраған Зайсаны мен Алакөлі, Қалба мен Дегелеңі елестейді. Осынау ұшқан сұңқардың қанаты талатын, шапқан тұлпардың белін алатын әсем табиғат «Мені көр, мені аяла» деп тұрғандай!

«Тарбағатай тауын биігі аспан тіремесе де, өзіндік қасиеті бір басына жетерлік. Бірінші ерекшелігі – жалғасқан тау жоталары үстінің жадағай жазықтығы, жазғы жайлауда содан барып, отарлаған қой, қостаған жылқыңмен ауыл – ауыл боп көшіп қона береді. Бұл таудың Қытайға қараған күнгейінде, өсімдік, ағаш атаулыдан өспейтін кемде – кем. Женьшеньнің тіліміздегі ежелгі атауы «адамтамыр» осында өседі. Басқа жерде кездеспейтін қымбаттардың табылуы – Тарбағатайдың екінші қасиеті. Тарбағатай жері, қасиетті – ақ қой шіркін!

Ең алдымен туған өлкедегі жер-су аттарының шығу тарихын, қалыптасу кезеңдерін білу, қадір-қасиетін түсіну әр азаматтың перзенттік парызы. Сондықтан ең бірінші өз туып өскен жеріміздің жер су аттарын зерттеуден бастадым.

№1 сабақ. Су химиясы.

Мақсаты: Аймақтағы су атауларының пайда болу тарихын оқып-білу. Су. Судың қасиеттеріне арналған жаттығулар орындату, есептер шығарту.

Жетіарал ауылдық округіндегі көлдер, су қоймалары, тоғандар, өзендер

Р/с	Нысанның ескі атауы	Нысанның жаңа атауы	Атаудың транскрипциясы	Атаулардың негізі
1	Болат тоғаны	Болат тоғаны	Канал Болат	өзгертілмеген
2	Қараша тоғаны	Қараша тоғаны	Канал Караша	өзгертілмеген
3	Қазақбай тоғаны	Қазақбай тоғаны	Канал Казакбай	өзгертілмеген
4	Бегетай тоғаны	Бегетай тоғаны	Канал Бегетай	өзгертілмеген
5	Қарақай тоғаны	Қарақай тоғаны	Канал Бегетай	өзгертілмеген
6	Тәуке тоғаны	Тәуке тоғаны	Канал Тауке	өзгертілмеген
7	Терісайрық өзені	Терісайрық өзені	Река Терсайрык	өзгертілмеген
8	Бозша өзені	Бозша өзені	Река Бозша	өзгертілмеген
9	Асусай өзені	Асусай өзені	Река Асусай	өзгертілмеген
10	Ақтөбе өзені	Ақтөбе өзені	Река Актобе	өзгертілмеген
11	Қандысу өзені	Қандысу өзені	Река Кандысу	өзгертілмеген

Жетіарал жерінен Шеткі Қарасу, Орта Қарасу өзендері бастау алып, Қандысуға қосылып аяғы Зайсан көліне құяды. Тоғандардың ішінде Қарақай тоғаны Болат тоғанының астыңғы жағында болған, қазір тегістеліп жойылып кеткен. Қазіргі уақытта 4 тоған (Болат тоғаны, Қараша тоғаны, Қазақбай тоғаны, Бегетай тоғаны) әлі пайдаланылып жүр. Бұл тоғандарды 1800 жылдардың басында әр ру қолмен қазып, Покровканың (қазіргі Маңырақ) тұсынан бастап Жапалаққа дейінгі жерде егін салу үшін пайдаланған. Басын Сеңгірдің тұсынан бұрып, Қандысу өзенінен алған. Жетіарал ауылдық округінде көл жоқ.

№2 сабақ. Ауа химиясы.

Мақсаты: Ауаның ластану себептерін зерттеу. Ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілері, ауа райын болжау (әдістерді презентациялау), төтенше жағдай сипатындағы ауа райы құбылыстары, адамның іс-әрекеті. Ауа. Ауаның құрамына арналған жаттығулар орындату, есептер шығарту.

Мысал: **Халық ауа-райын қалай болжаған?** (Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» кітабынан). Құрт-құмырсқа топ-тобымен көше бастаса көп ұзамай жер сілкінеді. Жазда құйын көп болса, қыс аязды болады. Егер қараша айында күн күркіресе, қыс қысқа болады. Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады. Көктемде күн көп күркіресе, егін, шөп мол болып шығады. Қой тісін қайраса боран немесе дауыл болады. Батар күн қызыл шапаққа малынса, келер күн жазда ыстық, қыста жұмсақ болады.

№3 сабақ. Топырақ химиясы.

Мақсаты: Өлке топырағының негізгі түрлері, олардың негізгі сипаты және маңызын түсіндіру.

Тарбағатай ауданын ашық қоңыр және қою қоңыр топырақ, төменгі аймақтарында сор және сортаң топырақ таралып, ойпаттар мен төбешіктерді құрылымы кесек топырақ қабаты алып жатыр. Оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа дейінгі орталық бөлігі ашық сарғылтым топырақ қабатымен, тау беткейлері қоңыр топырақ жайындығымен ерекшеленеді. Тарбағатай тауының етегі қиыршық тасты боз қызыл-қоңыр топырақты. Ауданның таулы-далалық аймағы ашық қоңыр және ашық қызғылт қоңыр топырақты.

№4 сабақ. Тыңайтқыштар химиясы.

Мақсаты: Тыңайтқыштардың маңызын айқындау. Тыңайтқыштар тақырыбына арналған есептер шығару, жаттығулар жасату.

№5 сабақ. Дәрілік заттар химиясы.

Мақсаты: Тарбағатай аймағында кездесетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру, олардың маңызын түсіндіру. Шырғанақтан дәрі өндіру технологиясы.

Шырғанақ. Құрамында орта есеппен 45% аскорбин қышқылы, алма қышқылы, каротин, май, ксантофилл, кверцетин, Е, В1, В2, Р дәрумендері бар.

Дәрі жасауда шырғанақтың жемісін пайдаланады. Өсімдіктің жемісінен шырғанақ майы (облепиховое масло) деген дәрі алынады. Дәрі ғылыми медицинада өте жоғары бағаланады. Әсіресе, радиоактивті сәулелердің әсерінен пайда болған терідегі жараларды емдеуде шипалық қасиеті аса күшті. Әйелдердің көп ауруларын, асқазан және ұлтабар жарасын осы дәрімен емдеу арқылы жақсы нәтижелерге қол жетіп жүр. Ревматизмді емдеу үшін шырғанақтың жемісін жапырағымен қосып қайнап тұрған суға салып, сулы тұнбасын пайдаланады. Шырғанақ жемісін 45 бөлігін, қанттың 55 бөлігін араластырса, қыста өте жақсы сақталады.

№6 сабақ. Хош иісті заттар химиясы.

Мақсаты: Аймақтағы хош иісті заттармен таныстыру, қасиеттерін айқындау.

Гүл қатырмаларын, гүл шоқтарын жасау. Қызықты ойындар ойнау.

№7 сабақ. Тағам химиясы.

Мақсаты: Тағам технологиясының негізгі химиялық процестерімен таныстыру, дұрыс тамақтану. Семіздіктің алдын алу.

№8 сабақ. Отын химиясы.

Мақсаты: Туған өлкенің отын ресурстарының тізімін құрастыру және олардың экономиканы дамытудағы рөлін анықтау. Оттегі. Жану тақырыбына есептеулер.

<u>ҚАЗАҚСТАН-2050</u>

«Көгілдір отын» үшін «жасыл дәліз»: Қазақстанның газ стратегиясы өз тиімділігін дәлелдеді.

Шығыс Қазақстанды газбен қамтамасыз ету мәселесінде де күрт өзгерістер бар. Зайсан кен орнында геологтар табиғи газдың ірі жатындарын тапты, оның қоры кемінде он жыл үздіксіз өндіру бойынша кепілдік береді. Нәтижесінде табысты жүзеге асырылып жатқан ұзындығы 92,5 километр «Сарыбұлақ-Майқапшағай» торапты газ құбырының жобасы пайда болды. Бұл тармақ Зайсан және Тарбағатай аудандарының тұтынушыларын газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік берер. Бәрі сәтті өтсе автономды ауылдар да газбен қамтамасыз етіледі, газ автокөлік немесе темір жол арқылы сұйытылған түрде жеткізілетін болады.

№9 сабақ. Мұнай химиясы.

Мақсаты: Өлкенің пайдалы қазбаларымен және кен орындарының ашылу тарихымен танысу. Зайсан мұнай өндіру саласының маңызын түсіндіру.

ҚАЗАҚСТАН-2050. Стратегияның Елбасы атап өткен тағы бір табысы – энергетикалық ресурстардың ел игілігіне айналуы. Мұнай-газ саласының ЖӨ-дегі үлесі 1997 жылғы 3,7 пайыздан 2011 жылы 25,8 пайызға өсті.

Тарбағатай ауданының өндірісі.

Ауданның өнеркәсіп құрылымында тау-кен өнеркәсібі 62 пайызды, өңдеуші өнеркәсіп 29 пайызды, электр энергиясы мен суды өндіру мен үлестіру 9 пайызды құрайды. Ауданның тау-кен өндірісін көмір өндірумен айналысатын «Сайқан» ЖШС мекемесі және 2011 жылдан бастап мұнай мен газ ошақтарын табатын «Тарбағатай-Мұнай» ЖШС көрсетеді. «Сайқан» ЖШС ауданның халқы мен бюджеттік мекемелерін қатты отынмен қамтамасыз етеді.

№10 сабақ. Экологиялық химия.

Мақсаты: Қоршаған ортаны ластауды бақылау. Демонстрациялық роликтер жасау.

№11 сабақ. Қоршаған орта химиясы.

Мақсаты: Табиғатты ұтымды пайдалануды басқару. Қалдықтар, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсері. Экологиялық мониторинг. Химиялық мониторинг.

№12 сабақ. Химиялық экология.

Мақсаты: Табиғатты тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың негіздерін түсіндіру.

№13 сабақ. Элементтер химиясы.

Мақсаты: Химиялық элементтер тарихын түсіндіру. Деректер мен дәйектер. Мысалы: Ас тұзы мен құнарландырғыш тұз, Көміртектен гаухарға дейін, Шойыннан болатқа дейін, Қазақ оқ дәрісінің құрамы, Әлемді шарлаған йод.

№14 сабақ. Экологиялық мазмұнды есептер. «Сұрақтар мен жауаптар», «Химиялық-экологиялық диктант»

Мақсаты: Экологиялық және табиғатты қорғау ұғымдарын қалыптастырудағы есептердің жіктелуі, шығару жолдарын түсіндіру. Химиялық тілді дамыту.

1. Мазмұны мен ұғым көлемін нақтылауға арналған есептер.

1 $м^3$ ағаш қалдығынан (бұтақ, қабық, жапырақ) 60 литр метанол алуға болады. Осындай көлемдегі спирт, тотыққан кезде алынатын 40% формалин ерітіндісінің массасын табыңыз. Қалдықтардың түзілуін ескерту.

2. Ұғымдар арасындағы байланысты қалыптастыратын есептер.

Феномен ластану әдетте мұнаймен ластанғанымен бірдей. 2000 жыл Ульба өзенінен анализ үшін 100 мл-ден 3 үлгі алынған. Бұл үлгідегі фенол массасы 0,00145мг, 0,00165 $м^2$, 0,00170 мг болған. Фенолдың орташа концентрациясын есептеңіз (мг/л) және оны шектеулі концентрациямен салыстырыңыз. Фенолдың химиялық қасиетіне сүйеніп, суды тазарту жолдарын келтіріңіз. Қоршаған ортаның ластануы, ластағыш заттарды бейтараптау.

Экологиялық мазмұнды есептер

1. Химияның екі жақтылығын ашатын есеп. Ауыз суынан токсинді және наркотикалық әсері бар заттардың болатынын анықталған. Сандық және сапалық анализ негізінде өндірістік фенол және мынадай заттардан тұратыны анықталған. Олар: 36,5% көміртегі, 1,5% сутегі, 8,1% оттегі, 53,9% хлор заттың молекулалық формуласын құрыңыз. Оны алудың реакция теңдеуін жазыңыз. Табиғи ортаға осы заттардың мүмкін болатын түсу жолын көрсетіңіз.

2. Тірі ағзаға химиялық қосылыстардың әсерін көрсететін есеп. Бензой қышқылы Е-210 тағамдық қоспа түрінде болады. Ол табиғатта көптеген жемістердің құрамында кездеседі. Оны бактерицидтік құрал ретінде, тұмауға қарсы йогурт, джем, жеміс шырындарына

қосады. Бензой қышқылын мұнайдан алынатын металциклогексаннан алу жолын көрсетіңіз, оның тірі ағзаға әсері қандай?

4. Аймақтық экологиялық мәселелерін қарастыратын есеп.

1996 жылы Каспий теңізінде қаржының болмауынан газ өткізу құрылысында мұнай газының 3млрд м 3 факельде өртелді. Егер газ құрамы: СН4 – 40%, С2Н10 – 20% болса, С3Н8 және С4Н10 – 20% болса, атмосфераға түсетін көмірқышқыл газының көлемін есептеңіз, оның қоршаған ортаға әсері бола ма?

№15 сабақ. Танымал тұлғалар.

Мақсаты: Шығысқазақстандық, Тарбағатайлық жаратылыстану саласындағы тұлғалармен таныстыру. Хронологиялық кесте жасау.

1. Аймұхамбетов Әскербек
2. Жұмаханов Жұбайбек Жұмаханұлы

№16 сабақ. «Химия сыры»

Мақсаты: Табиғат, тіршілік жайлы өлеңдер, эссе, шығармалар, жұмбақ, мақал-мәтелдер айту.

Бұл жерде біз даныштан Абайдан бір үзік жұмбақ келтірелік:

Қара жер адамзатқа болған мекен, Қазына іші толған әр түрлі кен. Ішінде жүз мың түрлі асылы бар, Солардың ең артығы немене екен? *Шешуі: темір. Темір жөнінде мақал - мәтелдер:* «Темірші – көміршіге үйір»; «Темірді қызған кезде соқ»; «Болат қайнауда шынығады, Батыр майданда шынығады»; «Алмас пышақ қап түбінде жатпас»; «Темір кессең қысқа кес,Ұзартуың оңай. Ағаш кессең ұзын кес, Қысқартуың оңай»; «Болат бүгілмес - морт сынар»; т.б. • **Делидегі темір бағана** (б. э. д. IY - Y) 415 жыл, биіктігі 7 метр, салмағы 6, 5 тонна 99, 72% таза Fe тұрады, осынша уақыт таттанбауының себебін ғалымдар анықтай алмай отыр. **Эйфель мұнарасы**. 1889 жылы Парижде фр. инженері Гюстов Эйфель алып мұнара құрылысын аяқтады. Париж эмблемасына айналған мұнара биіктігі 300 метр, таза темір металынан тұрады.

№17 сабақ. Химиядан дарынды балалармен жұмыс әдістемесі.

Мақсаты: Оқушылармен жұмыс істеу барысында дарынды балаларды анықтау, олармен жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін айқындау. Шығармашылық жұмыстарды қорытындылау.

Аймақтық компонент жұмыстары жүйелі тиімді ұйымдастырылса жыл соңында оқушыларда аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің келесі міндеттері шешілуі тиіс:

1) аумақтың географиялық орнының және өлкенің аумағына талдау жасай, табиғат ерекшеліктеріне сипаттама жасай;

2) өз өлкесінің климаты және ауа райының, суларының ерекшеліктеріне, тау жыныстарына, пайдалы қазбаларына талдау жасай; топырағына сипаттама бере;

3) өлкенің тарихын, дамуының негізгі факторларын түсіндіре;

4) оқушының өз өлкесі экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігін қанағаттандыруына;

5) туған өлке аумағындағы табиғат кешені және оның компоненттерін қорғау жағдайын, экологиялық, басқа да проблемаларды анықтап және сипаттама бере алулары тиіс.

Оқушылардың тұлғалық нәтижелері:

1) белсенді азаматтық ұстаным ұстанып, Отан мүддесін қорғауға дайын болуынан;

2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен оның экономикасын, экологиясын жақсартуға ұмтылуынан;

3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесуден;

4) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, тарихына құрметпен қарауынан көрініс табады.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1)) оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету, іздеу-зерттеу жұмыстары кезінде ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;

2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;

3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, деректерді қолдана білу;

4) әр түрлі тәсілдермен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын арттыру.

5) коммуникативтік қабілетті, өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Өлкетану»: мәдени–генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 129 б.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласы.
3. Қазақ энциклопедиясы.
4. Смағұлова А.Қ. Тарбағатай ауданының топырақ-климаттық аймақтары.
5. Қожабеков М. Дәрілік өсімдіктер. -Алматы, «Қазақстан», 2003. 136 б.
6. Кенжеахметұлы С. «Жеті қазына» кітабы
7. Аймұхамбетов Ә. Химия есептерінің шығарылу жолдары. Әдістемелік құрал. - Астана : ЕҰУ баспаханасы, 2013.

ӘОЖ 373.2.013.43:502/504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жанабылова Раушан Кабденовна *– тәрбиеші, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№3 «Балбөбек» балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы*

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері жайлы айтылады.

Экология - бүкіл адамзат баласының шалыс басқан әрбір іс-әрекетіне келешекте шек қоятын, оның тыныс-тіршілігіне тікелей атсалысатын ғылымның жаңа саласы. Ол қоршаған ортаны кесапат жағдайлардан, кейбір көлденең оқиғалардан сақтауға, табиғатпен арадағы тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды мемлекеттік және әлеуметтік шара.

ҚР «Қоршаған ортаны қорғау туралы» (73-74 баптар), ҚР «Білім туралы» заңдарында (3-бап) экологиялық білім мен тәрбие беру мемлекеттік саясаттың білім беру саласының негізі болып табылатыны атап көрсетілген.

Бүгінгі қоғам алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі - экологиялық мәселелер: табиғатты қорғау және табиғи байлықтарды үнемді пайдалану болғандықтан, Республикада қоршаған ортаны қорғау үкіметіміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік міндеттерінің негізі болып саналады. Ендеше, табиғат және оны қорғау қажеттілігі туралы түсіндіру - яғни жас ұрпақты экологиялық біліммен қаруландыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматын тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі үдеріс болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуды қажет етіп отыр.

Экология проблемасы тек бүгін көтеріліп отырған жоқ. Олар ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеу объектісінен де түспеген. Адамзат баласына экологиялық тәрбие мен білім берудің маңыздылығы IX-XV ғғ. ғұламалары Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Иассауи, Қорқыт атадан бастау алады. Қазақ халқының біртуар данышпандары А. Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов т.б. еңбектерінде табиғат пен адамды ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған.

Елбасы «Қазақстан – 2030» бағдарламасында табиғат жағдайының қиын кезеңде тұрғанын нақты атап өтіп: «...экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің жиырма пайызына себеп болып отыр. Қоршаған ортаны ластаушыларға берік тосқауыл қойылу қажет», - деген болатын. Бұл мәселенің тиімді шешілуі жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру барысында мүмкін болатыны анық.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру», - деп атап көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде жас ұрпаққа саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын мәдениетті тұлға етіп қалыптастырудағы атқарар рөлі зор екені даусыз.

Экологиялық мәдениет - экологиялық білім мен тәрбиенің жемісін көру, яғни табиғи ортаны ұғынып қабылдауға, табиғатқа ұқыпты қарауға оның байлықтарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру. Экологиялық мәдениет адамның тіршілік әрекетінің рухани – адамгершілік саласы ретінде оның табиғатпен өзара әрекетінің ерекшелігін сипаттайды және экологиялық сана, экологиялық қарым-қатынастар, экологиялық іс-әрекеттер элементтерінің өзара байланыс жүйесін қамтиды.

Экологиялық мәдениет ұғымы педагогика саласында экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне айналады. Бұл педагогикалық мәселеге тұлғалық тұғырына сәйкес адамды табиғаттың ажырамас бөлігі, жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің, тарихи процестің дамуының субъектісі ретінде қарастыруды талап етеді. Сонымен қатар тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы оның жергілікті, аймақтық, ұлттық, ғаламшарлық экологиялық байланыстар жүйесіндегі әрекетіне тәуелді.

Экологиялық мәдениет кіріктірілген тұлғалық білім ретінде мынадай міндетті компоненттерді қамтиды:

- танымдық компоненті: қоршаған ортамен танысу іс-әрекеті бойынша қоғамдық өмірді, өлі және тірі табиғат заттары мен құбылыстары туралы түсініктерді меңгереді;

- эмоционалды компонент: экологиялық білімдерге қызығушылығы және қажетсінуімен, туған жерінің табиғатына, сұлулығына тамсанып сезінуі және оны аялай алуымен анықталады;

- мінез-құлық компоненті: қоршаған ортаны қорғау мен табиғаттың байлықтарын сақтауды түсіндіреді.

Көрсетілген үш компонентті алғанымыздың себебі, тұлға бойында белгілі бір мәдениетке баулудың нәтижесі ретінде қарастырылатын сәйкестіліктің қалыптасқанын білдіреді.

Педагог И.Д.Зверевтың пікірінше: «Тәрбиеленушіге педагогикалық әсердің бірінші кезеңі ретінде ең алдымен оқушының табиғат сұлулығын түйсінуі, осы сұлулықты сақтау үшін адамгершілік, азаматтық борышты ұғынуын қамтамасыз ету керектігіне көңіл аударады. Сондықтан да экологиялық күйзелістердің болуы не болмауы антропогендік факторға, жастардың экологиялық мәдениетіне, сауаттылығына, экологиялық білімінің жоғары деңгейде болуына байланысты».

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалдарда балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық-физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп, оны тәрбие процесінде тиімді пайдаланған дұрыс.

Экологиялық мәдениет отбасынан басталуы керек. Отбасы - бала тұлғасының негізі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін әлеуметтік орта. Балалардың отбасында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығы, оларды сырттай бақылауы, өсімдіктерді басып-жаншып сындырмау, өзен-көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға тән табиғат қорғау іс-әрекеттерінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиісті міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызады.

Балабақша балаларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат, мұражайларға бару, мақсаттық серуен, телебағдарламалар, бейнефильмдер, табиғат туралы көркем әдебиеттер, суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау, музыка тыңдау, дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер, т.с.с.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру міндеттері:

- табиғат және оның тұтастығы, қоғаммен бірлігі жөнінде ғылыми негізделген білімді меңгеру;

- оған ықпал етуде туындайтын практикалық шараларды дәлелдеп, орнықтыру;
- қоғам мен адам үшін табиғаттың құндылығы шексіз екенін ұғындыру;
- табиғи ортада дұрыс жүріп-тұрудың нормаларын сақтау:
- табиғатпен сырласа білу қабілетін дамыту;
- табиғат пен қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі қызметті пәрмендірек ұйымдастыру.

Міне, осы міндеттерді шешу балалардың экологиялық білімін арттырып, олардың табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын қалыптастырады:

1. Қоршаған ортаға жауапсыздықпен қарауға жол бермеу
2. Балалардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру
3. Қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту
4. Экологиялық білімді насихаттау.

Мектепке дейінгі мекемедегі экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдарының бірі - балаларды топсаяхатқа шығару. Топсаяхаттар балалардың денсаулықтарын сауықтыру, түсініктерін жақсарту және тәрбиелік мақсатында өткізіледі. Ол балалардың зерттейтін обьектілері мен құбылыстарын табиғи немесе қолдан тудыру жағдайында тікелей қабылдауына негізделген. Топпен саяхаттау кезінде балалар табиғатпен шынайы түрде танысады. Балалардың таза ауада дем алуы, әдемі хош иісті сезіп, әдемілікті көре білуі терең ой мен көтеріңкі көңіл-күй тудырып, жан-жақты үйлесімді етіп тәрбиелеуге ықпал етеді. Балалар ауа райын, маусымдық өзгерістерді, өсімдіктердің өсуін байқап, тәрбиешілер табиғи материалдарды пайдалана отырып, түрлі ойындар ұйымдастырады. Балалар табиғат заттарының қасиеттерімен танысады (су-сұйық, мұз қатты, шыны сияқты, т.б.). Топсаяхаттардың танымдық және тәрбиелік рөлі өте зор. Балалар табиғат обьектілерін көріп, бір-бірімен байланыстылығын анықтайды.Топпен саяхаттау кезінде табиғат ерекшеліктері түсіндіріліп, зерттеліп қане қоймай, балалардың әсем образды сөздер, теңеулер арқылы салыстыру білімдері кеңейеді. Балалардың ойлау тұтастығын, табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін мақсат-міндеті айқындалған экологиялық тәрбиені жыл көлемінде жүргізу керек.

Топсеруенге шығу. Топсеруенге шығу үшін негізгі нәрсе - ол дайындық. Қызықты, дұрыс ұйымдастырылған топсеруен жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді:

- ақыл-ой тәрбиесінің дамуына (алған білімдерін табиғаттан да алуға, үйренуге)
- еңбек тәрбиесі (өзіне қажетті заттарды алып жүру еңбекқорлыққа)
- этикалық тәрбие (қоршаған ортаны аялау, қорғау,сүюге)
- эстетикалық тәрбие (табиғаттың сұлулығын бағалай білуге)
- дене тәрбиесі (шапшаңдыққа, қимыл қозғалысының дамуына)
- салауатты өмір сүруге (аурудың алдын алуға, табиғат аясында шынығуға)

Серуен арқылы балаға айнала қоршаған орта туралы толық мағлұмат беруге болады. Бала ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып, білімін жетілдіреді, өзі үшін жаңалық ашады. Әр серуен кезінде бала жаңа нәрсемен танысады, меңгереді. Балаларды табиғатпен таныстыруда: өлі табиғат, тірі табиғат, өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі және табиғаттағы еңбекке мән берген жөн. Серуен барысындағы қимылды ойындар мен қимыл-қозғалыстар балалардың денсаулығы мен өзін сезінуіне үлкен әсерін тигізеді.

Бақылау – сабақта, экскурсияда, серуенде, табиғат бұрышында, табиғатта жүргізіледі. Бақылауға алынатын негізгі объектілер тірі табиғат және өлі табиғат. Табиғат нысандары мен құбылыстарын бақылау және арасындағы айырмашылықтарды көре білуге үйретуде «Орманда кім тұрады?», «Құс күркесінде» т.б тақырыптар бойынша орман тұрғындары туралы бастапқы ұғым беріліп, дала жануарларын сыртқы ерешеліктері бойынша ажыратуда,й құстары жайында білімдерін нақтылауда жұмбақтар, көркем сөздер қолданып, олардың ерекшеліктері жөнінде білім дағдылары және қарапайым экологиялық мәдениет қалыптасады.

Балалар өлі табиғатты бақылау барысында топырақтың, ауа-райының өзгермелі болатынын байқайды. Мысылы: құмның алғашқы қалпы сусымалы болатыны, оған су құю арқылы саз балшыққа айналатындығын көрсетіп, одан балалар әр түрлі бейнелер жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады; қардың суға айналуы, оның қасиетін, қатты, жұмсақ,

ұлпа және салқын болатынын ажыратады. Судың қатуын бақылауда суды түрлі-түсті бояуға бояп, оны кішкене әр түрлі пішінді ыдысқа құйып, оны қатырып қойып, келесі күндері судың аязға, салқынға қатып мұзға айналғандығын, түсінің мөлдір екенін, жылтыр, оның пішіні құйылған ыдыстарға байланысты екенін балалар бақылайды. Балалармен ауладағы мұз сүңгісін бақылап, оның адам өміріне қаупі туралы да айтамыз. Осындай бақылау арқылы табиғаттың әр түрлі өзгерістерге ұшырайтындығына көз жеткізеді. Сонымен қатар, көктайғақ кезінде көшедегі адамдардың, машиналардың жүрісіне бақылау жасап, бақылау барысында балалар мұз үстінде машинаны бірден тоқтатудың, адамдардың мұз үстімен жүруінің қиындығын көзбен көріп біледі. Осы мақсатта тобымызда ата-аналарға «Абайлаңыз, көктайғақ» атты нұсқау кітапша дайындалды.

Балалармен суда тіршілік ететін аквариум балықтарын бақыладық. Оларға балалар жем шашып, қоректенуін, суда жүзуін тамашалады. Балаларға аквариумдағы балықтарға ерекше күтімнің керектігін: олардың суын жиі ауыстыру, бір күн тұрған суды құю, аквариум ішіне тас, балдыр салу, тағамын зоодүкенінен алу, жарық пен ауаның жеткілікті болу қажеттігі түсіндірілді. Күнделікті өмірде балықтың адам ағзасына пайдасы туралы әңгімелесу жүргізілді.

«Ауаның қасиеттері» тақырыбына тәжірибе жасап, стақандағы суды түтік арқылы үрлеу барысында ауа пайда болатынын, балауыздың жануы үшін де ауа керектігін, полиэтилен целофанға ауа кіргізу арқылы ауаның түссіз екенін, мандаринның қабығы арқылы ауаның иісін өзгертуге болатынына көз жеткіздік

Топ балалары және олардың ата-аналарымен бірге «Сиқырлы су» атты жоба ұйымдастырып, «Ғажайып су» атты лепбук құрастырдым, ата-аналар «Су және мен» атты альбом шығарды, тәжірибе жасау бұрышын қажетті құрал-жабдықтармен толықтырды.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру еңбек тәрбиесімен де байланысты. Табиғаттағы еңбек балалардың өсімдіктер мен жануарларды күтуге қатысуын, табиғат мүйісінде, бақшада, гүлзарда өсімдіктер өсіруін көздейді. Еңбектің бұл түрінің байқағыштықты дамытуға, тірі нәрсенің бәріне ұқыпты қарауға, туған елдің табиғатын сүюге тәрбиелеу үшін ерекше маңызы бар. Балаларды табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қолдарынан келгенше қамқорлық жасауды үйретуде, табиғат бұрышында еңбек ету кезінде балалар үлкендер еңбегін бақылап, тәрбиешінің ұсынысымен қарапайым тапсырмаларды орындай отырып, гүлдерді қалай баптауға болатыны жөнінде түсініктері қалыптасады.

Өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда халық ауыз әдебиетінің де ерекше орын алатындығын айтып өтуіміз керек. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік пен оған деген үнемді көзқарас халық ауыз әдебиеті фольклорының барлық жанрларында көрініс тапқан. Өлеңдерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, ертегілерде қазақ халқы жекелеген табиғат құбылыстарына, құстарға, жәндіктерге деген өз көзқарасын білдіріп отырған. Ғасырлар бойғы табиғат құбылыстарын бақылаудың өмірлік тәжірибесі әдет-ғұрыптар мен ырымдарда көрініс тауып, атадан балаға мұра ретінде беріліп отырды.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде туған табиғат аясы ерекше орын алады. Мысалы: «Туған жерге туың тік», «Туған жердің топырағы киелі», «Жері байдың - елі бай», «Тозған жерде тоқшылық болмайды», «Күте білсең – жер жомарт», «Табиғат аң-құсымен ажарлы».

Табиғатқа деген сүйіспеншілігін, оның құбылыстырын бақылаудың бай өмірлік тәжірибесін қазақ халқы жұмбақ арқылы қалдырған. Жұмбақтарда халықтың табиғатқа, жан-жануарларға деген дүниетанымдық көзқарасы жатыр. Қазақ халқының жұмбақтары өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды орын алады. Себебі, олар балада табиғатты бақылауға деген қажеттілікті оятады, әсемдік сезімін тәрбиелейді, түрлі табиғат құбылыстары, өсімдік және жануарлар әлемі жөнінде жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіп, білімін кеңейтеді.

Өз тәжірибемде ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тақырыпқа сай өсімдіктер,жануарлар, жыл мезгілдері мен табиғи құбылыстарға байланысты жұмбақтарды жиі қолданамын.

Мысалы:

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады.

Бұл не?(Күн)

Өзі айлакер,өзі қу

Жүрген жері айқай да,шу (түлкі)

Мектепке дейінгі мекемеде экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ертегілердің маңызы зор. Ертегілерді балалар сүйіп тыңдайды. Көптеген ертегілерде жан-жануарлар мен құстар адамның нағыз досына айналады. Сондықтан да балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуде табиғат жөнінде жинақталған халық білімін оқу материалына, тәрбие жұмысының мазмұнына енгізу маңызды.

Халқымыздың тыйым сөздері арқылы да, мысалы: «суға түкірме», «қолыңды айға шошайтпа», «көк шөпті жұлма», «малды бастан ұрма» т.б. сөздер арқылы баланы жаман қылықтан аулақ етіп, өзін қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатқа қамқор болуға үйретеміз.

Экологиялық тәрбие беруде күнделікті оқу қызметінде қолданылатын дидактикалық ойындардың үлесі зор.«Не қайда өседі?», «Ең әдемі көбелек», «Жапырағына қарап таны», «Ненің құйрығы», «Мекенін тап», «Не қалай дыбыстайды?», «Гүлдердің өсуі үшін не қажет?», «Жануарға төлін табуға көмектес» т.б дидактикалық ойындарды қолдану арқылы ағаштың жапырақтарын ажыратуға, аттарын атап, түстерін тануға, жәндіктер мен жануарларды ажырата білуге, мекенін табуға, гүлдерге күтім жасай білуге тәрбиелеймін.

«Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін ата», «Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар», «Дұрыс-бұрыс» атты дидактикалық ойындарды ойнату арқылы балалардың табиғатта өзін-өзі ұстау мәдениетін дамытамын.

Балаларға «Қазақстанның жануарлар әлемі», «Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер», «Қыстап қалатын құстар», «Жәндіктер тіршілігі» және т.б. бейнефильмдерді және «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты мультфильмін және т.б ұйымдастырылған оқу қызметінде көрсеттім.

Қазіргі экологиялық мәселелер адамзат баласын ойландырып отырған кезде, халқымыздың бұл салада қалдырған тәрбиелік мәні зор асыл мұраларына көңіл бөлу қажет. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтау жайында қазіргі ұрпаққа өнеге-үлгі боларлық асыл мұралары арқылы жетіп отырған. Осындай әрбір асыл мұраның өзінде қаншама терең ой, әрі тәлім-тәрбие өнегесі жатыр. Сондықтан да әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында оны пайдаланып отырса, балалардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпалын тигізбек.

Қорыта келе айтарым, экологиялық мәдениет – күрделі ұғым. Экологиялық мәдениет адамда белгілі бір дәрежеде білім қорының болуын, сенім мен моральдық мақсаттылықтың болуын, сондай-ақ оның табиғатты көздің қарашығындай сақтау мәселесімен үйлесімді келетін тәжірибелі іс- әрекет жасауға дайын болуын қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. Алматы. 1998 ж
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
3. Экологиялық білім беру бағдарламасы. Қазақстан мектебі, Алматы, 1999.Манкеш А.Е, Баталова Э.Н, Айналаны қоршаған орта.
4. Есеналина Н.Т. «Экологиялық тәрбие көзі-халықта» атты оқу әдістемелік құралы, 2004
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер.
6. Балабақшадағы экологиялық тәрбие /Отбасы және балабақша-1996. №11-12/
7. Көбеева Н «Бала және табиғат» \\ Үйелмен және балабақша. – 1993. № 5.
8. Құлшанова С Табиғатты қорғау. \\ Отбасы және балабақша. – 1993. № 6.
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту 5/ 2019ж
10. Ғаламтор желісі

ӘОЖ 373.2.09:908

РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Жапарханова Гулнура Тулегеновна, *воспитатель, КГКП «Детский сад – ясли №3 «Балбөбек» отдела образования по г. Усть – Каменогорску управления образования ВКО*

В статье говориться о важности экологического воспитания и образования в детском саду и логической взаимосвязи экологического воспитания и образования с особенностями региона

Экологические знания – это не самоцель, это лишь средство формирования отношения к природе, которое строится на эмоционально-чувственной основе, проявляемой ребенком в разных видах деятельности.

Одним из важнейших средств воспитания и развития детей дошкольного возраста это природа. Сколько открытий делает ребенок, общаясь с ней! Неповторимо каждое живое существо, увиденное малышом. Разнообразны и природные материалы (песок, глина, вода, снег и т. д.), с которыми, дети так любят играть. Дошкольники общаются с природой в разное время года — и когда вокруг лежит пушистый белый снег, и когда зацветают сады. Вместе со взрослыми радуются они прохладе воды в летний зной и журчанию лесного ручья, разнотравью лугов, вкусной ягоде и запахам лесов. Ни один дидактический материал не сравнится с природой по разнообразию и силе развивающего воздействия на ребенка. Предметы и явления природы наглядно предстают перед детьми. Таким образом, малыш непосредственно, с помощью органов чувств, воспринимает многообразие свойств природных объектов: форму, величину, звуки, краски, пространственное положение, движение и т. д. У него формируются первоначальные конкретные и яркие представления о природе, которые в дальнейшем помогают ему увидеть и понять связи и отношения природных явлений, усвоить новые понятия. Многие связи и отношения между природными явлениями дети познают в процессе наблюдений. Это дает возможность педагогу развивать у воспитанников логическое мышление. Разнообразие объектов природы позволяет воспитателю организовать интересную и полезную деятельность детей. В процессе наблюдений, игр, занятий и труда в природе дети знакомятся со свойствами и качествами объектов и явлений природы, учатся замечать их изменение и развитие. У них развивается любознательность. Полученные знания и умения дошкольникам предлагается использовать на практике: ребята увлажняют песок, поливают водой снег для создания прочных построек, окрашивают воду в разные цвета. В процессе этой деятельности происходит дальнейшее совершенствование знаний и развитие умственных способностей. Влияние природы на развитие личности ребенка связано с формированием у него определенных знаний о ее объектах и явлениях. Знания о природе помогают малышу ориентироваться в качествах, признаках и свойствах различных предметов. Поэтому если говорить о задачах, стоящих перед воспитателем, знакомящим детей с природой, то первой среди них будет формирование у детей элементарной системы знаний. Система знаний о природе включает знания об ее объектах и явлениях (их признаках, свойствах), а также связях и отношениях между ними. Знания о природе у детей дошкольного возраста формируются на уровне представлений, в которых отражены существенные, но внешне выраженные признаки, связи и отношения. Знания о природе побуждают детей бережно относиться к ней. Добрые дела и поступки подкрепляются осознанием правильности и необходимости такого поведения в целях охраны природы. Однако бережное отношение к природе невозможно сформировать только на основе знаний. Труд в природе является проявлением активной заботы о ней.

Отсюда вторая задача — формирование у детей трудовых навыков и умений. Понимание детьми необходимости создания тех или иных благоприятных условий, основанное на знаниях и подкрепленное прочными трудовыми навыками и умениями, создает основу для подлинной любви к природе. Трудовые навыки и умения, приобретенные в детстве, не разрушаются — в дальнейшем они совершенствуются, превращаясь в более сложные виды труда. Труд детей в природе дает реальные результаты. Этим он и привлекает к себе детей, вызывает радость и желание ухаживать за растениями и животными.

Третья задача — формирование у детей любви к природе. Эта задача вытекает из гуманистической направленности воспитания в нашем обществе и необходимости охраны природы — насущной заботы всего человечества. Бережное отношение к природе предполагает проявление добрых дел и поступков в тех случаях, когда это необходимо, а для этого дети должны знать, как ухаживать за растениями и животными, какие условия создавать для их благоприятного роста и развития. Особое значение для формирования бережного отношения к природе имеют знания о живом организме, умение отличать его от объектов неживой природы. Формирование бережного отношения к природе зависит и от способности эстетически воспринимать ее, т. е. уметь видеть и переживать красоту природы.

Четвертая задача – формирование творческой личности, способной к активности и эффективной жизнедеятельности в многонациональной среде, обладающей развитым чувством понимания и уважения культур, умеющих жить в мире и согласии с людьми других национальностей. Ознакомление детей дошкольного возраста с бытом и жизнью родного края, традициями, нравственными ценностями, особенностями материальной и духовной культуры, воспитание патриотических чувств. Мы должны научить детей любить свою семью, Родину, уважать окружающих их людей. Все перечисленные задачи, стоящие перед воспитателем, тесно взаимосвязаны — необходимо рассматривать и решать их в комплексе. Сложность и многообразие этих задач требуют от педагога умения использовать разнообразные методы работы с детьми (наблюдение, игра, труд, чтение и рассказывание, организация опытов, беседа и т. д.) в их взаимосвязи.

Знания о неживой природе.

На протяжении дошкольного возраста у детей формируют знания о смене дня и ночи. О типичных погодных явлениях, характерных для местного края: наличие теплых и холодных дней, пасмурной и солнечной погоды, типичных атмосферных явлений — дождь, снегопад, ветер, изморозь, иней, гроза и т. д. Дошкольники учатся распознавать состояние погоды и определять ее соответствующим термином-словом. Постепенно дети начинают соотносить состояние погоды с тем или иным временем года, устанавливать причины сезонных изменений. У детей формируются представления об агрегатном состоянии воды и его зависимости от температуры воздуха: жидкая вода может быть твердой (лед, снег, иней). В морозную погоду снег рассыпается, скрипит под ногами — из него невозможно что-либо лепить. В теплую погоду начинает подтаивать, становиться влажным, пластичным — из него можно лепить различные фигуры. В детском саду воспитанников знакомят с такими объектами неживой природы, как песок, глина. С этими природными материалами дети любят играть. Однако для развития игровой деятельности важно иметь четкие представления об их свойствах. Сухой песок сыплется, через него свободно проходит вода, а если его увлажнить, он становится пластичным, и тогда из него можно строить, лепить. Глина не пропускает воду, сухая рассыпается, а влажная может приобретать любую форму. На эти темы были проведены экспериментальные исследования. Дети знакомятся с почвой, с ее обработкой, подготовкой к выращиванию растений.

Дети участвовали в проекте «Озеленение участков»

У ребят формируют представления и о некоторых космических телах: о Луне, звездах, Солнце. Дети узнают, что Солнце является источником света и тепла на Земле. Система знаний о неживой природе лежит в основе понимания взаимосвязей между живой и неживой природой.

Знания о растениях.

В дошкольном возрасте необходимо учить детей различать и называть наиболее типичные, часто встречающиеся в данной местности деревья, кустарники, травянистые растения. Воспитатель отбирает наиболее ярко цветущие в разные времена года растения местного края и показывает их детям. На огороде он предлагает понаблюдать за ростом и развитием овощных культур, в цветнике — полюбоваться декоративными растениями, расцветающими в разные периоды — от весны до осени. Воспитанников детского сада знакомят и с комнатными растениями, учат узнавать, различать и называть наиболее яркие, часто встречающиеся из них. В дошкольном возрасте детям доступны знания о потребностях растений: для жизни, роста и развития растения нуждаются в свете, тепле, влаге, почвенном питании. Ребята учатся различать части растений (лист, стебель, корень, цветок, бутон, семя, плод). Узнают о функциях некоторых из них, например: корень забирает из земли влагу и питательные вещества. Знакомила детей с различными способами ухода за комнатными растениями, в уголке природы. Дети самостоятельно и с удовольствием сами ухаживают за цветами. Ребята узнают, что все растения необходимо поливать, очищать от пыли, подкармливать, пропалывать, кроме того, нужно рыхлить для них почву. У них формируются знания о месте роста растений (в огороде, цветнике, парке, на лугу, в лесу).

На протяжении дошкольного возраста у детей формируют представления об изменениях состояния растений в разные сезоны: пробуждение, быстрый рост и развитие весной и летом, созревание плодов и семян летом и осенью, состояние покоя зимой. Необходимо добиться того, чтобы дети понимали сущность состояния известных им деревьев, кустарников, трав в тот или иной сезон и могли объяснять причины этого состояния. Очень важно дать воспитанникам элементарные знания об охране растений.

Знания о животных.

Детей дошкольного возраста знакомят с наиболее часто встречающимися представителями млекопитающих, птиц, пресмыкающихся, рыб, земноводных и насекомых.

Им рассказывают о домашних животных и диких зверях родного края. О редких животных, занесенных в красную книгу. У дошкольников формируются представления о пресмыкающихся и земноводных. Знания о рыбах и их повадках хорошо формируются в процессе наблюдений и ухода за аквариумными рыбками.

Знания о труде взрослых в природе.

Воспитатель рассказывает детям о способах выращивания растений и ухода за животными, об охране природы и использовании ее человеком. Ребята узнают об условиях, необходимых для роста и развития растений, о способах обработки почвы, о том, как производятся посев, посадка, прополка, подкормка и т. д. хлебных, овощных и других культур.

Знания о сезонных изменениях в природе.

В дошкольном возрасте доступны следующие знания об изменениях в природе: каждый сезон имеет свою продолжительность дня и ночи, определенный характер погоды, температуру воздуха, типичные осадки; особенности явлений неживой природы определяют состояние растительного мира и образ жизни животных в данный сезон: зимой растения находятся в состоянии покоя, весной по мере увеличения продолжительности дня, температуры воздуха создаются благоприятные условия для роста и развития растений — начинается период активной вегетации. Самые благоприятные условия для жизни растений создаются летом: день становиться длиннее, повышается температура воздуха, выпадают обильные дожди. Осенью продолжительность дня постепенно сокращается, температура воздуха падает, замирает жизнь растений: они готовятся к состоянию покоя. Жизнь животных также в большой степени зависит от изменений в природе.

Все эти знания я постепенно усваиваются детьми через игры, занятия, наблюдения. В проведении игр и занятий я в своей работе использую такие технологии, как телевизор, интерактивную доску, наглядный материал.

Формирование бережного и заботливого отношения к природе.

Любовь к природе можно воспитать лишь на основе знаний, как мы уже отмечали, о растениях и животных, условиях их жизни, основных потребностях, а также навыков и умений по уходу за растениями и животными. Формированию бережного отношения к природе

Қоршаған ортаның ластануы. Бізді қоршаған су. «Тамшының саяхаты» ертегісі. Ауаның жердегі рөлі. Өсімдіктерге лас ауаның әсері. Жеміс түрлері. Табиғи материалдармен жұмыс. Қазақстанда кездесетін өсімдіктер. «Өсімдіктердің сұлулық сымбаты» мәнжазба. Біздің өлкеміздің шипалы өсімдіктері. Жергілікті өсімдіктер. Өсімдіктерді көбейту жойын үйренейік. Өсімдіктердің түрлерін көбейту жолдарын үйрену. Өсімдіктердің ашық жерге бейімделуі. Әр түрлі су қоймаларының таңғажайып тұрғындарымен танысу. Аквариумда сәндік балықты сақтау дағдылары. Құстардың біздің досымыз. Экскурсиялар, саяхаттар, құстарға күтім жасау кезінде құстарды қарау. Бұл көңілді жануарлар. Түрлі экзотикалық жануарлармен таныстыру, оларды үйде күту ережелері. Тірі бұрыштағы жануарларды күту және бақылау. «Шығармашылық шеберханасы». Әр түрлі материалдармен жұмыс. Жалпы ақпарат, қағазды өңдеу әдістері. Қауіпсіздік ережесі. Аспаптар. Мерекелерге, көрмелерге, экскурсияларға қатысу. «Сыпайы сабақ» әңгімесі. «Сұлулық бар жерде мейірімділік бар» әңгімесі. «Пайдалы және жаман әдеттер» әңгімесі. «Күн, ауа және су - біздің жақсы достарымыз» әңгімесі. Бөлім бойынша қорытынды.

III .Мен зерттеушімін (22 сағат)

Ғылыми зерттеулер және біздің өміріміз. Зерттеу әдістері. Бақылау мен байқағыштық.Тағамды өсімдіктер жайлы не білеміз? Эксперимент жасау. Өсімдік және минералды элементтер. Болжам жасау. Өсімдіктердің жасырын сырлары. Талдау және бекіту. Жеміс түрлері. Талдау курсынан не үйрендік. Өсімдіктерді қорғау. Менің қолымнан келеді. Ұжымдық зерттеулер. Өзіндік зерттеулер. Қорытынды сабақ.

«Жас эколог» оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Соның ішінде		
			Теор.	Тәжіриб	Өз беті
1	**Кіріспе. Қауіпсіздік.Тәртіп.**	2	2		
	I Экология				
2	Экология және оның міндеттері	3	1	1	1
3	Экологияның даму тарихы мен ғалымдар	1	1		
4	Биосфера және оның қасиеттері.	2	1	1	
5	Табиғат және адамзат	9	7	1	1
6	Тірі ағзаларға әсер ететін факторлар	5	3	2	
7	Өсімдіктер классификациясы	13	5	5	3
8	Тіршіліктің негізгі орталары	2	1	1	
9	Өсімдіктердің өмір сүру ортасы	12	7	4	1
10	Ағзалардың бейімделгіштігі	1	1		
11	Өсімдіктерді көбейту және өсімдіктердің бейімделуі	4	2	2	

12	Табиғат қауымдастықтары. Экожүйелер	7	6		1
13	Экологиялық пирамидалар	2	1	1	
14	Ағзалардың өзара әрекеттесуі	2	1	1	
15	Интерактивті ойын «Ғажайып алаң»	1	1		
16	Интерактивті ойын «Экологиялық каллейлоскоп»	1	1		
17	Табиғатта өзін-өзі ұстау ережесі	4	1	2	1
18	«Жер – біздің ортақ үйіміз» брейн-ринг	2	1	1	
19	Қорытынды сабақ	1			1
II Табиғатты қорғау					
20	Қоршаған ортаның ластануы	5	3	1	1
21	Бізді қоршаған су	3	1	1	1
22	Ауаның жердегі рөлі	4	1	1	2
23	Орман құпиялары. Орман дәріханасы	5	1	2	2
24	Ботаникалық бақтар мен қорықтар	5	1	2	2
25	«Қызыл кітап» ізімен	5	1	2	2
26	Ерекше қорғалатын аумақтар	5	1	2	2
27	Адам денсаулығы – ұлт саулығы	5	1	2	2
28	Таңғажайып жануарлар	4	1	2	1
29	Экскурсиялар, мерекелік шаралар	10	10		
30	Қорытынды сабақ	1			1
Мен зерттеушімін					
31	Ғылыми зерттеулер және біздің өміріміз	2	1	1	
32	Зерттеу әдістері	2	1	1	
33	Бақылау мен байқағыштық	2	1	1	
34	Эксперимент жасау	2	1		1
35	Болжам жасау	2	1	1	
36	Талдау және бекіту	2	1	1	
37	Хабарлама жасау өнері	2	1	1	
38	Ұжымдық зерттеулер	3	1	2	
39	Өзіндік зерттеулер	4	1		3
40	Қорытынды сабақ	1			1
	Барлық жиынтығы	148	73	45	30

Білім беру бағдарламасының материалды-техникалық қамтамасыз етілуі.

Үйірме бірлестігінің сабақ өткізетін оқу кабинеті санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес. Кабинетте педагогтың жұмыс орны және оқушылар үшін 15 жұмыс орны, тақта, комьютер, принтер, мультимедиалық проектормен жабдықталған.

Өсімдіктертер әлемімен танысу барысында тәжірибелік жұмысты жүргізуге арналған оқу-зерттеу экобиоорталығы негізінде ұйымдастырылған зертханалық жылыжай және гербарилер, микроскоптармен толықтай жабдықталған.

Жануарлар әлемімен танысу барысында тәжірибелік жұмысты жүргізуге арналған экзотикалық жануарлар экспозициясына экскурсиялар ұйымдастырылады.

Сырт кімге қойылатын талаптар: еркін және білім беру мекемелерінің талаптарына сай киім үлгісі, ал экскурсия кезінде ауа- райы жағдайына лайықты киім үлгісі ұсынылады.

Әдістемелік нұсқаулықтар.

"Жас эколог" бағдарламасы 10-14 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отыра құрастырылды. Әр бағдарламада тиімді келетін әдістер қолданылады. Солардың бірнешеуіне тоқталайық.

Мысалы сөздік әдістерді қолдануда оқушылардың алатын білім көзі, мұғалімнің немесе оқушылардың сөзі болып табылады. Оқушылар тек пассивті тыңдаушы ғана емес тыңдау барысында олардың ойлау әрекеті дамиды. Сөздік әдістерге сұрақ-жауап, "сұқпат", түсіндіру немесе баяндау, мұғалімнің әңгімесі, мектеп лекциялары, пікірталас жатады. Сұрақ-жауап әдісінің басты мақсаты оқушылардың сана-сезімін ояту, алға қойған мәселені, сұрақты шешу. Алға қойған мәселені, сұрақты шешу үшін мұғаліммен оқушының белсенді түрде қатысуы шарт, мұғалімнің педагогикалық дұрыс қойған сұрағына оқушылар жауап іздейді, ойлау қабілеттері артады. Мұғалім оқушылардың бұрынғы қалыптасқан білімдеріне сүйене отырып білім алуына мүмкіндік жасайды. Мұғалімнің жетекшелігімен сабақ соңында оқушылар өз білімін жаңа материалдың мазмұнын меңгеріп белгілі бір қорытынды жасауға дағдыланады. Сұрақ-жауап әдістерін жинақтап қорыту сабақтарында, жаңа білімді бұрынғы өтіп кеткен тақырыптармен байланыстыруы өте тиімді. Бірнеше ұқсас обьектілермен құбылыстарды оқу кезінде, сұрақ-жауап әдісін индуктивті түрде қарастыруға болады. Индуктивті әдісте жеке фактілерді таңдай отырып, бағыттаушы сұрақтар арқылы оқушыларды жалпы қорытынды жасауға итермелейді.

Дедуктивті сабақты жүргізу барысында мұғалім оқушыларға бұрыннан белгілі жалпы ережелерді, көзқарастарды, пікірлерді, түсініктерді айта келіп, одан жеке-жеке таңдау арқылы қорытынды жасайды.

Одан басқа сабақ барысында практикалық әдістерді қолдануы керек. Практикалық әдістерді қолдану оқушылардың рецепторлары мен анализаторларын белсендіреді, еңбекке баулиды. Оқушылар бұрынғы алған білімдерін іс-жүзінде практикалық тапсырманы орындау нәтижесінде жүзеге асырады, дағдылары қалыптасады. Сабақ барысында практикалық әдістердің келесі түрлерін пайдаланған жөн:

1.Табиғи обьектілерді танып білу және анықтау.

2.Құбылысты бақылап есепке алу.

3.Эксперимент жасау.

Практикалық жұмыстың барысында қойылған мәселе мен сұрақты практикалық жұмыстың көрсеткіші мен оқушылар дәлелдеуі керек. Көрнекілік әдісі мен практикалық әдіс кезеңіндегі оқушылардың бақылауының айырмашылығы жер мен көктей. Практикалық бақылау кезінде оқушылар өз бетінше жұмыс жүргізеді, өлшейді, есептейді келтіреді т.б. Осындай бақылаудың нәтижесінде оқушылар құбылысты дәлелдейтін материалдар жинайды. Осындай бақылаулар және эксперименттер сабақтарды, үйде, экскурсия кезінде, мектептің оқу-тәжірбие учаскісінде жүргізіледі. Оқушылар оны ауызша немесе жазбаша тапсырма бойынша жүзеге асырады.

Көрнекілік әдісін қолдану, оқушылардың жаңа мазмұнды қабылдау және ойлау қабілетін дамытады.

Сабақта келесі көрнекіліктерді пайдалануға болады:

1.Табиғи түріндегі (табиғи тірі обьектілер және препараттар);

2.Бейнелеу құралдары (таблицалар, диаграммалар, сызба нұсқалар, муляждар, бейнефильмдер).

Әсіресе табиғи обьектілерді демонстрациялау пәнді оқытудағы тиімділігі өте жоғары. Оқушылардың санасында өсімдіктер мен жануарлар жайында нақты ұғымдар қалыптастырылады.

Мұғалім оқу үрдісі барысында сөздік және практикалық сабақтары арқылы білім бере отырып, сонымен бірге оқушылардың мұғаліммен өзіндік жұмысын және оқушылардың өз бетімен жұмыс атқаруын қамтамасыз етеді.

Сондықтанда оқушылар төмендегідей талаптарды сақтауы керек:

- сабаққа кешікпеу;
- оқу үрдісіне белсенді қатысу;
- берілген тапсырманы белгіленген мерзімнен кешіктірмей орындау;
- кез келген үлгідегі жазба жұмысты жұмыс жағдайының ерекшелегіне қарай ұқыпты безендіру;
- оқытылған курстың негізгі терминдерін білу;
- лобараториялық сабақтарда, экскурсия кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
3. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж.17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
5. Экология Г.С.Оспанова,Г.Т.Бозташаева Алматы, 2002
6. Экология оқу құралы Ә.Бейсенова,Ж.Шілдебаев Алматы, 2005
7. Экологиялық білім мен тәрбие беру ерекшелігі (әдістемелік құрал) Алматы, 2003
8. Қала және қоршаған орта. Әділов Ж. Алматы: Ана тілі, 1991.
9. Экология негіздері.Баешов Л, Дәрібаев ЖЕ, Шакиров Б.С.
10. Жалпы экологияның кысқаша курсы. Бродский А.К Алматы: Ғылым, 1997.
11. Экология — наука для всех. Гуриков Д.Е. Алматы: 1990.
12. Экология и устойчивое развитие. Дрейер О.К., Лось Р.А. - М: УРА О, 1997.
13. Социальная экология. Лосев А.В., Провадкин Г.Г. - М: ВЛАДОС, 1998.

ӘОЖ 37.09:57

БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНДЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Темиралова Гульбакыт Токтарбаевна, *биология пәнінің мұғалімі: педагог – зерттеуші Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп – лицейі» КММ*

Мақсаты:Биология пәндерінде экологиялық проблемаларды шеше отыра, жергілікті жердің компоненттерін сабақта пайдалану

Жаңартылған білім беру бағдарламасы күнделікті оқытуда жергілікті компоненттердің болуын көздейд

Педагогикалық оқуға ұсынылып отырған баяндама негізінде, мұғалімнің сабақ барысында оқушылардың өлкенің елді-мекендеріне, табиғатына, тарихына деген құрметтерін арттыруға тәрбиелеу, жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушыларға өзіндік зерттеу, тәжірибе жасата отырып, сыни ойлай білуге, шығармашылық жұмыстарды орындауға баулыған. Мақсатында жүргізілген жұмыстары айқын көрсетілген. Мұғалімнің өзіндік әдістемелік шеберлігі, шығармашылық ізденісі, оқушының оқуға деген ынтасын, пәнге қызығушылығын арттыратыны анық. Жұмысқа дәлелдер ретінде фотосуреттер, сілтемелер, схемалар қосымша ретінде ұсынылған.

Өзектілігі:*Биология сабақтарында аймақтық компоненттерді оқыту арқылы оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру. Оқыту барысында оқушыларды табиғатты, туған жерді, қоршаған ортаны қорғауға баулу. Туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру. Аймақтық компонент туралы мәліметтер жинақтау кезінде оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың ізденісін арттырып, олардың шығармашылық жұмысын дамыту.*

Сабақ оқыту ұйымдастырудың негізгі түрі, демек әрбір сабақ оқу үрдісіндегі шешуші буын. Сондықтан сабақ оқытуды жетілдіру , қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді мағыналы да мәнді етіп құрылымын ойластыратын мұғалім.Сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, даму үстінде сапалы ізденістерді талабына сай болу міндетін маңызды деп санайды.Сондай-ақ сабақтың мақсаты айқын болуы тиіс. Оқушылардың оқу

материалдарын терең , тиянақты ұғынып, меңгеруі үшін , өз елінің соның ішінде тақырыпқа сай келетін жергілікті жер материалдарын қолдану артықттық етпейді.

Бүгінгі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру, оқушылардың қызығушылығын дамытуға қолданатын, санасына сіңіретін жергілікті материалдар аз емес.

Айта кететін болсақ, бастауыш сыныпта дүниетану, әдебиеттік оқу, өзін-өзі тану, тіл дамыту,музыка, бейнелеу өнері, еңбекке баулу пәндерінде кеңінен қолдануға әбден болады .

Мектепте үш біріккен мақсат –оқыту, дамыту, тәрбиелеу-оқу үрдісінде толығымен сақталуы тиіс. Дамыту мен тәрбиелеу сабақты оқыту арқылы жүзеге асырылады.Осы мақсатты жүзеге асыру кезінде , әр пәннің тақырыбына сай келетін, жергілікті жер материалдарын қолдану тақырыбының жалғасы ретінде , «Марқакөл» деген сөздің қандай мағына беретіні туралы түсінік беріп, Марқакөлдің киелі топырағы табиғатымен, осы топырақтан ғылым және өкімет қайраткерлері тәрбиеленіп шыққаны туралы мәліметтер беруден бастау алады.

Негізгі бөлім

Марқакөл — Шығыс Қазақстан облысында орналасқан әдемі көлдердің бірі. Көл Азутау және Күршім жоталарының аралығында, теңіз деңгейінен 1449,3 м биіктікте орналасқан. Суының мөлдірлігі мен көлді айналдыра қоршаған биік таулардың және әсем шыршалардың келбеті табиғатқа керемет көрініс береді.

Жағалауын қайың, қарағай, шырша өскен орманды алқап алып жатыр. Балыққа бай (табан, сазан, аққайран, хариус, майқан, қарабалық, мөңке балық, т.б.), зоопланктонның 60 түрі кездеседі. Құстың ондаған түрі мекендейді. Ағаштар арасынан қоңыр аюларды, бұғыларды, түлкілерді, жабайы мысықтарды, маралдарды, құндыздарды, буркітті, сирек кездесетін қызыл қасқыр, қара ләйлектерді және басқаларын көруге болады. Мұнда Марқакөл қорығы ұйымдастырылған.

Марқакөл – ұшса қыран қанаты талатын қазақ даласының шығысында орналасқан әдемі көлдердің бірі. Суының мөлдірлігі мен көлді айналдыра қоршаған биік таулардың және әсем шыршалардың келбеті табиғатқа керемет көрініс береді. Кейде Марқакөлді «Жүз өзен» деп атап жатады. Көлге 100-ге жуық шағын өзен мен бұлақтар келіп құяды, бірақ одан бір ғана Қалжыр өзені бастау алады. Көлге құятын өзендердің ірілері – Қарабұлақ, Матабай, Жиренбайтал т.б. Марқакөл алғаш рет орыс саяхатшыларының арқасында XIX ғасырда ғана хатқа түседі. Тау бөктерінде орналасқандықтан, Марқакөлдің климаты адам үшін өте жайлы болып келеді.

Биология пәнін оқытуда жергілікті компоненттерді сабақ барысында қолдану - оқушылардың туған өлкесінің табиғаты, флорасы мен фаунасы жайлы білім алып қана қоймай, оларды өз жерінің құндылықтарының қадірін түсінуге, табиғатты қорғауға тәрбиелейді. Жалпы, жаратылыстану және биология сабақтарында өлкетану элементтерін оқытудағы бірінші кезең ақпарат, мәлімет жинау және бөлісу әдістері арқылы басталады. Мысалы, Марқакөл өңірінде Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар дүниесі баршылық.

Шығыс Қазақстан облысының Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін, бағалы, жергілікті және құрып кету қаупі бар өсімдік түрлеріне зерттеулер кеңінен жүргізілуіне қарамастан, бүгінгі таңда Өскемен қаласының бірде-бір білім беру ошақтарында осы өсімдіктерді көбейтіп, ғылыми насихаттау жұмысын жүргізетін орын жоқ.

Қазіргі таңда, көптеген өсімдіктер бірқатар табиғи және антропогенді факторлардың салдарынан құрып кетудің сәл-ақ алдында тұр. Сондықтан, осындай ғылыми әрі шаруашылық маңызы сирек кездесетін өсімдіктер түрлерінің құрылымы және ерекшеліктерін зерттеу, осы өсімдіктерді сақтап қалу мақсатында өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді әр түрлі жолдармен көбейтіп оларға жете назар аударып, қорғау шараларын ұсыну жұмыстарын жүргізуді қолға алып отырмын.

Маралшөп тамыры(лат.Rhaponticum carthamoides)-күрделігүлділер тұқымдасы ,маралшөп туысына жататын көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Биіктігі 180 см-ге жуық. Тамыры көлбеу өседі, көптеген қосымша тамырлары бар. Сабағы түзу, шағын сайлары бар, іші қуыс, сырты өрмекшінің торындай, үлпілдек болып келеді. Тамыр жапырақтары ірі, сағақтары ұзын, сабақ жапырақтары отырмалы, жоғарлаған сайын біртіндеп кішірейе береді. Жапырақтары қауырсын тәрізді тілімделген, шеттері ара тісті. Гүлдері көкшіл, шар тәрізді тостағанша жасап сабақтың жоғарғы жағына жеке-дара орналасқан. Жемісі-қонырқай, төрт қырлы дәнек. Маусым-тамыз айларында Қазақстанда негізінен Шығыс Қазақстан, Талдықорған облыстарында өседі.

Сібір халықтары маралшөп тамырын ұзаққа созылған аурудан әлсірегенде, жалпы күш кемігенде қуаттандыратын дәрі ретінде қолданып келген. Сондықтан да олар бұл өсімдікті кісіні он төрт аурудан айықтыратын, жасартатын дәрі деп есептеген. Бұғылар осы шөптің тамырын тұяқтарымен қазып алып жейтін болғандықтан, халық арасында бұл өсімдік “марал тамыры” деп аталып кеткен.

Ақпарат жинау «Блум таксономиясының» білу және түсіну кезеңдеріне жатады. Қолдану кезеңінде көбінде салыстырмалы кестелер, органайзерлерді п





айдалану өте тиімді. Мысалы:

Осы өсімдіктердің емдік қасиеттерін талдау үшін зертханалық жұмыс әдістерін қолданамын. Көзбен көріп, қолмен ұстап зерттеу арқылы оқушы алған білімді ұзағырақ есте сақтайды. Мысалы, маралшөптің емдік қасиеті: дәрілік мақсатқа маралшөптің тамыры мен тамыр сабағын тамыз-қыркүйек айында жинап алады. Оның құрамында эфир майлары, илік заттар, аскорбин қышқылы, каротин және инулин бар. Соңғы кездегі зерттеулердің нәтижесінде маралшөп тамырының қанның қысымын көтеріп, орталық жүйке жүйесінің қызметін жақсартатындығы, кісінің әл-қуатын қалпына келтіріп, шаршағандығын басатындығы анықталды.

Биология сабағында жобалау зерттеушілік жұмыстарын қолданамын. Жобалау – оқушының өз бетінше ойлау, ақпараттарды жинау дағдысын, оны өңдеп, болжам жасау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытады. Жобалау әдісі теория жүзінде алған білімді тәжірибе жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша оқушының қызығушылық ынтасы туындайды. Мысалға

Біз зертханалық жұмыстарда оқушылармен өсімдіктердің қасиеттерін талдай және жинақтай отырып, өз қолымызбен тұнбалар әзірлеу жобасын алға тартып жүрміз. Шәкіртім, 8-

сынып оқушысы Запенова Аяулым, «Балқарағайдың емдік қасиеті» деген тақырыпта ғылыми жоба даярлап, жоба барысында емдік тұнба әзірледі. Нәтижесінде республикалық жобалар байқауында 2-ші жүлделі орынға қол жеткізді.

Блум таксономиясының жоғары деңгейлерінің бірі жинақтау және бағалау әдісстеріне оқушыларыма шығармашылық жұмыстар ұсынамын. Мысалы, заманауи әдістердің бірі РАФТ стратегиясы арқылы оқушылар алған мәліметті жинақтап және өздігінше бағалай алады.



Р- Кәдімгі таушымылдық (лат.Paeonia anomala)

А – адамдар

Ф – хат

Т – «Табиғатты аялайық!»

Қазіргі уақытта Қазақстанның қызыл кітабына енген таушымылдықтың құрып бара жатқанына көз жұма қарау және аяусыз жою белең алып барады. Таушымылдықтың тамырына жабысып тіршілік ететін құрт емдік қасиеті жағынан жоғары бағаланып, өте құнды болғандықтан, тіпті, жергілікті тұрғындардың арасында гүлді тамырымен қопарып, қазып құртуда. Табиғатты қорғау мәселесін жас ұрпақтың санасына әсерлі жеткізуге осы РАФТ стратегиясы өте тиімді.

Қорытынды:

Қорыта келгенде, аймақтық компонент жергілікті жер материалдарын сабақтарда пайдалану оқушының білім сапасын арттырады.

Биология пәні тікелей табиғатпен байланысты болғандықтан, кез-келген тақырыбы тәрбиеге тұнып тұр. Халқымыздың өмірі қоршаған ортамен тығыз байланысты. Табиғатты қорғау, таза сақтау және сирек кездесетін өсімдіктерді көбейту өмірдің баяндылығы ғана емес, рухани адамгершілік міндет деп санау керек.

Болашақта туған жеріміз жайнаған гүлдер, жайқалған шалғындар, телегей теңіз ормандар, сылдыраған бұлақтарға толып, жарқыраған Күн-ана, қамқоршы Жер-ана өміріміздің тірегі болып, көк байрақ көкте мәңгі желбірей берсін демекпін!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Дидар» газет басылымдары. 2007-2008 ж.ж.
2. «Қазақстан мектебі» журналдар. 2000-2003 ж.ж.
3. Адам және қоғам мәдениеті. Алматы. 2000 ж.
4. Анастасова Л.П. Самостоятельные работы учащихся по общей биологии: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1989.
5. Биология оқыту әдістемесі. Оқу құралы/ авт. Мырзабаева А.Б. – Караганда, 2006
6. Бровкина Е.Т., Казьмина Н.И. Уроки зоологии. – М.: Просвещение, 1987.
7. Брунов Е.П., Малахова Г.Я., Соколова Е.Л. Уроки анатомии, физиологии и гигиены человека. – М.: Просвещение, 1984.
8. Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии: Учебное пособие. – М., 1966.
9. Всесвятский Б.В. Общая методика биологии: Учебное пособие.- М., 1960
10. География және табиғат. 2003-2008 ж.ж.

ӘОЖ 373.2.09:502/504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Толыкова А.К.,*-әдіскер, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК*

Халық ұғымында табиғат деген сөз: жер – ана, туған жер, атамекен сөздерімен қатар тұрады. Ыбырай Жақаев мынадай даналық сөздер жазған: «Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа, адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі».

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып,суын ішіп отырған табиғат - Ананы қорғап,аялау, барша жұртқа тіршілік қамы,табиғи қажеттілік. Экологиялық білім беру – отбасынан басталады. Жас бала әр нәрсені білгіш келеді. Отбасы - бала тұлғасының негізі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін шын әлеуметтік орта. Бала тәрбиесінде отбасы мүшелері ,қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі мен жауапкершіліктері маңызды рөл атқарады.

Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу, қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады. Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты - табиғатты аялап,оны қамқорлыққа алып күту,табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында "Табиғат бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп өнер мекені" екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым- қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау - экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

Табиғат әлемі таңғажайып және керемет.Дегенмен,барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді.Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат, мұражайларға бару, мақсаттық серуен,телебағдарламалар, бейнефильмдер, табиғат туралы көркем әдебиеттер, суреттер, фотосуреттер, иллюстрацияларды тамашалау, музыка тыңдау, дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер. Тәрбие процесінде баланың дамуына қажетті жағдайларды пайдалана білу қажет. Осыған байланысты педагогтар балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ,әр түрлі материалдар арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп ұйымдастырады, оның дамып жетілуіне қажетті құралдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға деген көзқарасын дамытады.

Тәрбие жұмысының жаңа жолдарын табудың нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңиді, экологияға деген дүниетанымы артып, адамгершілік сапасы қалыптасады.

Мектепке дейінгі жастағы балаға экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін:

1. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің алғы шарттарын құру;

2.Балалардың экологиялық сауығуының дамуы үшін атқарылатын жұмыстарға көгалдандырылған зоналар құру және ұйымдастыру;

3.Тірі объектілерді күтіп-баптауға қолайлы ортаны іс жүзінде құру үшін іс-шаралар ұйымдастыру;

4.ҰОҚ балалардың жас ерекшелігін ескере отырып,әдістемелік құралдарды,дидактикалық ойындарды,қажетті құралдарды жүйелі түрде қолдану;

5. Педагог мамандардың білім деңгейі мен олардың біліктілігін арттыру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта,табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты байқаулар ұйымдастырылып, ата- аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы, өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізудің маңыздылығы:

а) балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

Табиғат сырларын ұғындыру жөніндегі экологиялық тәрбиенің ересектер,мектепалды даярлық тобында жоба-бағдарламалар ұсынылып отырады.

"Таза болса табиғат-аман болар адамзат,табиғат,сен-тіршілік тұнып тұрған,сен-күнсің,көтерілген күліп қырдан,сен-көлсің,сен -ормансың,сен- бұлбұлсың,адамға сұлулықты шын ұқтырған",-деп ақын ағамыз Садықбек Хангелдин жырлағандай,табиғат күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені,алтын ұя бесігі, құт-берекесі. Адам үшін табиғат ең қасиетті де қастерлі ұғым.Өйткені,адамның өзін дүниеге әкелетін аяулы да,қадірлі жан-анасы болса, адамның табиғатты"Ана" деп құрметтеуінде өте үлкен мән жатыр. Адам-табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, адам өміріне қажетті заттардың барлығын табиғаттан алады.

Сондықтан табиғат пен адамды бөліп қарауға болмайды. Әсіресе,қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін табиғатсыз елестету мүмкін емес.

" Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді", демекші,барша байлықтың анасы - Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

УДК 373.2.026:502/504

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ ДОШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР

Шнайдер Елена Сергеевна, *воспитатель, КГКП «Детский сад – ясли №3 «Балбөбек» отдела образования по г. Усть – Каменогорску управления образования ВКО*

Экологическое воспитание является новым направлением в дошкольной педагогике. Еще в середине прошлого столетия не возникал вопрос о необходимости экологического образования подрастающего поколения и это направление в образовании не выступало как часть общего образования, но как показывает время, технический прогресс - это не только достижения и

успехи человечества, но и гибель, упадок для природы в целом. От активной деятельности человека в природе страдает вся экосистема, баланс в которой нарушен деятельностью человека; именно поэтому есть необходимость воспитания экологически развитой и природосообразной личности, которая бы не вредила природе, не губила бы её, а знала, любила, охраняла бы её и жила с ней в гармонии. Социальный заказ общества на экологически грамотную и природосообразную личность предопределил цель экологического образования, направленную на формирование экологической культуры, под которой следует понимать совокупность экологического сознания, экологических чувств и экологической деятельности.

Дошкольный возраст является сенситивным периодом для восприятия информации, получения и присвоения определенного социально-нравственного, интеллектуального, эстетического и др. опыта. В период активных преобразований в дошкольной педагогике, поиска путей гуманизации воспитательно-образовательной работы с детьми и построения новых моделей взаимодействия взрослого и ребенка, внимание ученых и практиков обращено к игровой деятельности. Исследования отечественных психологов показали, что развитие ребенка происходит во всех видах деятельности, но, прежде всего, в игре. Сущность игры как ведущего вида деятельности заключается в том, что дети отражают в ней различные стороны жизни, особенности взаимоотношений взрослых, уточняют свои знания об окружающей действительности. Эльконин Д.Б. подчеркивал, что игра - это сложное психологическое явление, которое дает эффект общего психического развития. Педагоги-практики разработали принципы, содержание и методы экологического воспитания детей, позволяющие повысить обучающий эффект образования, что по сути является дидактической игрой [1].

В свою очередь, теоретико-методологические основы дидактической игры, ее роль, место в системе педагогического воздействия рассмотрены известными педагогами прошлого и настоящего. Над проблемой использования дидактической игры как средства развития дошкольников работали Леонтьев А.Н., Эльконин Д.Б., Венгер Л.А., Богуславская З.М., Дьяченко О.М., Бондаренко А.К., Короткова Н.С., Николаева С.Н., Дрязгунова В.А. и др., каждый из названных представителей науки внес свой неоценимый вклад в вопросы теории и практики дидактической игры, каждый из них рекомендовал её использование для достижения разных целей и для решения разных дидактических задач, но взгляды на сущность дидактической игры остаются одинаковыми и обозначено её явное влияние на развитие личности ребенка-дошкольника, в целом.

Экологическое отношение к миру природы формируется и развивается на протяжении всей жизни человека. Мир природы удивителен и прекрасен. Однако далеко не все способны видеть эту красоту, многообразие цвета, форм, разнообразие оттенков красок неба, воды, листьев. Умение «смотреть» и «видеть», «слушать» и «слышать» не развивается само собой, не дается от рождения в готовом виде, а воспитывается. Учиться жить в согласии с природой, с окружающей средой следует начинать в дошкольном возрасте [2].

На наш взгляд, именно игра позволяет удовлетворить детскую любознательность, вовлечь ребенка в активное освоение окружающего мира, помогает ему овладеть способами познания связей между предметами и явлениями. Игра оказывает на маленького ребенка развивающее воздействие и использование ее как средства экологического воспитания детей важно по целому ряду причин:

- развивает познавательные способности и речь ребенка, способствует становлению личности, сохранению здоровья;
- доставляет радость ребенку, поэтому понимание природы и общение с ней, проходящее на фоне игры, будут особенно эффективны;
- ставит взрослого и ребенка в партнерские отношения;
- в игровой комплекс включаются игры на развитие разных анализаторских систем (слух, зрение, осязание, обоняние и др.);
- экологические знания, полученные в игре и вызвавшие эмоциональную реакцию у детей, лучше войдут в их самостоятельную игровую деятельность, чем знания, воздействие которых затрагивает лишь интеллектуальную сторону личности ребенка;
- позволяет развивать у ребят самые разнообразные положительные качества:

воспитываются дружеские взаимоотношения между детьми, развивается чувство товарищества, взаимопомощи, воспитывается культура поведения и общения.

Поэтому целью своей педагогической деятельности определила формирование экологических знаний у детей дошкольного возраста через разные виды игр.

Для реализации цели выделила задачи:

1) формирование системы элементарных экологических знаний;
2) развитие познавательного интереса дошкольников к миру природы;
3) воспитание гуманного, бережного, эмоционально - положительного отношения к природе;
4) привитие трудовых природоведческих навыков.

Систему работы по формированию экологических знаний у дошкольников выстроила на основе Типовой учебной программы дошкольного обучения и воспитания в сочетании с парциальной программой «Юный эколог» С.Н. Николаевой, которая включает в себя занятия по экологическому воспитанию, экскурсии, прогулки по экологический тропе, чтение художественной литературы, познавательные беседы, экологические акции, праздники [3].

Подобрала и систематизировала разные виды игр:

1) подвижные игры природоведческого содержания «Ласточки и мошки», «Наседка и цыплята», «Волки и овцы» «Хитрая лиса» и др., в ходе которых, подражая действиям, имитируя звуки, дети закрепляют знания, а получаемая в ходе игры радость способствует углублению интереса к природе;

2) дидактические игры с предметами «Вершки и корешки», «Чудесный мешочек», «Угадай на вкус» и др., уточняющие представления детей о свойствах и качествах объектов природы, развивающие наблюдательность, внимание, память;

3) настольно-печатные игры «Времена года», «Зоологическое лото», «Кто в избушке живет, что хозяину дает?» «Мой дом» и др., направленные на уточнение, систематизацию и классификацию знаний дошкольников о представителях животного и растительного мира, явлениях неживой природы;

4) словесные игры «Рыба, птица, зверь», «В воздухе, в воде и на земле», «Кто больше?», «Концовки», «Ты часть - я целое» и др., закрепляющие знания о природе, развивающие внимание, сообразительность, связную речь, быстроту реакции;

5) творческие игры (строительные игры с природным материалом, театрализованные, сюжетно-ролевые), в ходе которых обогащаются знания детей, отражаются впечатления, полученные в процессе занятий и повседневной жизни.

Игры использую на занятиях в качестве его составной части или вместо нее, а также в часы досуга. В целях экологического образования на территории детского сада создана экологическая тропа, где с детьми провожу комплексные занятия, игры, организую практическую и исследовательскую деятельность.

При проведении занятий по экологическому воспитанию детей применяю игровые обучающие ситуации с привлечением игрушек - аналогов, с использование литературных персонажей хорошо известных детям сказок и рассказов (Буратино, Незнайка, Карлсон, Вини - Пух и др.).

При создании игровых ситуаций опираюсь на типичное поведение персонажей, как бы продолжая их жизнь в привычных условиях. (Красная Шапочка идет через лес к бабушке, по дороге она встречает разных зверей, собирает лекарственные растения, находит неизвестную ей ягоду и приносит детям, что позволяет развернуть беседу о ягодах).

Большой интерес у детей вызывают занятия, на которых происходят встречи с Лесовичком. Они проходят в разное время года и способствуют расширению у детей знаний о сезонных изменениях в природе, о представителях животного и растительного мира, умению устанавливать причинно-следственные связи, формированию эмоционально - положительного, бережного отношения к природе.

При использовании игровых обучающих ситуаций у дошкольников возникают положительные эмоции, как от самой игры, так и оттого, что с ними играет взрослый. Такая ситуация является хорошим психологическим условием для передачи новых знаний, усвоения

их детьми, для выработки умственных и практических навыков.

Применение игровых обучающих ситуаций показывает, что дети легко включаются в игровые диалоги с персонажами сказок, вымышленными героями, что положительно влияет на их личностные проявления: развивает способность принимать позицию другого, вести диалог, сочувствовать и сопереживать.

С целью формирования у детей интереса к жизни лесных животных и растений, особенностям их приспособления к лесному образу обитания, воспитания умения правильно вести себя в лесу и бережно относиться к природе провожу игры – путешествия: «Путешествие на луг», «Прогулка в зимний лес», «В подводном царстве » и др. Дошкольники посещают новые места, знакомятся с новыми явлениями в роли путешественников, туристов, экскурсантов и т. д. Это такой вид игры, сюжет и роли которой допускают прямое обучение детей, передачу им новых знаний.

Используя информационно-коммуникационную технологию, разработала серию игр экологического содержания («От какого дерева листок?», «Четвертый лишний», «Кто и что потерял?», «Найди животных, птиц, насекомых», «Папа, мама и малыш»), способствующие расширению у детей знаний о представителях животного и растительного мира, формированию эмоционально-положительного, бережного отношения к природе, развитию внимания, логического мышления.

Применяя принцип зонирования группового помещения, совместно с родителями создала предметно-развивающую среду, которая способствует формированию познавательной активности ребенка и бережному отношению к природе. В уголке природы дети имеют возможность наблюдать за жизнью растений и животных, в библиотеке просмотреть книги энциклопедического содержания о животных и растениях, иллюстрации, картины пейзажной живописи, в игровом центре, содержащим необходимые атрибуты к играм, удовлетворить основную потребность в игре.

По результатам диагностики показатель высокого и среднего уровня сформированности экологических знаний дошкольников в период с сентября 2019г. по май 2020г. увеличился на 47% (сентябрь 2019г. - 48%, май 2020г. - 95%). Дети эмоционально реагируют при встрече с прекрасным, проявляют интерес к объектам природы, стараются соблюдать правила поведения в природе, проявляют готовность оказать помощь нуждающимся в ней.

Таким образом, дидактическая игра может быть включена в любой раздел программы и её возможности следует использовать как для развития экологического сознания, экодеятельности, так и для формирования личности ребенка-дошкольника в целом.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Маневцева Л.М., Саморукова П.Г. Мир природы и ребенок. Методика экологического воспитания дошкольников. С-Пб, 1998. – 126 с.
2. Потапова Л.М. Детям о природе: экология в играх для детей 5-10 лет. Ярославль, 2002. – 123 с.
3. СорокинаА. И.,. Батурина Е.Г. Игры с правилами в детском саду: сборник дидактических и подвижных игр. М.,- 1962. 48 с.
4. Бондаренко Т.М. Экологические занятия с детьми 5-6 лет. Воронеж, 2004. – 136 с.
5. Бондаренко А.К. Дидактические игры в детском саду. Пособие для воспитателей детского сада. - М., 1985. – 96 с.

КРАЕВЕДЕНИЕ И ТУРИЗМ В ИЗУЧЕНИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ УЧИТЕЛЕМ КАК РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ

ӘОЖ 37.09:908:911

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕРІЛУ СИПАТЫ

Бейсембаева Р.С.[1], Қияноятова Н.Д.[2], Құмарбекұлы С.[3] *– г.ғ.к., асс.профессор[1], студент[2], докторант[3], С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі - патриоттық тәрбие беруді әлі де болса жүйелеп, жетілдіру қажеттілігі қарастырылған.

Орта мектептердің базистік оқу жоспарындағы «Қазақстан географиясы» пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарына ғылыми бағытта талдау жүргізу нәтижесінде оқушыларға өлкетану материалдары негізінде географиялық білім патриоттық тәрбие берудің жағдайын қарастырылған [1].

Жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі - патриоттық тәрбие беруді әлі де болса жүйелеп, жетілдіру қажеттілігі байқалды. Зерттеу барысында мектеп оқушыларының отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде өлкетану мәліметтерін мектептің оқу бағдарламасына кешенді түрде енгізу, сабақ барысында кіріктіру мүмкіндіктері қарастырылды. Жалпы білім беретін орта мектептерде патриоттық тәрбие берудің тиімді әдістерін жетілдіру, жаңа мазмұнда жасалған оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалардың қажеттілігі байқалды.

Яғни, мектептегі «жаратылыстану білім саласын» құрайтын «Қазақстанның физикалық географиясы», «Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік географиясы» пәндерінің бүгінгі оқу бағдарламаларында оқушылардың патриоттық тәрбие негізінде рухани кемелденуіне мән берілгендігін көреміз. «Қазақстан географиясы» курсының негізгі мақсаты - оқушылардың өз елінің табиғи, әлеуметтік және экономикалық жүйесі туралы түсінігін қалыптастыру, оның табиғат жағдайлары мен мен ресурстарының әр алуандығын ашып көрсету . Курсты оқып үйренудің нәтижесінде оқушылар еліміздің табиғи, әлеуметтік және экономикалық проблемаларына бағдар жасай білуі тиіс. Курстың негізгі идеясы - Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық қарым-қатынастар мәдениетін тәрбиелеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушыларды өлкетану арқылы патриотизмге тәрбиелеуде мектеп әрқашанда жоғары рөл атқарады.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда, «төрт түрлі құрмет: Отанға құрмет, адамға құрмет, кітапқа және туған тілге құрмет салтанат құрғанда ғана мектеп мәдениеттің нағыз ошағына айналады» [2].

8-9 сынып географиясының мектеп курсы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда үлкен күш болып табылады. Оқулықта кіріспеден қосарбеттегі қорытындыға дейін осы аталған идея нақты көрініс табады. Оқулыққа кең ауқымды, жан-жақты отантанушылық, өлкетанушылық білім жүйесі сыйғызылған. Бұлар патриотизмге тәрбиелеудің іргетасы болып табылады. Н.Н. Баранскийдің «Отанды сүю үшін, оны жақсы білу керек» деген кең таралған сөзі бар. Бұл сөздердің астарында қаншама мәнді мағына жатыр. 8-9 сыныптарға арналған Қазақстан географиясы пәні арқылы алған оқушылардың білімі өз отаныңның көздеген мақсатын орындауға жол ашады деп ойлаймын.

Қазақстан географиясы оқулығы сан алуан тақырыптар ұсынады. Тақырыптар негізінен оқытудың өлкетанушылық принципіне бағытталған. Хабарламалар мен рефераттар өз облысы (қаласы) және ауданы (ауылы) туралы білімді кеңейтудің, ауызша және жазбаша жауап беру мәдениетін қалыптастырудың, кредиттік жүйе жағдайында оқытуға даярлаудың құралдары болып табылады. Бұл жұмыстар оқушыларды қосымша білім көздерімен - аймақтық-өлкетану оқулықтарымен және энциклопедиялармен, монографиялармен, жергілікті БАҚ материалдарымен, облыстық және аудандық газеттермен жұмыс істей білуге үйрету үшін арналған.

Оқушылар тақырыптарға қажетті ақпаратты жылдам табу, жүйелеу, оларға талдау жасау, толықтыру және баға беру, олардың негізінде мәтін құрастыру, оны мақсатты жағдайға байланысты өзгерту сияқты өз бетінше білім алуға қажетті дағдыларды өздеріне қалыптастыруы керек. Қазіргі күні мектеп оқушыларында аймақтық-өлкетану мәліметтерін пайдалану арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесінің шешімін табуда мынадай проблемаларға тоқталғанды жөн деп білеміз:

- Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру материалдарын жүйелі, кешенді енгізу;
- Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясы пәндерін оқыту барысында аймақтық-өлкетану мәліметтерін пайдалану арқылы оқушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбие беруді жолға қою;
- Оқу-тәрбие үдерісінде патриоттық тәрбие беру мәселесін үздіксіз жүргізу.

Педагогикалық үдерісте аймақтық-өлкетану және туған өлке мәліметтерінің бейнесін тәрбие құралы ретінде пайдалану [3]. Жалпы білім беретін орта мектептегі Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясы пәндерінің оқу бағдарламасына енгізілген өлкетану негізіндегі патриоттық тәрбиеге лайықталған тақырыптар оқушылардың бағдарламалық білім мазмұнын тереңдетіп, теориялық білімдерін кеңейтіп, қазақстандық патриотизм туралы түсініктерін қалыптастырып, аймақтық-өлкетану арқылы Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу белсенділігін жетілдіреді.

Қай пән болмасын балаларға тиянақты білім берумен бірге, туған өлкенің патриот - азаматы етіп тәрбиелеуге бағытталады. Оқушыларға азаматтық тәрбие беру мәселесі барлық пәнде азды - көпті сөз болады. Әсіресе, бұл мәселені география, тарих, әдебиет, табиғаттану, ән-күй сабақтарында көбірек қарастыруға мүмкіндік мол. Себебі жоғарыда аталған пәндердің көпшілік тақырыптарын туған өлке тарихымен, өсімдіктері мен жануарлар дүниесімен, географиялық жағдайлармен, әдеби-тарихи аңыз әңгімелермен байланыстыруға болады. Өлкетану материалдарын пәндерді кіріктіре меңгертуде көзделетін мақсат: біріншіден, туған өлке тарихымен балаларды кең түрде таныстыру болса, екіншіден, ең бастысы баланың дүниетанымдық көзқарасын кеңейтіп қалыптастыруға ықпал ету, үшіншіден оқушыларға қоршаған ортаны білдіре отырып, олардың туған елге, өскен жерге деген сүйіспеншілік-патриоттық сезімін ояту, төртіншіден, олардың апталық жүктемесін ықшамдап азайту көзделеді. [4].

Ол бүгінгі оқу жүйесін 12 жылдыққа көшірумен байланысты пәндердің мазмұны мен оқыту формасын түбегейлі өзгерістер енгізеді, пәндердегі ұқсас тақырыптарды кіріктіре отырып меңгертуді, оқушылардың апталық жүктемесін азайта отырып, олардың оқу материалдарын өз бетімен іздене меңгеруіне жағдай жасауды, теориялық білімді айналадағы өмірмен тығыз байланыстыруды, сөйтіп солардың қоғамдық өмірді өз бетінше іздене танып білуіне толық мүмкіндік туғызуды көздейді [5].

«Ауданымыздың шаруашылығы» (9-сынып) деген тақырыпты өткенде егінжайлар мен мал отарларында, мал өнімдерін өңдеу цехтары мен еңбек процесінің қыры мен сырына қанығады. Балалар жүннен, ет пен сүттен, теріден, сүйек пен мүйізден жасалатын тұтыну заттарының технологиясынан мәліметтер алады [6].

9-сыныпта Қазақстан мемлекетінің тарихы, шаруашылығы мен мәдениетінен хабардар болса, ол 10-сыныпта Қазақстанның әлем елдерімен саяси-экономикалық және мәдени қарым-қатынасы жайымен танысады.

Егер, оқушы өз атамекенінің әр тасын, ақша бұлтын, өзені мен көлін, өсімдігі мен жануарын танып, сүйіп өссе, оның әдемілігін түсіне білсе, оған толғанып өлең арнап, ой толғаса академик Қаныш Сәтбаев сияқты жарықта өз елінің тасын танып, шетелдік ғалымдармен сол үшін таласа білетін нағыз патриоттардың қалыптасатынына кәміл сенеміз. Сол себептен әр баланың тек географиялық білім, білік немесе тарихтың даталарын құрғақ жаттағаны емес, сол арқылы елін танығаны, сүйгені керек. Өз елін, тілі мен мәдениетін, тарихын түсініп, бағалай алмайтын адамның басқаның де көсегесін көгертпейтінін өмірдің өзі дәлелдеуде. Оған тарихи дәлелдер де аз емес. Осындай мақсаттар әр сабақта бірнеше пәнаралық байланысты жүзеге асыруға және өлкетану материалдарын мейлінше кіріктіруге бағытталады [7].

«Қазақстан аумағының жаңа дәуірде зерттелуі» атты тақырыпта бейбіт заман патриоттарының бірі Қ. Сәтбаевтың өз елін дамытуға қосқан үлесін саралау бырысында аудандағы патриоттарға кеңінен тоқталдық. Сондай-ақ, «Жер бедерінің негізгі сипаты», «Қазақстан жазықтары», «Аласа және биік таулы өлкелер» туған ел тауларының сұлулығын таныту қазақ әдебиетімен пәнаралық байланыс жүргізілді. Тауларды жырлаған ақындар шығармалары, өз өлеңдері, сурет арқылы бейнелеу, әндер, осының бәрі сабақтастық. Оқушылар «Таулар» тақырыбына өздері би де шығаруға болады.

Ал «Қазақстанның пайдалы қазбалары» атты тақырып аясында «Туған жердің тасы да танымал», «Сарқылмайтын қазба түрін өндіру» атты интеллектуалдық шоу өткізіліп, мұнда әдебиет, химиямен пәнаралық байланыс жүзеге асты және ауданның өлкетану материалдары кіріктірілді. «Қазақстанның өзендері мен көлдері» тақырыбын өткенде «Өзен, көлдер не деп жырлайды?», «Судың да сұрауы бар?» атты әлеуметтік жобалар қорғалды. Елінің экологиясын қорғаудың да патриотизммен байланысты екенін айқындап, түсіндіріледі. Оқушылар «Жасыл ел» бағдарламасына қосқан өз үлестерін әңгімелеп беруге болады. Қолөнер және сурет көрмелері ұйымдастырырылады. «Арал теңізі» тақырыбында «Бүгінгі Арал», «Аралым - арым, Балқашым - бағым» атты экологиялық марафон өткізуге болады [8].

Ал «Қазақстан өсімдіктері мен жануарлары әлемін» өткенде «Аудан өсімдіктері мен жануарлары» және «Қоршаған ортаны қорғау қасиетті борышын» атты акция өткізіледі. Рефераттар жазылып, қорытындыланды. «Табиғи қорлар және өндірісі», «Қорықтар мен ұлттық табиғи парктер» тақырыбының аясында «Табиғи қорларды тиімді пайдаланудың жалпыхалықтық жолы» атты әлеуметтік жобалар жарыстарын өткізіп тұруға болады [9].

«Адам экологиясы» тақырыбына екі сабақ шегінде «Ауданның экологиялық жағдайы», «Аудан экологиясын жақсарту озық қоғамның алғы шарты» атты оқу конференциясын даярлап өткізіп жіберуге болады. 9 сыныпта Қазақстан тарихы пәнінде «Қазақ жерінің Ресей империясының құрамына қосыла бастауының алғышарттары және барысы» Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысқан жерлестеріміз Райымбек, Бөгенбай, Қабанбай және т.б. батырлардың патриоттық қасиеттері және Аңырақай шайқасының қазақ елінің дербестігін сақтап қалудағы мәні мен маңызы туралы сұрақ тапсырмалар, рефераттар жазып, қорғауға болады.

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы пәнінде «Қазақстанның экономикалық географиялық жағдайы» атты тақырыпта «Тәуелсіздік елімнің тірегі» атты идеямен Қазақстан мемлекеттігі мен байлығын мақтан тұту борышымыз екені, әлемдегі 199 мемлекеттің бірі екендігі әр қырынан айтылды. Сондай-ақ тұрғылықты жердің тәуелсіздікке дейінгі және қазіргі кезеңдегі экономикалық жағдайын салыстыра отырып, ел азаматтарының патриоттығын айшықтауға тырысты [10].

«Қазақстанның табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары» атты тақырыпта «Мен елімнің азаматымын!» деп туған жерінің ерекшеліктерін ашқызу, оған деген сүйіспеншілігін негіздеу арқылы елжандылық сезімін ояту жүзеге асты. «Халқы және халықтың тығыздығы» тақырыбында «бірлік бар жерде тірлік бар» демекші көпұлтты Қазақстан жағдайындағы ұлттар достығы, оның экономикаға ықпалы, қазақ халқының кеңпейілділігі талданды. Содан соң бүгінгі таңда жергілікті жердегі халық құрамы мен мәдениеті, оралмандар өмірі, демографиялық көрсеткіштері талданды.

«Еңбек ресурстары» атты тақырыпта еңбегімен елін көгерту жолдары, еңбектегі ерлік, оның да патриоттыққа жататыны нағыз патриоттардың халқына адал қызмет етіп, оның гүлденуіне бар күшін салатын азаматтар екені пікір алмасу ретінде өткізу. Оқушылар өз араларындағы мектеп, сынып белсенділерін біздің патриоттарымыз деп санайтындықтарын сезіндіру.

«Қазақстан ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы» тақырыбында аудандық газеттің бір жылдық нөмірлеріндегі мақалалар дерегіне сүйене отырып аудан шаруашылығының өркендеп келе жатқандығы, оған өз әке-шешелерінің қосып жүрген үлесі, аудандағы шаруа қожалықтарының елге пайдасы жайлы талқылауға болады [11].

«Қазақстан мал шаруашылықты аймақ» атты тақырыптың мазмұнын бағдарламаға сай аша келе аудандағы мал шаруашылығы талқылап, аудандағы малдың бірнеше жылдар бойы азайып кетіп, енді ғана қайта көбейіп келе жатқандығы, себептері анықтауды үйрету. Дегерестегі асыл тұқымды жылқыларды мақтан тұтатындықтарын аңғарту. Еңбегімен ер атанған аудан азаматтарының еңбек жолына шолу беру. Үйге аудандағы жылқы тұқымдары туралы, атбегілер туралы мәліметтер жинауды тапсыру.

«Тамақ өнеркәсібі» тақырыбында ауданның әлеуметтік инфрақұрылым салалары: денсаулық сақтау және білім беру саласы мен мәдени орындардың дамуы, аудандағы мектептер тарихы, басқа да мамандар санына талдау оқушылардың жазған рефераттарының негізінде кіріктіріледі.

Сонымен қорыта келгенде біз 8-9 сыныптардағы география пәндерінің мазмұнына өлкетану материалдарын арқылы олардың тәрбиелік және дамытушылық қызметін жүзеге асыру мүмкіндіктері күшейді және әр оқулыққа қойылатын талаптардың бірі, тарихи-мәдени аспектілерді қамту шегі кеңейді деп есептейміз.

Предстоящее увольнение бывшего образцового студента, только что успешно закончившего аспирантуру получило неожиданный резонанс в вузе.

Ситуацией заинтересовался профком. Оказалось, что вуз не только не имеет морального, но и юридического права сокращать меня, потому что я закончил целевую аспирантуру, где меня готовили специально для работы в нашем вузе.

В кабинете ректора Юмаша Каримовича Увалиева Самусев пошёл на попятную: «Вообще-то, он успешно занимается научной работой, у него хорошие отношения со студентами».

Оправдываться пришлось даже самому ректору, который заявил: «Мы хотели провести сокращение меньшей кровью, и предложили кандидатуру Прокопова только потому, что он бессемейный».

А семейная Татьяна Успановна Байдельдинова, на которую меня хотели обменять, узнав об этом, искренне возмутилась, заявив: «Кто я такая, по сравнению с Константином Павловичем?»

Самусева, конечно, заставили очернить меня, но сам бы я никогда так не поступил в отношении своего ученика. Не скрою, после этого эпизода моё восторженное отношение к Самусеву поубавилось.

Иван Фёдорович очень болезненно воспринял смену преподавательских поколений, когда его ученики стали «наступать ему на пятки».

БАЖАНОВ ВАЛЕРЬЯН СЕМЁНОВИЧ

В 2007г исполнилось 100 лет со дня рождения доктора биологических наук, профессора Бажанова Валерьяна Семёновича, который внес большой вклад в развитие науки Казахстана.

В. С. Бажанов родился в 1907г. в г. Новоузенске Самарской губернии. В 1930г, в 23-х летнем возрасте, он окончил МГУ им. М.В.Ломоносова; в 1930-1933гг работал ассистентом кафедры зоологии и генетики сельско- хозяйственного института в г. Оренбурге; в 1933 - 1936гг - охотоведом на Камчатке, затем старшим зоологом в Алма-Атинском государственном заповеднике.

С 1937 по 1946гг В.С.Бажанов заведовал кафедрой зоологии и преподавал в Каз.ГУ имени Аль-Фараби. В 1946г, в возрасте 39 лет, он защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата биологических наук.

Научные интересы В.С.Бажанова были связаны с изучением ископаемых позвоночных животных. С 1946 и до 1964гг он заведовал лабораторией палеозоологии в институте зоологии АН Каз. ССР.

В этот период В.С.Бажанов организовал крупномасштабные экспедиции по изучению ископаемых позвоночных животных Казахстана, материалы которых послужили основой для создания Музея природы АН Казахстана и Каз.ГУ им. Аль-Фараби.

С 1955г под руководством В.С.Бажанова стали выходить труды лаборатории палеозоологии: «Материалы по истории фауны и флоры Казахстана».

Совместно с геологами им опубликованы: «Атлас руководящих форм млекопитающих Казахстана», «Путеводитель по геологическим маршрутам Южного Казахстана».

В 1962г, в возрасте 55 лет, В.С.Бажанов защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора биологических наук: «История фауны млекопитающих Казахстана».

В 1971-1974гг В.С.Бажанов заведовал кафедрой зоологии Тамбовского государственного педагогического института. (*Selevinia,* 1996. – 1997. - С. 262).

С 1964г В.С.Бажанов стал заведовать кафедрой зоологии Усть-Каменогорского педагогического института. (Ныне Восточно-Казахстанский Университет имени С. Аманжолова) по инициативе ректора Юмаша Каримовича Увалиева.

В год приезда в г.Усть-Каменогорск В.С.Бажанову исполнилось лишь 57 лет; для ученого его масштаба это возраст расцвета творческих сил. (Его 60-летний юбилей был очень торжественно отмечен в вузе в 1967г).

Всю свою творческую энергию В. С.Бажанов направил на воспитание научных кадров для вуза.

Самусеву Ивану Федоровичу, кандидату биологических наук, доценту ВАК, уже состоявшемуся преподавателю и ученому Валерьян Семенович настоятельно рекомендовал завершить докторскую диссертацию по фауне и экологии водоплавающих птиц (*Aves*) Восточного Казахстана.

Савельевой Лидии Георгиевне он посоветовал изучать фауну пауков (*Aranei)* Восточного Казахстана. В результате её исследований мировая арахнология (аранеология) пополнилась несколькими десятками новых видов.

Л. Г. Савельева стала доктором биологических наук, много лет заведовала кафедрой физиологии человека и животных. (Ныне, к сожалению, покойная).

Полтарыхина Александра Николаевна блестяще защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата биологических наук, детально изучив, по рекомендации Валерьяна Семеновича, экологию сибирской миноги (*Lampetra kessleri Anikin, 1905*) Восточного Казахстана.

Были у В.С.Бажанова и свои аспиранты: Бердибаева Жамал Шаиховна, Егоров Валерий Алексеевич и я.

Бердибаева Ж. Ш. изучала герпетофауну (*Amphibia и Reptilia*) Восточного Казахстана, успешно защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата биологических наук, в течение 10 лет заведовала кафедрой зоологии Усть-Каменогорского педагогического института, до 2011г занимала должность профессора кафедры биологии ВКГУ имени С. Аманжолова.

Навсегда запомнилась мне наша первая встреча с Валерьяном Семеновичем. Я спускался по лестнице, а он поднимался к себе на кафедру. Когда мы поравнялись, он спросил: «Вы Константин Прокопов?» Получив утвердительный ответ, попросил меня зайти на кафедру. Разговор зашёл об аспирантуре по специальности «зоология позвоночных».

Я мечтал после окончания вуза продолжить учебу в аспирантуре по специальности: «физиология человека и животных», меня интересовала физиология высшей нервной деятельности. Моим кумиром в те годы был выдающийся российский физиолог Иван Петрович Павлов, разработавший метод условных рефлексов. Я много читал о нём и других физиологах.

«Согласившись пойти в аспирантуру по специальности «зоология позвоночных», я попросту предам свою заветную мечту», - высокопарно заявил я.

Через несколько дней Валерьян Семенович принёс для меня книгу Хачатура Седраковича Коштоянца о выдающихся физиологах мира и снова завел речь об аспирантуре. Он сразил меня такими доводами: «Физиология – наука зоологическая, Вы всегда найдёте применение своим физиологическим интересам, и Ваша заветная мечта не пострадает. К тому же, для дорогостоящих физиологических исследований в нашем вузе нет условий, по такой специальности нет и аспирантуры». Выбора у меня не было.

Осенью 1965 г., после окончания вуза и успешной сдачи вступительных экзаменов, я был принят в аспирантуру и стал аспирантом Валерьяна Семеновича.

Мне предстояло изучать фауну и экологию млекопитающих Зайсанской котловины, отдаленного уголка, расположенного на крайнем северо-востоке Казахстана.

Территория предстоящих исследований была мне хорошо знакома, потому что на востоке Зайсанской котловины, близ Черного Иртыша, в крошечной деревушке Рождественка прошло мое детство.

- Вот и поезжайте в родные пенаты, на домашние пироги, - шутил Валерьян Семенович. - Ищите желтую пеструшку, - уже серьезно говорил он. - Считаю, что в Зайсанской котловине она обитает.

С этими напутствиями и отправился я в конце октября 1965 г. в свою первую научную экспедицию. Опыта полевых исследований не доставало, всё приходилось начинать с нуля, но было страстное желание приобщиться к таинству, имя которому – НАУКА.

Валерьян Семенович преподавал зоологию позвоночных и зоогеографию. Лекции он не читал, как это обычно делают большинство преподавателей, а рассказывал «без грамматической ошибки», в строго академическом стиле, прохаживаясь взад – вперед перед аудиторией в скрипучих ботинках. По содержанию это были очень глубокие, фундаментальные лекции. Памятью он обладал феноменальной.

В воспоминаниях о своем учителе, выдающемся казахстанском орнитологе Игоре Александровиче Долгушине А. Ф. Ковшарь, в частности, пишет: «И подкупало в его рассказах искреннее восхищение, без тени зависти. А обширные энциклопедические познания своего однокашника Валериана Семеновича Бажанова он оценивал со свойственной ему долей юмора: «Чего только нет в его голове! Представляешь, он до сих пор помнит, что такое кариокинез!»».

У Валерьяна Семеновича была необычная манера принимать экзамены, на которых присутствовал и я. Выслушав ответ студента, он на все вопросы давал подробный ответ, поэтому экзамены начинались утром и заканчивались вечером. После экзаменов я провожал его до квартиры, шли пешком; ходил он очень быстро.

Часто мы посещали вместе книжные магазины. У Валерьяна Семеновича была привычка, которую он привил и мне, брать книги в двух экземплярах, хотя вообще - то был архи - бережливым человеком, очень просто одевался.

Запомнился один забавный эпизод. Мы, как всегда, сидели с Валерьяном Семеновичем в его кабинете, и он поделился со мной своими наблюдениями:

- У меня на даче, на столе, в стакане стоят цветные карандаши, но мыши, почему-то, предпочитают грызть только красный карандаш.

- Валерьян Семенович, это не мыши, а вы предпочитаете красный карандаш, - объяснил я.

- То-есть?- не понял он и посмотрел на меня с удивлением большими карими глазами из-под толстых стекол очков.

- Вы держите красный карандаш в руке, на нём остаются пот и жир, а у мышей, как известно, хорошо развито обоняние. (Мои научные интересы были связаны с изучением фауны и экологии мышевидных млекопитающих).

Бажанову принадлежит честь создания в вузе зоологического музея. (Ныне это музей природы, по праву носящий его имя).

При нём от кафедры зоологии «отпочковалась» кафедра физиологии человека и животных. В. С. Бажанов активизировал научную работу всего коллектива вуза, был инициатором проведения вузовских, республиканских и региональных научных конференций, редактировал научные труды, он объединил все научные силы Восточного Казахстана: геологов, палеонтологов, ихтиологов, герпетологов, орнитологов, териологов. Диапазон его научных интересов был, поистине, безграничен.

Человек активной жизненной позиции, он выступал на комсомольских, профсоюзных и партийных собраниях, на философском семинаре.

В.С.Бажанов – автор более 200 научных работ, основатель палеозоологической школы и палеобиологических исследований в Казахстане, он воспитал несколько поколений зоологов и палеобиологов.

Ныне научные идеи В.С.Бажанова воплощают в жизнь его многочисленные ученики и последователи.

УДК 57.02

ЗАПИСКИ НАТУРАЛИСТА

Прокопов К.П., *ВКУ имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск.*

Аннотация: В натуралистических рассказах: «алтайская таёжная тропа»; «ода кедровой шишке»; «сова, сойка, лебедь, дубонос ...» повествуется об уникальной природе Восточного Казахстана, о интересных встречах с растениями и животными региона.

АЛТАЙСКАЯ ТАЁЖНАЯ ТРОПА

Даже в жаркий летний день на алтайской таёжной тропе прохладно и сумеречно. Бреду по хорошо утоптанной сырой тропе, наступаю на острые камни и обнажённые корни деревьев. Меня сопровождают кедры, лиственницы, ели, пихты.

Слышны тревожные скрипучие крики кедровок, нежное теньканье пеночек - теньковок, свист обыкновенных чечевиц: «витью видел, витью видел». Кроны деревьев освещают своим красным оперением стайки клестов – еловиков. Вдруг на мшистую ветку лиственницы сел соловей – красношейка и начал позировать, плясать, крутить хвостом.

Вот среди мрачных хвойных ветвей заметалось пламя. Это таёжная птица щур! Любуюсь его карминно-красной окраской тела, в сочетании с серым; наиболее ярко окрашены голова и грудь.

Осязаемые и обоняемые следы пребывания на тропе бурого медведя дают понять, кто в алтайской тайге хозяин.

Кое – где таёжная тропа пересекает солнечные поляны с густой травянистой растительностью, цветущие луга, ручьи, болотистые участки. И тогда открывается завораживающий вид на голубое небо, по которому плавают рафинадной белизны облака, напоминающие громадными размерами гигантских мезозойских динозавров.

Присел на пенёк и услышал свист и резкую трель. Оказывается, я потревожил своим присутствием бурундука. (Рис. 1 – 4).

Пора бы уже возвращаться на кордон, но алтайская таёжная тропа всё манит и манит вперёд…

Рис. 1. Горно-лесной ландшафт Западного Алтая.

Рис. 3.Западный Алтай. Боярышница.

Рис. 3. Западный Алтай. В многодневный маршрут на конях по алтайской тропе.

Рис. 4. Западный Алтай. Азиатский бурундук (*Eutamias sibiricus*).

ОДА КЕДРОВОЙ ШИШКЕ

Как же она совершенна, кедровая шишка - венец эволюции, длившийся миллионы лет. Кудесница – природа по неведомым нам лекалам уложила плотно в тугие восходящие витки спиралей чешуйки, одна за другой, до самой вершины.

Однако, красота не спасает кедровую шишку от мощных клювов птиц и острых зубов зверей.

Главное достоинство кедровой шишки - это кедровые орешки, которые прячутся под чешуйками, их ядрышки содержат много витаминов и минералов. Из-за этого они привлекают внимание птиц и зверей.

Если вы бывали в тайге, наверняка слышали надоедливые, сварливые крики кедровок. Кедровки прячут кедровые орехи под корни и валёжины и забывают про них, чем пользуются белки.

В морозном февральском лесу уже слышны призывные песни и крики клестов. На хвойном дереве пара клестов строит большое тёплое гнездо, укрытое от непогоды густыми лапами. В это время созревают семена хвойных деревьев. Клесты раскрывают чешуйки шишек крючковатыми клювами, со скрещенными надклювьем и подклювьем.

Белка тоже отдаёт предпочтение кедровым шишкам, зёрнышки которых - её излюбленный корм. Сорванную шишку белка поедает на ветке, держа её в передних лапках. Она откусывает и бросает одну за другой чешуйки, а семена съедает. От шишки остаётся только стержень, который белка роняет на землю. Там его встречают наземные обитатели - лесные мыши и лесные полёвки, которыми питаются совы, соболи, хорьки, горностаи, солонгои и колонки.

Кедровые орешки – излюбленная пища бурундуков, которые быстро набивают защёчные мешки, скрываются в одном из временных убежищ и там в спокойной обстановке поедают. К зиме зверёк натаскивает в нору-склад от 2 до 6 кг отборных семян. Эти запасы – лакомая добыча для лесных мышей, лесных полёвок, соболей, кабанов и даже медведей. Во время потеплений бурундук пробуждается и пользуется запасами, хранящимися в норах. (Рис. 5 - 8).

Вот такое важное звено в цепи питания таёжных обитателей занимают кедровые шишки.

Рис. 5. Западный Алтай. Кедровые шишки.

Рис. 6. Западный Алтай. Клёст – еловик (*Loxia curvirostra*).

Рис. 7. Западный Алтай. Медвежата бурого медведя (*Ursus arctos*).

Рис. 8. Горно-лесной ландшафт в пределах Чёрно - Убинского кордона Западно-Алтайского государственного природного заповедника.

СОВА, СОЙКА, ЛЕБЕДЬ, ДУБОНОС…

Возомнив себя писателем – натуралистом, и вооружившись фотоаппаратом, биноклем, записной книжкой отправился я морозным зимним утром на экскурсию к приречным зарослям.

Но неожиданно мой бодрый шаг остановил истошный крик птиц. Высоко, в кроне тополя, с десяток серых ворон атаковали большой рыхлый, пушистый комок перьев. Всё понятно. Сова! Длиннохвостая неясыть! Сидит себе, втянув голову, похоже, даже не реагирует на вороний гвалт.

Вот неясыть взмахнула широкими светлыми крыльями и бесшумно полетела в сопровождении почётного эскорта серых ворон.

Вороны и совы, что враждующие между собой семьи Монтекки и Капулетти, воспетые гениальным Шекспиром. Мир их не берёт.

Теряю самообладание, когда вижу эту лесную гостью, рыжеголовую, длиннохвостую бестию - сойку. До чего ж, шалунья, экзотична! Будто из тропиков пожаловала в наши суровые, северные, широты.

Снимаю на крепком январском морозе перчатки, бросаю их в снег, забываю о них, и начинаю лихорадочно фотографировать.

Голод, как известно, не тётка, и осторожная сойка прилетела - таки, на кормушку, не побрезговала компанией больших синиц, полевых воробьёв, обыкновенных снегирей, обыкновенных поползней и обыкновенных дубоносов.

Зима 2020 – 2021г порадовала бёдвотчеров г. Усть-Каменогорска встречами и с другими с редкими птицами.

Жителей пригородного посёлка «Аблакетка» взволновало появление в декабре на Иртыше, близ плотины Усть-Каменогорской ГЭС лебедя – кликуна, который успешно кормился в компании обыкновенных гоголей и крякв.

А на реках и в долинах Ульбы и Иртыша отмечены луток, обыкновенная оляпка, орлан – белохвост, седой дятел, чёрный дятел – желна, большой пёстрый дятел, белоспинный дятел, свиристели, чёрные дрозды, чечётки и кедровки. (Рис. 9 – 16).

Экстремальные условия зимы вынуждают птиц активно перемещаться в поисках кормов.



Рис. 9. Устье реки Ульба в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

Рис. 10. Орлан – белохвост (*Naliaeetus albicilla*) в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

Рис. 11. Лебедь – кликун (*Cygnus cugnus*) в устье р. Ульбы в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

Рис. 12. Седой дятел (*Picus canus*) в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

Рис. 13. Длиннохвостая неясыть (*Strix uralensis*) в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

Рис. 14. Сойка (*Garrulus glandarius*). Дельта р. Ульбы в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

Рис. 15. Свиристель (*Bombycilla garrulus*).

Рис. 16. Обыкновенная оляпка (*Cinclus cinclus*) в устье р. Ульбы в южных окрестностях г. Усть-Каменогорска.

ӘОЖ 582.711:639.1.055.36(574.42)

«ТАРБАҒАТАЙ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ИТМҰРЫНДЫ ОРМАНДАР»

Садакова Баян Дуйсековна *- аға ғылыми қызметкер, «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ ШҚО Үржар ауданы Үржар ауылы*

Аннотация: Розалар туысы жеті түрмен көрсетілген, солардың ішінен тек *Rosa spinosissima L.* және *Rosa acicularis* қаумдастық эдификаторлары болып, тоғайлар құрайды. *Rosa spinosissima* ормандары ең кең таралған; басқа бұталы қаумдастықтармен бірге олар Тарбағатай жотасының оңтүстік беткейінің бұталы белдеуін құрайды. *Rosa acicularis* ормандары сирек кездеседі, негізінен бұталы белдеудің жоғары бөлігінде және сирек субальпілік белдеуде.

Тарбағатай МҰТП аумағының экожүйесі 2 классқа бөлінеді: жазық және таулы. Рельефтің, төселетін жыныстардың биіктігі мен құрылымына, баурайлардың инсоляциясына және басқа да көптеген факторларға байланысты жобалау аумағында экожүйелердің мынадай негізгі түрлері мен кіші түрлері бөлінеді:

1. Дала
1.1. Биік таулы криофитті далалы
1.2. Орта таулы мөлшерлі-құрғақ
1.3. Төмен таулы құрғақ далалы
1.4. Тау етегінің шөл-далалы
2. Бұталы
2.1. Биік таулы
2.2. Төмен және орта таулы
3. Орман далалы
3.1. Далалармен және бұталармен үйлесімдегі жапырақты сирек ормандар (көктерек)
4. Орманды
4.1. Жапырақты
4.1.1. Көктеректі
4.1.2. Алмалы
4.2. Жайылма ормандар
4.2.1. Орта таудағы талды, қайың және терек
4.2.2. Төмен таудағы бұталы-теректі-талды
4.2.3. Төмен таудағы алмалы-тал- бұталы
4.2.4. Тау етегіндегі тал-бұталы
5. Шалғынды
5.1. Төмен таулы және орта таулы шалғындар
5.1.1. Таулы-алқапты
5.1.2. Гигромезофитті жайылмалы
5.2. Биік таулы шалғындар
5.2.1. Субальпілік шалғындар
5.2.2. Альпілік шалғындар
5.2.3. Кобрезийлі
5.2.4.Альпілік және субальпілік белдеудегі жайылмалы шалғындар
6. Батпақты
6.1. Төмен таулы және орта таулы таулы және ойпатты батпақтар
6.2. Биік таулы батпақтар

Ұлттық парк аумағындағы өсімдіктер жамылғысы арасында бұталар толық зерттелмеген.

Жалпы аумақта бұталардың 82 түрі кездеседі. Бұталы қаумастықтардың ішінен итмұрынды ормандарды ерекше атап өтуге болады. Итмұрынды ормандар, түйіскен-қаумдастықты тоғайларға жатқызамыз. Розалар туысы жеті түрмен көрсетілген, солардың ішінен тек *Rosa spinosissima L.* және *Rosa acicularis* қаумдастық эдификаторлары болып, тоғайлар құрайды. *Rosa spinosissima* ормандары ең кең таралған; басқа бұталы қаумдастықтармен бірге олар Тарбағатай жотасының оңтүстік беткейінің бұталы белдеуін құрайды. Бұл қаумдастықтар жотаның оңтүстік және сотүстік беткейлерінің далалы белдеулерінде және солтүстік беткейінің тік биік тау етектерінде кездеседі. *Rosa acicularis* ормандары сирек кездеседі, негізінен бұталы белдеудің жоғары бөлігінде және сирек субальпілік белдеуде.

***Rosa spinosissima* ормандары**

Rosa spinosissima- биіктігі 2 м жететін мезофильді бұта, Орта Азия және Алтай тау мемлекеттерінде кең таралған, бірақ Алтай және Тарбағатай тоғайларында үстемдікке ие. Тарбағатай тауының солтүстік және шығыс беткейлерде ит тұмсығы өткізсіз қалын ормандар құрайды. Розарийлердің бұталы қабатында жиі *Lonicera tatarica, Berberis heteropoda, Amygdalus ledebouriana, Spiraea hypericifolia, Cotoneaster uniflora*-барлығы 24 түр бұта, ал ағаштардан *Malus sieversii, Populus tremula, Crataegus altaica, Padus racemose* кездеседі. Шөптесін қабатының түрлік құрамында 250 түр, оның ішінде 35 (14%) астықтар, 5 қияқөлеңдер, қалғаны систематикалық тұрғыда алуан түрлі, түрлішөпті өсімдіктер. Жиі кездесетін тұқымдастар: күрделігүлділер (23-24%), сарғалдақтар (10-11%), бұршақ (10%), еріндігүлділер (10%), шатыршағүлділер (17%), қаламбырғүлділер (6%). Барлығы 31 тұқымдас, 115 туыс тіркелген.

Экологиялық тұрғыда розарийлер флорасы екі негізгі топтан құрылған. Басым бөлігі мезофиттер-80% жуық, қалған 20% ксерофиттер болып табылады. Бұл топтарға *Veronica pinnata, Sedum hybridum* сияқты петрофильді түрлерде араласып, бір қаумдастық құрайды. Формацияның флорасына сараптама жүргізу кезінде құрамының басым рөлін еуразиялық бореальді флора өкілдері атқарады, бірақ таулы азиатты түрлердің де-орталық және шығысазиялық-маңызы зор екенін байқауға болады. Аз мөлшерде ежелгі жерорталық генетикалық элементтер өкілдері кездеседі. Оларға, *Ziziphora clinopodioides, Inula grandis, Alcea nudiflora* түрлері жатады.

Сурет №1-2 Тарбағатай тауының орталық және солтүстік-шығыс бөктеріндегі итмұрынды ормандар. Сурет авторы Р.Қабсаметов

Сурет №3 Rosa spinosissima *Сурет №4 Rosa acicularis Суреттер авторлікі*

Rosa spinosissima формациясы көптеген ассоциациялардан құрылған. Осы ассоциациялардың құрамын №1 кестеден қарастырайық:

Кесте №1

Розарийлер қаумдастықтарының формациялар құрамы

Формация атауы	**Ассоциациялар**	**Доминантты түрлер**
Аран раушан *Rosa spinosissima* формациясы	Буталы розарийлер	*Rosa spinosissima L.* *Lonicera tatarica* *Berberis heteropoda* *Amygdalus ledebouriana* *Spiraea hypericifolia* *Cotoneaster uniflora* *Daphne altaica* *Dactylis glomerata* *Poa pratensis* *Bromus inermis* *Bupleurum aureum*
	Түрлішөпті розарийлер	*Rosa spinosissima L.* *Crataegus altaica* *Padus racemose* *Lonicera tatarica* *Daphne altaica* *Ferula songorica* *Dactylis glomerata* *Hedysarum neglectum* *Dracocephalum royschianum* *Paeonia anomala* *Geranium collinum* *Potentilla recta* *Trollius altaicus*
Тікенді раушан *Rosa acicularis* формациясы	Бұталы-итмұрынды	*Rosa acicularis* *Rosa spinosissima* *Rosa cinamomea* *Daphne altaica* *Avenastrum pubescens*

		Allium robustum *Geranium collinum* *Hedysarum neglectum* *Dianthus hoeltzeri*
	Түрлішөпті-итмұрынды	*Rosa acicularis* *Avenastrum pubescens* *Brachypodium pinnatum* *Potentilla recta* *Polygonum nitens* *Sanguisorba alpina* *Polygonum alpinum* *Sanguisorba officinalis* *Allium platyspathum* *Crepis sibirica* *Lilium martagon* *Verathrum lobelianum*

***Rosa acicularis* ормандары**

Rosa acicularis-сирек кездесетін, биіктігі 2 м дейін жететін бұта. Гүлдері қызғылт немесе қызғылт-қызыл реңді, гүлдеу кезінде тоғайларға сән береді. Тарбағатай тауының солтүстік тік ұсақ топырақты және солтүстік-шығыс беткейлерінде кездеседі (1600-1800 м теңіз деңгейінен жоғары). Ормандардың түрлік құрамы бай және алуантүрлі-21тұқымдас, 61 туыс және 76 түрден құралған. Олар: раушангүлділер-13%, сарғалдақтар-11%, астықтар-10%, күрделігүлділер-10%, лалагүлділер-7%, бұршақ және шаршыгүлділер-5%. Қалған тұқымдастардың түрлік құрамы аз.

Тіршілкету формаларының сипатына қарай басым бөлігі шөптесін көпжылдықтар, флораның 90%, ал қалған 10% бұталар құрайды. Экологиялық тұрғыда мезофиттер үстемділік етеді, ксерофиттер құрамы өте аз, олар, *Phleum phleoides, Achillea millifolium.*

Rosa acicularis формациясының ассоциациялар құрамы №1 кестеде көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген розарийлер құрамы алуантүрлі екенің байқауға болады. Мезофильді розарийлер үстем, олардың құрамындағы мезофильді түрлер: шөптесін де, бұталар да басты рөл атқарады. Үлкен пайызға еуроазиатты бореальді флора өкілдері ие. Осылар ішінен бұталы розарийлер, құрамында *Lonicera tatarica, Amygdalus ledebouriana, Cotoneaster uniflora* бұталары басым, тобын атап кетуге болады. Ағашты розарийлер *Populus tremula, Malus sieversii* қатысуымен, ал шөптекті розарийлер құрамындағы мезофильді түрлердің басымдылығымен: *Dactylis glomerata, Brachypodium pinnatum, Alopecurus songoricus, Milium effusum, Avenastrum pubescens* қаумдастық құралады. Далалы розарийлер аз мөлшерде таралған. Олардың құрамында эдификатордан басқа далалы ксерофитті түрлер, негізінен шымқабатты астықтар: *Stipa rubens, St. capillata, Festuca sulcate, Phleum phleoides* доминантты болып келеді. Бұталы қабатта эдификатордан басқа, ксерофильді және мезофильді бұталар: *Spiraea hypericifolia, Colophaca howenii, Caragana frutex* кездеседі.

Розарийлердің маңызына келетін болсақ, табиғатта топырақ эрозиясын тежеуде үлес қосады. Тік беткейлерде олар топырақты бекітіп, біріктіріп, ажыраудан және көшкіндерден сақтайды. Итмұрындардың барлығы әдемі гүлдеп, ауаны хош иіске толтырып, тау баурайына әсемдік сыйлайды. Итмұрын ормандардың азықтық маңызы да аз емес. Жемісі піскен кезде әртүрлі құстарға, аюларға қорек көзі, ал қаумдастық ішіндегі кейбір шөптер еліктерге, маралға, тышқандарға, қояндарға азық болады.

Қазіргі кезде ұлттық парк аумағында кездесетін итмұрынды ормандардың көбі қорғау аумағында таралған. Ұзақ жылдар бойы бұл ормандарды жергілікті халық малдарына жайылім, шабындық және дәрілік шикізат ретінде пайдаланған. Сол себепті антропогенді фактор әсерінен қаумдастық құрамы сиреп, алуан түрлілігі сақталмай азайып кеткен. Ұлттық парк қызметкерлерінің жергілікті халықпен эколокиялық ағартушылық, насихаттау жұмыстарын жүргізу барысында итмұрынды дәрілік шикізат ретінде жинау тоқтатылды. Бұл бағыттағы

жұмыстарды тоқтатпай жергілікті халықтың экологиялық өмірлік танымдарын қалыптастыру керек деп ойлаймын. Итмұрынды ормандар біздің табиғатымыздың керемет бір ажырамас бөлігі, қауымдастығы. Осы қаумдастықтарды сақтайық!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ЖШС «ТЕРРА» Қашықтан зондылау және ГАЖ орталығы «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі жобасы-А.: 2014, 30-36, 44 б.
2. Степанова Е.Ф. Растительность и флора хребта Тарбагатай-А.: АН Казахской ССР, 1962.-93-109 с.
3. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы: оқу құралы/ Б.М. Силыбаева Ж.К. Байғана, Н.Ш. Карипбаева, В.В. Полевик -С.: «Интелект» баспа үйі, 2010.-295б, 330б.
4. https://lesnoy-dar.ru/derevya-i-kustarniki/iva-kozya.html

ӘОЖ 582.093:639.1.055.36(574.42)

«ТАРБАҒАТАЙ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫНДАҒЫ БҰТАЛЫ ЭКОЖҮЙЕНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Садакова Баян Дуйсековна, *«Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-нің аға ғылыми қызметкері. ШҚО,Үржар ауданы, Үржар ауылы*

Аңдатпа: Жалпы бұталардың саны 82 түр, бұл бүкіл ұлттық парк аумағында кездесетін жоғарғы сатылы өсімдіктердің 6,2% құрайды. Ұлттық парк аумағында кездесетін бұталар экологиялық тұрғыда әртүрлі. Олардың арасында мезофиттер, ксеромезофиттер, ксерофиттер, психрофиттер, петрофиттер және т.б. кездеседі

Тарбағатай МҰТП аумағының экожүйесі 2 классқа бөлінеді: жазық және таулы. Олар келесі түрлерге бөлінеді:

1.Зональды экожүйелер, бұның қалыптасуы, афтоморфты (атмосфералық жауын-шашын) және қосымша жартылай гидроморфты (топырақты сулар) ылғалдану режимі бар ортаның климаттық параметрлерімен анықталады. Олар жотаның шыңдары мен беткей учаскелерінің суайрық бөлігіне тән.

2. Интразональды экожүйелер, жер үсті ағын режимінің жағдайында қалыптасады. Олар өзен алқаптарының жайылмаларында, көл террасаларына, жер асты суларына тән.

Біз сіздермен бұталы экожүйеге тоқталамыз. Әртүрлі өсімдіктер жамылғысы арасында бұталар толық зерттелмеген. Соған қарамастан олар кең таралған, сонымен бірге арасында ғылыми және тұрмыстық маңызы бар бұталар кездеседі. Жалпы бұталардың саны 82 түр, бұл бүкіл ұлттық парк аумағында кездесетін жоғарғы сатылы өсімдіктердің 6,2% құрайды. Ұлттық парк аумағында кездесетін бұталар экологиялық тұрғыда әртүрлі. Олардың арасында мезофиттер, ксеромезофиттер, ксерофиттер, психрофиттер, петрофиттер және т.б. кездеседі. Осылардың ішінен ценоз құраушылары аз. Бұталы ценоздар екі түрлі болады: 1) түйіскен қауымдастық-тоғайлар, 2) бұталы далалар-қауымдастық түйіспейді, бұталар дала өсімдіктерінің арасында біркелкі шашыраған. Осы мақалада біз тоғайларға нақты тоқталамыз. Бұталы тоғайлар өзі екіге бөлінеді: 1)төмен таулы және орта таулы бұталы тоғайлар; 2) биік таулы бұталы тоғайлар.

Төмен таулы және орта таулы бұталы тоғайлар төмен таудан бастап, оңтүстік экспозицияның беткейінде: құрғақ дала белдеуінің жоғарғы шетінен 600 ден 800 м-ге дейін және одан жоғары биіктікте басым таралған. Мұнда құрғақ далалы жусанды-шымды астықты

Stipa capillata, S. sareptana, Festuca valesiaca, Phleum phleoides, Artemisia marschalliana, A. sublessingiana, Artemisia compacta, Carex pediformis тұқымдастықтарымен үйлесімде тобылғы және қараған *Spiraea hypericifolia, S. trilobata, Caragana camilli-schneideri, C. frutex* формациялары басым. Орта тауда олар теңіз деңгейінен 800-900м-ден 1350-1450 м-ге дейінгі биіктікте белдеу құрайды және шалғынды-далалы және шалғынды тұқымдастықтармен заңды кезектесуді ұсынады. Түрлі шөпті-астықты жамылғысы бар *Helictotrichon pubescens, Festuca valesiaca,Artemisia sericea* ұшқат *Lonicera tatarica* және тобылғының *Spiraea hypericifolia* қатысуымен раушангүлділер басым. Солтүстік экспозиция беткейінде олардың құрамында ырғай *Cotoneaster melanocarpa, C. oligantha* қалыпты, ал шөпті қабатта мезофитті түрлі шөп және астықтар *Bromopsis pumpelliana, Bromopsis inermis, Fragaria viridis, Lathyrus gmelinii, Peucedanum morissonii, Thalictrum simplex* басым. Биік емес гранитті шоқылардың шыңдары 40-50% өсімдікпен жамылған. Бұталы өсінділер төменгі қабатында бетеге және петрофитті түрлі шөптері бар *Festuca valesiaca, Stipa capillata, Potentilla acaulisapша Juniperus sibirica* және ырғайдың *Cotoneaster unifloru,* тобылғының *Spiraea trilobata* басымдылығымен шыңдардың астында кішігірім топтармен ұсынылған.

Сайлардың бойымен ұшқат *Spiraea hypericifolia, Rosa spinosissima, Lonicera tatarica* бар тобылғы-итмұрынды өсінділер,кейде мойылдын *Padus avium* және қияқты-астықты-түрлішөпке бай шөпті қабаттың *Carex pediformis,Dactylis glomerata, Poa angustifolia, Paeonia anomala, Fragaria viridis* қатысуымен таралған, оларды шеттерінен бадамдар *Amygdalus ledebouriana* қоршайды. 1200-1300 м биіктіктегі тауаралық алқаптарда түрлі шөпті-астықты шөпті қабаты бар *Helictotrichon pubescens, Dactylis glomerata, Poa angustifolia, Galium verum, Artemisia sericea* тобылғы формациялары *Spiraea hypericifolia* таралған.

Биік таулы бұталар. Таудың жоғарғы белдеуінде 1500-1900 м әдетте тобылғы *Spiraea trilobata, Spiraea hypericifolia* және ырғай *Cotoneaster uniflorus* бар арша *Juniperus sabina, Juniperus sibirica* таралған, сұлылы-түрлі шөпті *Potentilla acaulis, Orostachys spinosa, Patrinia intermedia, Helictotrichon pubescens, Helictotrichon desertorum* қабаты бар қауымдастықтар. Солтүстік-шығыс беткейлерге түрлі шөпті-шымды астықты-тобылғы қауымдастықтары *Spiraea hypericifolia, Festuca valesiaca, Poa stepposa, Stipa pennata, Helictotrichon desertorum, Origanum vulgare, Artemisia vulgaris, Thymus stepposa, Medicago falcata* тән.

Жоғарғыда көрсетілген тоғайлардың қаумдастық құрамына қарай: розарийлер, Ледебур бадамының *Amygdalus ledebouriana Schlecht* формациялары, шайқұрай жапырақты тобылғының*Spiraea hypericifolia* формациясы, үшқұлақты тобылғының *Spiraea trilobata* формациясы, ашық жасыл түйесіңгірдің *Atraphaxis laetevirens* формациясы, дарагүлді ырғайдың *Cotoneaster uniflora* формациясы, бұталы қарағанның *Caragana frutex* фомациясы, майқарағанның *Colophaca howenii* формациясы, көпаяқты бөріқарақатың *Berberis heteropoda* формациясы, ағаш тектес талдың *Salix arbuscula* формациясы, ашалар формацияларына бөлінеді.

Кесте №1

Бұталы қаумастықтардың формациялар құрамы

Формация атауы	**Ассоциациялар**	**Доминантты түрлер**
Розарийлер	Аран раушан	*Rosa spinosissima L.Lonicera tatarica* *Dactylis glomerata* *Poa pratensis* *Bromus inermis* *Bupleurum aureum*
	Тікенді раушан	*Rosa acicularis* *Rosa spinosissima* *Daphne altaica* *Avenastrum pubescens* *Roegneria abolini* *Sanguisorba officinalis*
Ледебур бадамының *Amygdalus*	Тобылғы-бадамды	*Amygdalus ledebouriana*

ledebouriana формациясы		*Spiraea hypericifolia* *Caragana frutex* *Atraphaxis laetevirens* *Sedum hybridum* *Euphorbia pachyrrhiza* *Ziziphora clinopodioides* *Artemisia frigida* *Hypericum scabrum*
	Қараған-бадамды	*Amygdalus ledebouriana* *Caragana frutex* *Agropyrum tarbagataicum* *Dactylis glomerata* *Calamagrostis epigeios* *Stipa rubens* *Medicago falcata* *Heteropappus canescens*
	Майқараған-бадамды	*Amygdalus ledebouriana* *Colophaca howenii* *Stipa rubens* *Stipa capillata* *Festuca sulcate* *Medicago falcata* *Veronica spuria* *Salvia nemorosa* *Heteropappus canescens* *Nepeta nuda*
	Бадамды	*Amygdalus ledebouriana* *Ferula songorica* *Alcea nudiflora* *Heteropappus canescens* *Sedum hybridum* *Allium lineare*
Шайқұрайжапырақты тобылғыныңSpiraea *hypericifolia* формациясы	Итмұрын-тобылғылы	*Spiraea hypericifolia* *Rosa spinosissima L.* *Stipa rubens* *Festuca sulcate* *Bromus inermis* *Koeleria gracilis* *Agropyrum repens* *Libanotis sibirica*
	Бадам-тобылғылы	*Spiraea hypericifolia* *Amygdalus ledebouriana* *Colophaca howenii* *Sedum hybridum* *Artemisia frigida* *Patrinia intermedia* *Euphorbia pachyrrhiza* *Agropyrum tarbagataicum* *Hypericum perforatum*
	Қараған-тобылғылы	*Spiraea hypericifolia* *Caragana frutex* *Stipa capillata* *Festuca sulcate*

		Poa bulbosa *Bromus inermis* *Poa pratensis* *Hedysarum songoricum*
	Майқараған-тобылғылы	*Spiraea hypericifolia* *Colophaca howenii* *Stipa rubens* *Festuca sulcate* *Artemisia nitrosa* *Agropyrum tarbagataicum* *Astragalus arbuscula*
	Түйесіңгір-тобылғылы	*Spiraea hypericifolia* *Atraphaxis laetevirens* *Spiraea trilobata* *Stipa rubens* *Veronica pinnata* *Koeleria gracilis* *Alcea nudiflora*
Үшқұлақты тобылғының *Spiraea trilobata* формациясы	Бұталы-тобылғылы	*Spiraea trilobata* *Atraphaxis laetevirens* *Spiraea hypericifolia* *Rosa spinosissima L.* *Sedum hybridum* *Euphorbia pachyrrhiza* *Hypericum scabrum*
	Түрлішөпті-тобылғылы	*Spiraea trilobata* *Cicer songoricum* *Dracocephalum integrifolium* *Veronica pinnata* *Patrinia intermedia* *Festuca sulcate* *Agropyrum propinquum*
Ашық жасыл түйесіңгірдің *Atraphaxis laetevirens* формациясы	Тобылғы-түйесіңгірлі	*Atraphaxis laetevirens* *Spiraea trilobata* *Colophaca howenii* *Aneurolepidium angustum* *Stipa capillata* *Festuca sulcate* *Hyssopus ambiquus* *Astragalus testiculatus*
	Бозшалғын-түйесіңгірлі	*Atraphaxis laetevirens* *Caragana frutex* *Spiraea hypericifolia* *Andropogan ischaemum* *Aneurolepidium angustum* *Stipa capillata* *Hypericum scabrum* *Festuca sulcate* *Artemisia rutaefolia*
Дарағүлді ырғайдың *Cotoneaster uniflora* формациясы	Түрлішөп-астықты-ырғайлы	*Cotoneaster uniflora* *Rosa acicularis* *Juniperus pseudosabina* *Hordeum turkestanicum*

		Avenastrum pubescens *Potentilla asiatica* *Alchimilla cyrtopleura* *Cerastium cerastoides* *Roegneria abolinii*
Бұталы қарағанның *Caragana frutex* фомациясы	Түрлішөпті-астықты қарағандар	*Caragana frutex* *Dactylis glomerata* *Bromus inermis* *Poa pratensis* *Vicia tenuifolia* *Lathyrus pratensis* *Lavatera thuringiaca*
	Бадамды-қарағанды	*Caragana frutex* *Amygdalus ledebouriana* *Agropyrum tarbagataicum* *Dactylis glomerata* *Poa pratensis* *Bromus inermis* *Medicago falcata* *Vicia cracca* *Ziziphora clinopodioides*
Майқарағанның *Colophaca howenii* формациясы	Түрлішөпті-селеулі-майқарағанды	*Colophaca howenii* *Stipa rubens* *Festuca sulcate* *Poa pratensis* *Bromus inermis* *Medicago falcata* *Peucedanum morisonii* *Veronica spuria*
	Петрофитті-түрлішөпті-майқарағанды	*Colophaca howenii* *Spiraea hypericifolia* *Festuca sulcate* *Ziziphora clinopodioides* *Stipa capillata* *Poa pratensis* *Verbascum songoricum* *Stipa rubens* *Hypericum perforatum*
Көпаяқты бөріқарақатың *Berberis heteropoda* формациясы		*Berberis heteropoda* *Lonicera tatarica* *Dactylis glomerata* *Poa nemoralis* *Festuca gigantela* *Milium effusum* *Brachypodium pinnatum*
Ағаш тектес талдың *Salix arbuscula* формациясы	Астықты-түрлішөпті-талды	*Salix arbuscula* *Rosa acicularis* *Avenastrum asiaticum* *Anthoxanthum alpinum* *Hordeum turkestanicum* *Festuca kryloviana* *Poa pratensis*

Жоғарыда көрсетілген бұталы формациялардың орналасуында заңдылық байқалады. №2 кестеде жоғарыдан төмен орналасуы көрсетілген:

Кесте №2

Бұталы формациялардың орналасуы

Белдеу	**формациялар**
Далалы	*Spiraea hypericifolia,Caragana frutex, Colophaca howenii, Amygdalus ledebouriana*тоғайлары
Бұталы	*Rosa spinosissima, Spiraea hypericifolia, Amygdalus ledebouriana,Spiraea trilobata,Juniperus sabina,* Полидоминантты бұталы тоғайлар
Субальпілік	*Juniperus sibirica, Juniperus pseudosabina, Cotoneaster uniflora, Salix arbuscula, Rosa acicularis*
Альпілік	*Salix alatavica, Juniperus sibirica, Juniperus pseudosabina,*

Осы заңдылықтың негізінде белдеулердің флористикалық құрамын байқауға болады және бұталы ассоциациалардың құрамында доминаннты түрлерді анық көруге болады. Бұталы формациялардың қазіргі жағдайына қоршаған ортаның абиотикалық және биотикалық факторлары әсер етуінің кесірінен түрлік құрамы азайып немесе басқа түрлермен алмасуы мүмкін. Бұл жағдайлар адамның әсерінен болуы мүмкін. Табиғаттағы кезкелген қауымдастықты сақтау адам қолында. Табиғатымыздың ерекшеліктерін сақтап, бұталы тоғайларымызды қорғайық!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. "ТЕРРА"қашықтықтан зондтау орталығы"ЖШС-" Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі " жобасы. Алматы, 2014 ж.
2. Степанова Е. Ф. "Тарбағатай жотасының флорасы мен өсімдіктері"-Алматы, 1962 ж.
3. Б.М. Силыбаева, Ж.К. Байғана, Н.Ш. Карипбаева, В.В. Полевик «Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы». Семей, 2010.
4. https://lesnoy-dar.ru/derevya-i-kustarniki/iva-kozya.html

ӘОЖ 599.735.34: 639.1.055.36(574.42)

«ТАРБАҒАТАЙ» МҰТП АУМАҒЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН СІБІР ЕЛІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ КҮЙІ

Сакиева Жансая Мейратқалиқызы *- ҒАжЭМ бөлімінің ғылыми қызметкері, «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, ШҚО, Үржар ауданы, Үржар ауылы.*

Аннотация. Бұл мақалада сібір елігінің қазіргі жай-күйі мен тіршілік ету ерекшелігі, сондай-ақ соңғы 3 жыл ішіндегі сандық динамикасы қарастырылған.

Сібір елігі *Capreolus pygargus* - бұғылар тұқымдасына жататын жұптұяқты, сүтқоректі жануарлар. Денесінің ұзындығы 100-135 см, шоқтығының биіктігі 75-100 см, салмағы 20-40кг. Ешкісі мүйізсіз, текесінің наурыз – мамырда толық жетіліп, қараша – желтоқсанда түсетін 3-5 ашалы мүйізі (25 – 40 см) болады. Құйрығы өте қысқа. Аяқтары жіңішке әрі ұзын. Бірақ, алдыңғы аяғы артқы аяғынан қысқарақ келеді, бұл оның секіріп жүруге бейімделгенін көрсетеді. Ол ені 5-6 метр сайлардан жақсы қарғып өтеді. Қыста түгінің түсі қоңырқай сұр, жазда жирен, жас лақтарының түгінде ашық түсті теңбіл дақтары болады. Бұл жануарлардың

иіс сезу қабілеті арқар мен тауешкіге қарағанда кем. Оның есту мүшесі жақсы жетілген. Сондай-ақ бұл аң тамаша жүзеді.

1 - сурет. Сібір елігі.

Еліктің бірінші саусағы жоқ, эволюция кезеңінде редуцияға ұшыраған. Қосымша тұяқтары негізгісінен екі есе кіші және артқы жағында жоғары қарай орналасқан, сондықтан олар жүргенде косымша кіші тұяқтары жерге тимейді. Алдыңғы аяғындағы негізгі сыртқы тұяқтары ішкі тұяқтарына қарағанда кішкене ұзынырақ және үшкір келген, артқы аяқтарында ішкі де сыртқы да тұяқтары бірдей. Аталықтарында алдыңғы аяқтарының ізі домалақтанған және өтпейтін, аналығында сопақтау және жіңішке.

Мекен етуі: Біздің ұлттық табиғи парк аумағында еліктің мекендеуіне қолайлы жердің жалпы көлемі 144 мын гектарға тең. Тарбағатай тауының етегінен бастап, Алакөл көліне дейінгі аумақтың барлық жерінде мекен етеді. Бұл аймақтарда тіршілік етуге қолайлы қоныстардың әрбір мың гектарында 3-тен 100-ге дейін елік мекендейтіндігі анықталды. Ал өте жиі қоныстанған мекендерде бір мың гектар жерге 25-40 еліктен келеді.

2 - сурет. Күзгі көші-қон кезіндегі сібір еліктері.

Тіршілігі: Бұлар көп некелі жануарлар, аталық және 2-3 аналықтан тұратын кішігірім үйірмен жүреді. Кейде 100 басқа дейін үлкен үйір құрып, 100-120 шақырымға дейінгі жазғы жайылымға көшеді. Бір үйірде 10-15-ке дейін елік болады. Олар үйірінен көктемде лақтары бөліне бастайды. Сонымен қатар, жыл мезгілдеріне байланысты таудың әр түрлі биігіне шығып отырады. Кешке және түнде белсенділігі жоғары. Қалыпты жағдайда жүріп келе жатқанда, ал егер қауіптенсе желге қарсы жатады. Олар бір-бірінен алысырақ жатып, жаудың келгенін уақытында білу үшін үйірмен демалады. Еліктердің жеке мекендейтін аумақтарының көлемі 25-тен 125 гектарға дейін, көбіне 50-80 гектардан тұрады. Қыста еліктер қалың қарды табанына дейін қазып демалады. Қыстың қарлы-боранды кездерінде қалың ағаш, бұта ішін мекендейді. Сондай-ақ қыс қатты, қар қалың болған жылы еліктер бір жерден екінші жерге жайылымдарын ауыстырады. Осы мезгілде еліктер қасқырға оңай жем болады. Қасқырдан басқа еліктің жауы – сілеусін мен барыс. Өте қалың қарда жүре алмайды. Тауда қар қалың түсіп, қатты қыс болған жылдары елік, әсіресе, оның лақтары өлім-жітімге көп ұшырайды. Жаз

айларының ыстық мерзімдерінде орман арасында жусап, кешкі салқынмен жайылады. Бір заттан үріккенде елік өте қатты өкірген сияқты дыбыс шығарады.

Еліктер шығаратын дауыс белгілері өздерінің арасындағы коммуникация жолы болып табылады. Жануарлардың тілдесуінде, әсіресе, топ құрып жүргенде белгі береді, көру арқылы қабылдауға шешілген: ерекше қалыптағы тұрыс, қимыл-қозғалыс, құйрық жағындағы «айнаның» түрі.

Иіс сигналы. Бас маңайында, маңдайда, аталықтарының мойнында орналасқан бездердің секреттері, қарсылас аталықтарға ақпарат береді, яғни, бұл аумақтың бос еместігін, ал, аналықтарға – бұл жерде көбеюге дайын аталықтың бар екенінен хабардар етеді. Аумақ иесі бұл құпияны өзінің иеліктерін белгілеп қою үшін пайдаланады. Сондықтан да, олар ағаштар мен бұтақтарға сүйкеніп өз иістерін қалдырады.

Дауыс сигналы. Еліктер шығаратын дауыс сигналы болады. Сібір еліктері шығаратын дауыс белгілері иттің дауысына ұқсас үрген дауыс. Аталықтары да, аналықтары да бір заттан қорыққанда, қиындықты сезіктенгенде үреді. Еліктің үргені көбіне бір-ақ рет. Кей жағдайларда ғана еліктер он минут ішінде бірнеше рет үреді. Еліктер жиірек бір орында тұрып дауыс шығарады, бірақ жүгірген қалыпта да шығара береді. Ол кезде үрген дауысы қысқа бірақ, бірнеше рет қайталанады. Адамдар еліктің үрген дауысын 3 километрден ести алады.

Екінші дыбыс белгісі – бұл ысқыру. Оны естіп қалу қиын болады. Бірақ, ғалымдардың зерттеуінше, бұл дыбысты еліктің аналықтары күйлеу уақытында, аталығы жақындап келе жатқанда аналық өзінің дайындығын «айтады» екен. Елік ысқырығы – жоғары және онша қатты шықпайды. Адам есту мүшесіне ол нәрестенің сыңғыр еткен дауысымен бірдей, бірақ төменгі дыбыс үндестілігінде.

Қоректенуі: Жер ерекшелігіне және әр маусымға байланысты елік жүзге жуық өсімдік түрімен қоректенеді. Көктемде, жазда әр түрлі шөп, жасыл жапырақ, жидек, қылқанды ағаштың бұтақтары мен бүршіктерін жейді. Сонымен қатар, жазда шөптен басқа олар жеміс-жидекті, жабайы алмамен азықтанады. Қыс кезінде шөпті қар астынан қазып, немесе қарда абден тебіндеп жайылады. Иіс сезімі жақсы жетілгені соншалық 40 сантиметр қардың астындағы қынаны иісінен біліп, ашып жейді. Жас ағаштардың сабағы мен жапырағын, бүршігін кеміріп қорек етеді.

Ең жақсы деген еліктердің жайылымы – жас өркенді, жас жапырақты, кесілген ағаштарға шығатын жапырақты шыршалы орман. Мұндай жайылымдар нәрлі бұтақты азықтың көп шоғырлануымен ерекшеленеді. Екі-үш жыл тұрған кесілген ағаштардың қоры тұрғылықты көшеттерге қарағанда 8-9 есеге көбейеді.

3 - сурет. Фототұзақ мәліметі бойынша Саясу сайындағы сібір елігі.

Көбеюі: Еліктің күйлеу мерзімі тамыз-қыркүйек айларында басталады. Еркек еліктің жыныстық қабілеті 3-4 жасында, ұрғашысы үш, сиректеу екі жасында жетіледі. Шілде –

тамыздан бастап 9 ай көтереді. Көбіне егіз, сирек 1-3 лақ табады. Ұрғашы еліктер бір жарым жасында мамыр-маусым айларында лақтай бастайды. Тоғыз айлық жүктіліктен кейін шөпке тығылып, тек 7-8 күннен кейін анасына ілесетін екі лақты (кейде үш) дүниеге әкеледі. Лақтарын 6-8 ай сүтімен қоректендіреді. Жаңа туған лақтарының түсі теңбіл келеді, бірақ бұл жолақ үш-төрт айдан кейін кетіп қалады. Еліктер 11-12, кейде 16 жылға дейін өмір сүреді.

Сібір елігі аймақтың барлық аумағын мекендейді және фондық түрге жатады, көп таралған аңдардың бірі. Осындай «танымалдылықпен» түрлер үнемі антропогендік әсерге ұшырайды, бұл мезгіл-мезгіл қолайсыз табиғи жағдайлармен бірге ауыл шаруашылығы да популяцияның мөлшері мен құрылымына кері әсерін тигізеді. Адамның және табиғаттың түрлерге әсер ету әдістерін жануарлар дүниесін және олардың тіршілік ету ортасын қорғауға арналған арнайы уәкілетті органдардың қорғау және бақылау шараларымен, сондай-ақ олардың санын сақтау мен көбейтуге бағытталған шаралармен тікелей байланыста түрді зерттеу, нақты нәтижелер береді, олардың негізінде қабылданған шаралардың тиімділігіне баға беруге болады.

Жануарлардың экологиялық топтарының арақатынасымын байланысты жануарлардың түрі ғана емес, құрылымы да өзгереді. Бұрынғысынша шөпқоректілер басым болғанымен, биоценозда түбірімен қоректенетін және талғаусыз қоректенетін жануарлар үлкен рөл атқара бастайды. Жартылай шөлейт аймақтарында еліктер жыл бойы жайылады. Таулы аймақтарда субальпілік белдеуге дейін көтеріліп, аса қатты жартасты жерлерден өздерін аулақ ұстайды. Басқа сүтқоректі жануарларға қарағанда еліктер өте сезімтал, адамзатқа тез үйреніп кетеді.



4 - сурет. Сібір елігінің көші-қон жолының сызбасы.

Саны: Еліктерге санақ жүргізгенде санақ әдістерінің барлық түрлері қолданылады. Яғни, санақ жүргізуде уақыт, кездескен жануарлар саны немесе олардың іздері, алған бағыттары ескеріледі.

Кесте-1.

«Тарбағатай» МҰТП аумағындағы соңғы 3 жыл ішіндегі еліктің саны

2018 ж.	2019ж.	2020ж.
291	275	267

«Тарбағатай» МҰТП аумағындағы сібір елігінің саны 2018 жылы 291 бас, 2019 жыл 275 бас, 2020 жылы 267 басты құрады. Ұлттық парк құрылғанға дейін сібір елігін антропогендік факторлардан қорғайтын ешқандай шектеулер болмаған. Сондықтан сібір

елігінің саны аз болған. 2018 жылы ұлттық табиғи парк құрылғалы сібір елігінің санының күрт өсуін байқауға болады.

5 – сурет. Қасқырдың шабуылынан өлген елік. Фото авторы: Аринов Г.

2018 жылдан бастап түрлер санының динамикасын талдай отырып, біз 2019 жылы елік санының айтарлықтай өсуін байқаймыз. Ал 2020 жылы еліктер санының азаюының себептері: миграциялық жолдағы үй жануарларының әсерінен ығыстырылуы, 2016 жылы жануарларды аулауға тыйым салынғандықтан, жыртқыш жануарлардың саны өсіп, еліктерге шабуыл жасауы факторлары жиі кездесуде. Еліктерді қорғаудың қарапайым биотехниялық шараларын өткізу (жыртқыштармен күрес, қарлы қыста қоректену және т.б.) бұл шаруашылықтарда еліктер популяциясының тығыздығының жоғарылауына мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліктің «Тарбағатай» МҰТП аумағындағы жүргізген санақ нәтижелерін қорытындылай келе, елік санының жоғарылағанын байқадық. Бұған биотехниялық шаралардың ережеге сай жүргізілуі, оттықтар мен тұздықтардың жаңартылуы өз нәтижесін көрсетті.

Ұлттық табиғи парктегі жабайы жұптұяқтыларды қорғау, санын сақтау және арттыру үшін биотехниялық қорғау шаралары жүргізіліп отырады.

Сонымен қатар, фаунаны қорғаудың негізгі шараларына халық арасында бұқаралық ақпарат құралдары, агитация сияқты түсіндіру жұмыстарын топтық патрульдер ұжымы арқылы броконьерлікпен күресу болып табылады. Жануарлардың санын есепке алу жыл сайын өткізіледі, алынған мәліметтермен салыстыру жұмыстары жүргізіліп соған орай, биотехниялық және қорғау шараларын жоспарлайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қыдырбаев Х. Қазақстанның аң байлығы / Х. Қыдырбаев, А. Бекенов. – 2006, -8-22б.

2 Ысқақов С. Қазақстанда мекендейтін аң-құстар / С.Ысқақов.- Алматы: Қазақстан, 2009.- 58-70б.

3 Сабанеев Л.П. Аңшылық жануарлар/ Л.П. Сабанеев – 1988. – 34-56б

3. ГТС шығу кезінде қысымның жоғарылауы: қысым реттегішінің дұрыс жұмыс істемеуі газ қысымының сенсорының дұрыс жұмыс істемеуі	Сақтық көшірмені азайту сызығына ауысу
4. Редуктор бөлмесінде қатты газдың ағуы	Трансмиссиялық станцияны айналма жолда, газды ағызып, ағып кетуді болдырмаңыз
5. Жалпы газ жылыту үшін жылу алмастырғышта газдың қатты ағуы	Жылу алмастырғышты өшіріңіз, жылыту қондырғысын айналма жолға өткізіңіз, қазанды өшіріңіз
6. Газдың тұтануы бар ГТС өнеркәсіптік учаскесінде газ құбырларының үзілуі	ГТС-ын шүмектен ажырату, газды шығару, өртті жою
7. АГТС тарату тақтасындағы қысқа тұйықталу	Құрастыру қалқанын өшіру, өрт сөндіргішпен, құммен, қорқынышпен өртті сөндіру

Жалпы жағдайда, газ тасымалдау объектілерінде адамдарды жеңу мүмкіндігін априорлы түрде азайтуға газ беру жүйесінің элементтерінен елді мекендерге, кәсіпорындарға, басқа адамдар болуы мүмкін жерлерге дейінгі қашықтықты және қауіпсіздік аймақтарын белгілеу арқылы қол жеткізіледі.

Газ тарату жүйесінің орналасуы мен техникалық қызмет көрсету ерекшеліктеріне байланысты тікелей технологиялық үй-жайларда, оның алаңында және жақын аумақтарда зардап шеккендердің ең көп санын бір немесе екі адамнан (жоспарлы тексеру және жөндеу кезінде қызмет көрсететін персонал) бағалауға болады.

Газ құбыры филиалында, газ құбырлары мен газ тарату станцияларының жабдықтарында болуы мүмкін апаттар жағдайында зақымдайтын факторлардың әсер ету аймағында елді мекендер құлап қалмайды, өйткені олар объектіде болуы мүмкін авариялардан зақымдайтын факторлардың ауқымынан едәуір асатын қашықтықта орналасқан.

Кеңейтілетін объектідегі авариялар жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарының қауіпсіздік аймақтары мен минималды қауіпсіз қашықтық аймақтарын бұзған жағдайда жеңілуіне, сондай-ақ кездейсоқ осы аймақтарға тап болуларына әкелуі мүмкін.

*Апатқа қатысы бар зат мөлшерін негіздеу РНТП 01-94 сәйкес жүргізіледі. ГОСТ 12.1.004-91 сәйкес құрбан болғандардың мүмкін санын бағалау[4]. Жарылыс ықтималдығы жылына 1,2 * 10-3, 1 жарылыс 833 жылда. Адамдарға және материалдық құндылықтарға әсер ететін қауіпті факторлар.*

1. Соққы толқыны. ΔP = 17,6 кПа
2. Жоғары температура.

Адамдарға және материалдық құндылықтарға әсер ететін қауіпті өрт факторларының қайталама көріністері:

1. Фрагменттер, құлаған қазандықтардың бөліктері, құрылыс құрылымдары.

Ықтимал салдары:

- *қазандықтың ғимараты мен жабдықтарын ішінара бұзу;*
- *жарақат алу - 1-2 адам, күйік, баротраума.*

Апатқа қатысқан қауіпті заттардың мөлшері - 4,2 кг табиғи газ. Негізгі зақымдайтын факторлардың әсер ету аймағы - қазандық.

Жарылыстан болатын экономикалық шығындарды математикалық күту жылына 600 теңгені құрайды. Болжамды төтенше жағдай туындаған кездегі шығын мөлшері 1 миллион теңгеден басталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Химиялық қауіпті объектіде және көлікте болған авария кезіндегі химиялық жағдайды болжау және бағалау әдістемесі, Қазақстан, 2010 ж.

2 «Технологиялық процестердің өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар », ГОСТ R12.3.047-98;

3 Экологический кодекс Республики Казахстан : с изм. 2019 Технический регламент Евразийского экономического союза "Обезопасности газа горючего природного, подготовленного к транспортированию и (или) использованию" (ТР ЕАЭС 046/2018)

4 Критерии оценки степени риска в области охраны окружающей среды, воспроизводства и использования природных ресурсов : с изм. 2018 , приказ № 448 (2018, 19 ноября) Министерство национальной экономики Республики Казахстан

ӘОЖ 537.81614.7

ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ӨРІСТЕРДІҢ АДАМҒА ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ӘСЕРІ

Тунгушбаева З.К.[1], Жашиков Б.М.[2], Құмарбекұлы С.[3] *– т.ғ.к., асс.профессор[1], студент[2], докторант[3], С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада электромагниттік өрістердің адамға зиянды және қауіпті әсеріне қарастырылып және талдау жасалынған.

Адам электромагниттік сәулеленудің тұрақты әсеріне ұшырайды, басқаша айтқанда ол электромагниттік «торда» (электромагниттік ластану немесе түтін).

Бір адамға электромагниттік сәулеленудің әсер ету түрлері:

- оқшауланған - электромагниттік сәулеленудің бір көзінен;
- аралас - екі немесе одан көп көздерден;

- *құрамдастырылған - электромагниттік сәулеленудің және басқа да физикалық, химиялық және биологиялық факторлардың бір мезгілде әсер етуі;*
- *тұрақты - өндірістегі жұмыс күнінің барлық 8 сағатында немесе тіршілік жағдайында 24 сағат ішінде;*
- *тұрақты емес - белгілі бір уақыт кезеңінде (өндірісте 8 сағаттан кем және өмір сүру жағдайында 24 сағаттан кем);*
- *жергілікті (тұрақты) - адам ағзасының кез-келген бөлігіне әсер ету;*
- *жалпы - адамның бүкіл денесіне әсер ету.*

60-ыншы жылдары электромагниттік өрістер бойынша ауқымды зерттеулер басталды. Магниттік және электромагниттік өрістердің жағымсыз әсерлері туралы көп мөлшерде клиникалық материал жинақталды және жаңа

«радиотолқындар ауруын» немесе «созылмалы микротолқынды ауруын» енгізу ұсынылды. Кейінірек ғалымдардың еңбектері бойынша ЭМӨбіріншіден, адамның жүйке жүйесіне, әсіресе жоғары жүйкесіне белсенді әсер ететіні, ЭМӨ-ге сезімтал екендігі, екіншіден, ЭМӨ жылу әсерінің шекті мәнінен төмен қарқындылыққа ұшыраған адамға әсер ететіндігі анықталды.

Осы жұмыстардың нәтижелері нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде пайдаланылды.

ЭМӨ-ге ең сезімтал - орталық жүйке жүйесі, иммундық және ағзаның жыныстық жүйесі. ЭМӨ-нің «ақпараттық» әрекетін және модуляция түрінің реакциясының тәуелділігін мойындай отырып, ол ерекше мәнге ие өрістің қарқындылығы емес, онымен адамның байланысқа түсу фактісі немесе сыртқы ЭМӨ және биологиялық ЭМӨ өзара әрекеттесуі фактісі танылады. Эксперименттік зерттеулер бойынша ағзаның әрбір жүйесіне ЭМӨ-тің әсер етуі артуы басқа да ортаның факторларына (басқа да өрістер, химиялық және фармакологиялық препараттар және т.б.) байланысты. Бұл жағдайда адамның ЭМӨ-мен тіпті қысқа мерзімде байланыста болса да, жүйкелік көріністердің толық кешенін, психосоматикалық реакцияларды, сондай-ақ ауыр патологиялық реакцияларды тудыруы мүмкін [1]. Алынған нәтижелер физикалық және химиялық сипаттағы бірқатар факторлардың әсерінен жылулық және жылулық емес қарқындылықты ЭМӨ биоэффекттерінің ықтималды түрленуін көрсетеді. ЭМӨ-тің және басқа факторлардың кешенді әсер ету ЭМӨ-нің айтарлықтай әсерін анықтады, ал кейбір кезде айқын патологиялық реакцияның дамуын көрсетті [2].

Шетелдік және еліміздегі зерттеушілердің тәжірибелік деректері барлық жиілік ауқымында ЭМӨ биологиялық белсенділігінің жоғары екендігін көрсетеді. ЭМӨ сәулеленудің салыстырмалы жоғары деңгейлерінде қазіргізаманғы теория бойынша жылулық механизмнің әсер етуін анықтады. ЭМӨ салыстырмалы түрде төмен деңгейде (мысалы, 300 МГц-нен жоғары радиожиіліктер үшін бұл 1 мВт/см^2-ден аз) организмге жылулық емес немесе ақпараттық әсер ететіндігі сипатталады.

Ресей профессоры Ю.Г.Григорьевтың жетекшілігімен Электромагниттік қауіпсіздік орталығының қызметкерлері және биофизика институтымен дербес компьютер қолданушының функционалды күйіне электромагниттік өрісінің әсері туралы бірқатар зерттеулер жүргізді.

Қолданушылардың жағдайын бағалау үшін мидың биоэлектрлік белсенділігін, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу белсенділігін, бұлшық ет белсенділігін, гормоналды күйін және ақыл-ой көрсеткіштерін кешенді талдаужүргізілді.

Тәжірибелі дербес компьютер пайдаланушыларының қатысуымен жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, компьютердің мониторының айналасындағы электромагниттік өрістің қысқа мерзімді 45 минуттық әсер етуі дененің негізгі реттеуші жүйелерінің бәсеңдеуін арттыруға әкеліп соқтырды. Бұл мидың алдыңғы бөліктеріндегі биоэлектрлік белсенділіктің азаюынан, бүйрек үсті бездерінің жұмыс істеуіне байланысты кортизол концентрациясының жоғарылауынан және электрокардиограммадағы өзгерістердің пайда болуынан көрінеді.

Окленд қаласындағы (Калифорния штаты, АҚШ) Кайзер медициналық орталығының 1583 әйелге өткізілген зерттеу көрсеткендей, компьютер терминалдарын аптасына 20 сағаттан артық пайдаланатын әйелдер үшін жүктіліктің ерте және кеш кезеңдерінде түсік тастауы 80% жоғары, басқа дәл осындай жұмысты дисплейлі терминалдарсыз істейтін әйелдерге қарағанда.

Шведтік ғалымдардың айтуынша, басқа жұмыс істейтін әйелдерге қарағанда БДТ пайдаланушылардың туа біткен кемістігі бар балаларды туыу 2,5 есе көп және туғанынан жүрек ақауымен туылатындар 2,5 есе көп деген ықтималдық бар.

Адам денесі электромагниттік өрістердің вариациясы, яғни түрлену кезінде өте ультра төмен жиілікті (0,001 ... 10 Гц) және өте төмен жиілікті диапазондарда (10 ... 1000 Гц) сезімтал болып келеді [3]. Магнит өрісінің белсенді сәулеленуі (экспозициясы) неврологиялық сипаттағы әртүрлі көріністерге, сондай-ақ неврологиялық белгілерге, қатты әлсіздікке, өткір және қайталанатын бас ауруларына, күйзеліске (депрессия) әкеліп соғуы мүмкін.

ЭМӨ-тің жүйке жүйелерімен бірге, қан айналым жүйелеріне де әсер етеді. Бұл төмен жиіліктегі ЭМӨ орталық жүйке жүйесінің биологиялық ырғақтарына және жүрек қызметінің биоритмдеріне жақын екендігіне байланысты.

Өлім-жітім мониторингі бойынша жүргізілген зерттеулерге, сондай-ақ, қосымша ақпарат көздеріне сүйене отырып, бақылаушы топпен салыстырғанда дербес компьютер пайдаланушыларының қан айналым жүйелерінің аурулары қатерінің салыстырмалы тәуекелінің артуы туралы қорытынды жасауға болады, яғни бұл пайдалану уақытының артуына тікелей байланысты екенін көрсетеді [4].

Электромагниттік өрістердің биоэкожүйелерге, оның ішінде адамдарға әсер ету түрлері әртүрлі: үздіксіз және үзіліссіз, жалпы және жергілікті, бірнеше көздермен кешенді және басқа да жағымсыз факторлармен біріктірілген және т.б.

Биологиялық реакцияларға ЭМӨ-тердің келесі параметрлері әсер етеді:

- ЭМӨ қарқындылығы (мәні);
- сәулелену жиілігі;
- сәулелену ұзақтығы;
- сигнал модуляциясы;
- ЭМӨ жиілігінің үйлесімі,
- әрекет жиілігі.

Жоғарыда келтірілген параметрлердің тіркестері сәулелендірілген биологиялық объектінің реакциясы үшін айтарлықтай әр түрлі салдарларға әкелуі мүмкін.

Ұзақ мерзімді көп жылдардың әсер ету жағдайында ЭМӨ биологиялық әсері жинақталады, нәтижесінде орталық жүйке жүйесінің деградациялық процестері, қан рағы (лейкоз), ми ісіктері, гормондық аурулар сияқты ұзақ мерзімді аурулар қалыптасуы мүмкін.

ЭМӨ балаларға, жүкті (эмбрионға) адамдарға, орталық жүйке, гормоналды, жүрек-қан тамырлары жүйелері, аллергиямен ауыратын адамдарға, иммундық жүйелерді әлсіреген адамдарға ерекше қауіпті.

Қазақстанда жүргізілген көптеген зерттеулер мен монографиялық жинақтардың жүйке жүйесін адам ағзасындағы ЭМӨ-тің әсер етуіне ең сезімтал жүйелердің біріне жатқызуға негіз береді. Жүйке клеткасының деңгейінде жүйке импульстарының (синапс) құрылымдық қалыптасуы кезінде, оқшауланған жүйке құрылымдары ЭМӨ төмен әсер еткен деңгейінде де елеулі ауытқулар орын алады. ЭМӨ-мен байланысқан адамдарда жоғары жүйке қызметі, есте сақтау қабілеттері өзгеріске ұшырайды. Бұл адамдар стресстік реакциялардың даму үрдісіне ие болуы мүмкін. Белгілі бір ми құрылымдарының ЭМӨ-ге сезімталдығы жоғары болып табылады. Гематоэнцефалдық тосқауылдың өткізгіштігінің өзгеруі күтпеген жағымсыз әсерлерге әкелуі мүмкін. Эмбрионың жүйке жүйесі ЭМӨ-ге әсіресе ерекше сезімтал.

Жыныстық функциялардың бұзылуы әдетте, жүйке және жүйке эндокриндік жүйелердің реттелуінің өзгеруімен байланысты. ЭМӨ-ге ұшыраған кезде гипофиздің гонадотропты белсенділігінің жай-күйін зерттеу нәтижелері осыған байланысты. ЭМӨ көп рет қайта-қайта әсер етуі гипофиздің белсенділігін төмендетеді.

Өнеркәсіптік және теңіз медицинасы деректері бойынша өрістің қарқындылығы ерекше маңыздылы емес, оның адаммен байланысы ерекше маңызды болып табылады. ЭМӨ әсерінің жылулық емес механизмінің қолданыстағы теорияларына негізделген (циклотрон резонансы теориясы, конформационды өзгерістер теориясы және т.б.) өрістердің ағзаға жағымсыз әсерінің басқа көріністері пайда болу мүмкіндігін көрсетеді. Электромагниттік сәулеленудің молекулярлық және субжасушалық деңгейлердегі әрекетінің негізі барлық кейінгі биологиялық құбылыстардың негізі болып табылатын биофизикалық процестер.

Биологиялық объект сәулеленсе, электромагниттік энергия негізінен су молекулалары арқылы сіңіріледі, соның салдарынан байқалады:

- молекулалардың, яғни химиялық құрамын түгелдей сақтайтын заттыңең кішкентай бөлшектерінің және молекулалар топтарының кинетикалық энергияларының артуы, ерекше температуралық градиенттердің пайда болуынан микроқұрылымдардың селективті қызуы (диэлектрлік шығын);
- ЭМӨ күшінің бағыты бойынша молекулалардың және үлкен бөлшектерді бағдарлау, молекулалардың релаксациясы және поляризациясы;
- бөлшектердегі зарядтардың индукциясы;
- диполь молекулаларының айналуы, молекулалардың, иондардың,ақуыз тізбектерінің резонанстық тербелістері,;
- жасуша мембранасының өткізгіштігінің жоғарылауы, иондық (мембраналық) каналдардың диаметрінің өзгеруі, иондар тогының бұзылуы (Ca^{+2}, K^{+} және т.б.), жасушаның мембраналық потенциалының өзгеруі;
- тіндердің диэлектрлік қасиеттерінің өзгеруі;
- төмен жиіліктегі диапазондарда электрлік зарядтардың жасушалықжәне үлкен құрылымдарға бағытталуы және дене бетіндегі индукцияланған зарядтың таралуы (индукцияланған ток тығыздығының өзгеруі).

Биологиялық құрылымдардағы тербелмелі процестер иондар концентрациясының жалпы заңдықтан ауытқыған градиенттеріне, ақуыздың гидратациялық аумағының өзгеруіне, үлкен бүйір тізбектерінің тұрақсыз байланыстарының бұзылуына, ақуыз бен ферменттердің ерекшелігінежауапты молекулалық құрылымдардың өзгерістеріне, мембраналық ақуыздардың конформационды өзгерістеріне, су фазасындағы ырғақтар қарқынының өзгеруіне, ең соңында ақуыз денатурациясына, тіндердің функциясының бұзылуына, зат алмасу өнімдерінің концентрациясының өсуіне, жасушаның зақымдануына, ағзадағы биологиялық реакциялардың рефлекторлық пайда болуынан рецепторлық құрылымдарының түршігуіне әкеліп соғады.

ЭМӨ аз уақытта кішкене ғана әсер етуі жүйке жүйесінің ең сезімтал құрылымдарының өзгеруіне әкеледі. Қысқа сәулелену кезінде морфологиялық өзгерістер пайда болады, ұзақ уақыт сәулеленуден олар қорғаныштық бейімдеу процестеріне ие болады. Күрделі өзгерістер бас ми қабығының жүйке байланыстарының арасында, аксосоматикалық синапстарда және терінің және ішкі ағзалардың рецепторлық сезімтал талшықтарының аймақтарының пайда болады.

Төмен қарқынды электромагниттік сәулеленуге ұшыраған кезде уақытша функционалдық өзгерістер орын алады. Сонымен қатар, электромагниттік сәулеленуге аса сезімтал болатын жүйелер алдымен әсерлерге ұшырайды, алайда онша сезімтал емес жүйелерге аз уақытқа созылған реакциялармен әсер етеді. Сондай-ақ, жеке жағдайларда сезімтал болып табылады, ол белгілі бір жағдайларда реакция береді, ол өз кезегінде физиологиялық реакция мен патологиялық реакциядан басқаша болады. Электромагниттік сәулеленудің ақпараттық әсер етуі ағзаның айтарлықтай бұзылуларынан (ауру, асқыну, басқа факторлардың жағымсыз әсерлері) көрінеді, ал сәулеленудің әсері ең алдымен, ұзақ мерзімді процестерден көрінетін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тихонов М.Н. Создание программного обеспечения для аттестации рабочих мест по условиям труда/М.Н. Тихонов, А.В. Беляев//Безопасностьжизнедеятельности-. - 2005. - № 3. -1-14 б.
2. Москвин СВ., Соколовская Л.В., Субботина Т.И., Хадарцев А.А., Яшин А.А., Яшин М.А.

Патогенное воздействие неионизирующих излучений на организм человека. Москва - Тверь - Тула, 2007, - 160 б.
3. Довгуша Л.В., Довгуша В.В. К механизмам взаимодействия слабых ЭМИ в биологииУ/Научный вестник/ http://www.chizhevski.ru/
4. Махмутова М.Т. Электробытовые приборы, как источник электромагнитного излучения//Восьмая Международная научно-практическая конференция «Новое в безопасности жизнедеятельности» (охрана труда, экология, валеология, защита человека в ЧС, токсикология, экономические и психологические аспекты БЖД, логистика). - Алматы: КазНТУ, 2006. 49-51 б.

ӘОЖ 502/504:614.771

АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ТОПЫРАҚҚА ТҮСУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ

Цыганов А.П.[1], Нұрғалиев Е.Қ[2]., Құмарбекұлы С.[3] *– б.ғ.к., доцент[1], студент[2], докторант[3], С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада ҚР аумағындағы ауыр металдардың топыраққа түсу жолдары және оның экологиясы қарастырылған.

Қазақстан өнеркәсібі дамуының басты бағыты – кен байлықтарымызды игеру, оның ішінде айрықша басымдылық мұнай мен газға берілген. Пайдасымен бірге мұнай және газ өндірудің қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерлері де аз емес. Мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемдерінің үздіксіз дамуынан Ақшабұлақ кен орыны және тағы басқа мұнай-газ кен орындарын игеретін Қызылорда облысының экологиялық жағдайының нашарлауы белең алуда. Жерге төгілген мұнай қалдықтары мен алаулы оттықтар төңірегіндегі топырақты барынша ластауда, ол өз кезегінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне ғана емес, адамдардың денсаулығына да үлкен қауіп төндіруде.

Сонымен қатар, қазір күн тәртібінде Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру мәселесі тұр. «Ол үшін Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыногқа жеткізу, мұнай-газ кешендерін осы заманғы инженерлік және бағдарламалық қамтамасыз етумен қатар, халықаралық стандарттарға сай қоршаған ортаны қорғау қажет» - делінген Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2013 жылғы халыққа Жолдауында. Демек, мұнай-газ өндірудің табиғи ортаға тигізетін зиянды әсерлерін азайту, бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Топырақтардағы ауыр металдардың аумақтық, кескіндік орналасу заңдылықтарының сипаттамасын беру, олардың миграциясы мен аккумуляцияларының ерекшеліктерін анықтау және ландшафтардың ластануға тұрақтылығын зерттеу геохимиялық құрылымын бағалауға негіз болып табылады. Бұған қосымша, бұл зерттеулер топырақтардың химиялық құрамын, сол аумақтың литологиялы-құрылыстық сипатын, техногендік, биологиялық зат айналымының ерекшеліктерін айқындайды. Осының бәрі ластану үрдісінің индикаторы ретінде топырақтың құрамы мен қасиеттерін зерттеудегі үлкен ғылыми және практикалық өзектілігін көрсетеді.

Бұл аймақта мұнай өндіру кезіндегі ластану қаупі мұнай-газ қабаттарының күрделі геологиялық құрылысынан, жоғары қысым және осы кен орны мұнайының флюидальды құрамынан туындайды.

Мұнай және мұнай өнімдері топырақта, суда, өсімдікте жиналып, қоректік тізбек арқылы жануар және адам организміне түседі, сол арқылы аймақтың экожүйесіне және халық денсаулығына нұқсан келтіреді.

Мұнаймен, оны өңдеу кезіндегі өнімдермен және оның жеке компоненттерімен ластанған топырақты тазарту мәселесі әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан топырақтың мұнаймен ластануының экологиялық зардаптарын зерттеу және тазартудың қайсы- бір әдістерін пайдалануды, утилизациялау мен рекультивациялауды экономикалық тұрғыдан негіздеу аса маңызды міндет болып табылады.

Ғылыми-техникалық прогресс қоршаған ортаның көптеген мөлшерде зиянды заттармен ластанып, қалыптасқан табиғи тепе-теңдіктің бұзылуымен қатар жүруде. Республиканың көптеген аймақтары газ, сұйық және қатты күйдегі өндіріс қалдықтарымен, сульфаттармен және ауыр металдармен ластануда. Қоршаған ортаның зиянды заттармен ластану деңгейі жоғары болуына байланысты олардың жануарлар ағзасына түсуіне, тигізетін зияны мен биологиялық рөлін зерттеуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Өндіріс ошақтары орналасқан аудандардың атмосферасына көп мөлшерде әр түрлі химиялық қосылыстар, ауыр металдар түсуде. Ауыр металдардың 80% микро-элементтердің қатарына жатады. Микроэлементтердің ауыз су мен тағам өнімдерінде жетіспеуі зат алмасудың бұзылуына, нәтижесінде эндемиялық аурулардың дамуына әкеліп соқтырды. Ал, ауыр металдардың өсімдіктер мен жануарларда артық мөлшерде жинақталуы олардың ағзасында жүретін тіршілік үшін маңызды процестерге қауіп төндіреді. Бұл, ауыр металдардың суда, топырақта қалыпты мөлшерде болу қажеттілігін талап етеді. Себебі, трофикалық тізбек арқылы таралып, биотаға және адам ағзасына түседі де, оларға кері әсер етеді. Өндіріс қалдықтарының қоршаған орта нысандарына түсуін, жинақталуы мен миграциясы, заңдылықтарын зерттеу олардың әсерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді (Попов А.В., 1993 ж). Сондықтан, жоғарыда айтылған күрделі аймақтық проблемалар осы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтады [1].

Қазіргі заманда қоғамның екпінді шаруашылық қызметі биосферада химиялық элементтердің миграциясын (жылжуы) күшейтіп отыр. Оған себеп, қоршаған орта өнеркәсіп өндірісінің, мал шаруашылығының, ірі қалалардың, жанған отынның әр түрлі химиялық заттардан тұратын қалдықтармен ластануда, яғни, біз өмір сүріп отырған ортаның жағдайы мәз емес. Тірі табиғаттың компоненттерін ластайтын көптеген химиялық элементтердің ішінде ауыр металдар соңғы кезде көбірек назар аудартуда. Оларға бір текше сантиметр көлемінің тығызығы 5 грамнан артығырақ болатын химиялық элементтер тобы жатады. Кезінде ғылыми техникалық әдебиетте металдарды жеңіл және ауыр деп топтаған. Сонан бастап ауыр металдар тірі организмдер үшін улы деген ұғым қалмай келеді.

Қоршаған ортаның жекелеген экотоптарын алатын болсақ, солардың ішінде ауыр металдардың ең көп түсетіні топырақ. Оған себепші болатын ең алдымен атмосфера. Атмосфераға ауыр металдар көбіне жер бетінен көтерілетін шаң тозаңның құрамында енеді. Сондықтан атмосферадан қар мен жаңбыр жер бетіне түскенде олардың құрамында көбінесе қорғасын, кадмий, мышьяк т.б. элементтер болатыны содан. Атмосфераны негізгі ластайтындардың қатарында электр стансалар, метал қорытатын зауыттар, мұнай өнеркәсібі, құрылыс металдарын шығаратын кәсіпорындар мен автокөлік. Іштен жанатын қозғағыштар жұмыс істегенде азоттың, қорғасынның тотықтары, көмірсутектер т.б. заттар бөлініп шығып, топырақ бетіне түседі. Бұл жағдайда аталмыш заттар топыраққа түскен соң, қоректену тізбегі арқылы зат айналымға енеді. Улы заттар топыраққа жинала келе оның химиялық құрамының өзгеруіне себеп болады, содан тірі ағзалар мен ортаның бірлігі бұзылады [2].

Топырақта жиналатын металдардың ауыры бар, басқалары бар, түрлері көп, мысалы, темір (Fe) , қорғасын (Pb), сынап (Hg), мыс (Cu) т.б. осылардың ішінде ең қауіптісі сынап болса, соның жыл сайын топыраққа 4,0-5,0 мың тоннасы түсетін көрінеді, ал өндірілетін қорғасынның әр тоннасынан қоршаған ортаға 25 келісі түседі. Әдетте, ауыр шаруашылығы аудандармен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісі дамыған аймақтарда топыраққа 25-27 есе көп қорғасын түседі екен. Жыл сайын әр шаршы метр жер бетіне техногендік жолмен 35 келі мыс түседі. Осы аталмыш металдардың концентрациясы ортаның нысандарында көбейген сайын өсімдіктің өсуі баяулайды, өнімі төмендейді.

Бар мәліметтерге қарағанда, Республикада топырақ бетінің ауыр металдармен ластануы көбінесе металл өндірісі мен химия өнеркәсіп салаларына қарасты ірі нысандар шоғырланған қалалардың төңірегінде болады. Республиканың табиғат қорғау министрлігінде арнайы зерттеудің нәтижесінде жиналған мәліметтер топырақта қорғасын, мыс, мырыш, кадмий

металдары мен басқа ауыр металардың қосылыстары және түсті металдардың көбейіп кеткенін көрсетіп отыр.

Ауыр металдарды топыраққа бірге ала келетін, сол ортада олардың көбірек жиналуына себепкер болатын басты көзінің бірі минерал, ең алдымен фосфор тыңайтқыштары. Олардың ондағы мөлшері сол тыңайтқыштарды алатын ішкі заттар мен өңдеу технологиясына байланысты болады.

Ғылыми деректер бойынша, ағзаға өткен мыс ішек арқылы қанға өтіп, онда құрамындағы белок альтуминмен байланысады, оан бауырға өтіп, сонан белок церулоплазминнің құрамымен бірге айналып қайтадан қанға келеді де сосын ағзамен тканьдарға тарайды. Адамның денесіндегі жекелеген органдарда оның мөлшері әртүрлі. Мысалы, 100 грам құрғақ массаға есептегенде, оның мөлшері 0,5 мг, сүйекте – 0,7 мг, қанда 100 мкг, жұлынның сұйығында – 10 мкг болатын көрінеді. Мыс бірқатар ферменттердің қатарына кіреді және жұлынның қан түзетін қызметін күшейтеді, шамалы дозасы көмірсутектің алмасуына пайдалы әсерін тигізеді, яғни, қандағы қантты азайтады. Адамның жасы мен жынысына қарай олардың ағзасындағы мыстың қалыпты мөлшерін көрсететін мәлімет төмендегідей:

6 айлық бала – 3,14 -010,99 мк/моль/литр
6 жасар бала – 14,3 - 29,83 мк/моль/литр
12 жасар бала – 12,56 – 25,12 мк/моль/литр
Ересек ер адам – 10,99 - 21,98 мк/моль/литр
Ересек әйел адам – 12,56 – 24,35 мк/моль/литр
Жүкті әйел босанар алдында – 18,53 - 47,41 мк/моль/литр.
Ағзада артық мөлшерде жиналған мыс оны улайтынын жайында да мәліметтер бар.

Топырақтың ауыр металдармен және радионуклидтермен ластануы барлық аймақтарды қамтып отыр. Әсіресе, Қазақстан бойынша ірі өнеркәсіптер, кен орындары, қазба байлықтарды өндіру, өндірістік қалдықтарды сақтау және оларды көму аймағында ерекше жылдам жүруде. Республика жерінде химиялық қалдықтар 2,3 млрд тоннаға жетсе, ал 529 обьектіде радиоактивті қалдықтар сақталған. Өнеркәсіптерден шығарылған химиялық қалдықтар Шығыс Қазақстан бойынша жылына 5 млн т-ға жетіп отырғаны тіркелген. Республика бойынша ластану деңгейі Қарағанды-Байқоңыр аймағы, Балқаш өңірі, Мұғалжар, Ертіс өңірі, Маңғыстау, Каспий маңы ойпаты, Іле Алатауы жазықтарынжа тым жоғары. Сырдария, Шу, Талас, Жайық өзендіріндегі жерлер қорғасын, фтор, бор, мыс, пестицидтер және нитраттармен ластанған.

Өскемен, Риддер, Зырян қалалары маңындағы жерлерде қорғасынның шектеулі рауалы мөлшері 100, кадмий – 8, мырыш – 14, мыс 10 есе артқан.

Павлодар, Екібастұз, Қаратау, Тараз, т.б. өнеркәсіп аймақтарында геохимиялық ауытқуларға және улы заттармен ластануға ұшыраған.

Семей өңірінің радиоактивті заттармен ластануы өте жоғары. Осы жерлерде шоғырланған 154 өнеркәсіп орындарынан жылына 294 мың т улы зат қоршаған ортаға шығарылады. Мәселен, мыстың шектеулі рауалы мөлшері (ШРМ) – 100, қорғасын – 100, мырыш – 300, хром – 100, кобальт – 50, никель – 50 екені, т.б. ауыр металдардың шекті мөлшері тіркелген (1-*кесте*).

Кесте-1. Топырақтың ауыр металдармен ластануының қалалар мен аймақтар бойынша көрсеткіші [3].

Аймақ немесе елді мекен	Ластағыш заттар	ШРМ	Себептері
Орталық және Батыс Қазақстан	фтор, бром, темір, қорғасын, нитрат, пестицид, сынап	100	өндіріс орындарының химиялық қалдықтарымен ластануы
Теміртау қаласы	темір, хром, никель, қорғасын	8-14	өндіріс орындарының қалдықтарымен ластануы
Екібастұз	қорғасын, фтор	2	өндіріс орындарының қалдықтарымен ластануы
Тараз	хром, никель, ванадий	21	өндіріс орындарының

			қалдықтарымен ластануы
Ақтөбе	қорғасын, мырыш, темір	100-50	өндіріс орындарының химиялық қалдықтарымен ластануы
Шымкент	қорғасын, мырыш, темір	15	өндіріс орындарының химиялық қалдықтарымен ластануы
Жезқазған	қорғасын, мырыш, темір	15	өндіріс орындарының химиялық қалдықтарымен ластануы
Семей	цезий, кобальт, стронций	50	ядролық жарылыстар салдарынан

Полигондық аймақтарда 40 жыл бойы (1949-1996) бұрынғы КСРО соғыс ведомстволары 500-дей ядролық сынап жасап, Қазақстанның шұрайлы жерінің шамамен 20 млн га-сын жарамсыз етті.

Батыс Қазақстан аймағында 1966-1979 жылдар аралығында 20-дан астам ядролық қару сыналған. Олар Маңғыстау облысында – 3, Батыс Қазақстанда – 4 және Атырауда – 17 рет жасалған. Соның ішінде ең ірісі Азғыр полигоны ғана 6,1 мың га жерді алып жатыр. Зерттеу нәтижелері бойынша Нарын, Азғыр құмдарында радиоактивті элементтер: кадмий – 80-120, стронций – 150, қорғасын – 80 және нитрат – 8,8 есе шекті мөлшерден асып кеткен.

Үстіртте 1968-1970 жылдары жер асты ядролық сынағы жасалған. Осы жерлердің бәрінде де суға, топыраққа, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне бұрын-соңды болмаған залалдар келді.

Республика аумағында ірі зымырандық полигондар Атырауда «Тайсойған», Балқаш көлі маңында «Ташкент-4» және «Байқоңыр» ғарыш айлағында орналасқан. Бұл жерлерде топырақ беті өте қауіпті, улы гептил жанармайымен және зымыран «қоқыстарымен» ластанған.

Гептил өте улы зат болғандықтан адамдардың өкпе-тыныс жолдарына, жүйке жүйесіне әсер етіп, бүйрек, бауыр мүшелерін зақымдайтыны анықталды. Сол сияқты зымыран, ғарыш кемелерінің ұшырылуы «қышқыл жауындар» жаудырып, қоршаған ортаның 3-50% биомассасын жойып жібереді. Мәселен, 1988-1991 жылдар аралығында тек Тайсойған полигонында 2400 зымыран барлығы 30 мың т жанармай жаққан. 1994 жылы 5 шілдеде және 27 қазанда апатқа ұшыраған «Протон» зымыран тасығышы Қарағанды облысының жеріне гептил уын шашып, орасан зор қауіпті төндірді. Оның зартабы әлі белгісіз болып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстандағы 33,6 млн га жер әскери полигондардың салдарынан бұзылғаны анықталды. Сол сияқтя республика аумағында барлығы 16 млрд т радиоактивті қалдық жинақталған. Ол қалдықтар Ақмола облысының – 800 га, Жамбыл облысының – 190 га, бұрынғы Жезқазған облысының – 25 га, Қызылорда облысының- 3,0, Оңтүстік Қазақстан облысының 2 га жерін алып жатыр. Осының салдарынан Қазақстанның радиациялық апат аймақтары мен ондағы қазіргі қалыптасқан жағдайларды келтірілген фактілер арқылы көруге болады (кесте 2).

Қазақстанның құрғақ климаты жағдайында радионуклидтер топырақта баяу қозғалып, ұзақ сақталып, экожүйелерді бүлдіреді. Осылайша топырақ негізгі ластану көзі ретінде радионуклидтерді өсімдіктерге, одан жан-жануарларға, адамдарға жеткізіп отырады. Ал адам өз кезегінде генетикалық, соматикалық, онкологиялық ауруларға ұшырап, зардап шегуде.

Қазақстанның қасиетті топырағы, ауасы мен су ресурстарының қаншалықты зардап шегіп келгенін дүние жүзінің адамзат қоғамы соңғы жылдары ғана біліп отыр[4].

Кесте-2.Қазақстан аумағындағы радиациялық апат аймақтары [4].

Рет саны	Аймақтың қауіптілігі	өлшем бірлігі, бэр	Облыс, аудан, елді мекендер
1.	Төтенше қауіп-қатерлі аймақ	100	Шығыс Қазақстан облысының Абай, Бесқарағай, Жаңасемей аудандары
2.	Қауіп-қатерлі аймақ	35-100	Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай, Жаңасемей, Абай, Абыралы аудандары, Павлодар

			облысының Май ауданы
3.	Орташа қауіп-қатерлі аймақ	7-100	Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласы, Шұбартау, Аягөз ауданы, Бородулиха, Новошульба, Өскемен, Риддер, Глубокин, Таврия, Шемонаиха аудандары, Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданы, Павлодар облысының Май ауданы

Топырақтың ауыр металдармен ластану дәрежесін зерттеп, нәтижелерін ғылыми журналдарға жариялаған Оңтүстік Қазақстан облысы университетінің ғалымдарының жүргізген зерттеулері болйынша Шымкент қаласының территориясында орналасқан "Южполиметалл" ӨК АҚ ұзақ жылдардан бері қала территориясын зиянды қалдық заттармен ластауда. Қаланың айналасында көптеген өндіріс орындары соңғы жылдардағы экономикалық дағдарысқа байланысты өз жұмыстарын тоқтатқанмен, аталған қорғасын өндірісі қазіргі күнге дейін үздіксіз жұмыс істеуде. Оны жылдың барлық мезгілдерінде өндіріс мұржаларының будақтап шығып жатқан қою сұр түтін мен қаланың осы өндіріс орны орналасқан оңтүстік-батыс бөлігінің жиі-жиі көк тұманға малынып тұруынан, кейде тынысты тарылтып, тамақты ашытар атмосфера ауасынан да байқауға болады. Республикамызда өндіріс орындары дамуының ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз негізделуі және өндірістік қуаттың көп жылдар бойы қарқынды өсуі адам экологиясы мен қоршаған орта гигиенасын төтенше ауыр жағдайға алып келді. Осыған байланысты қоршаған ортаның ластануы мен оның өсімдіктер мен жануарларға, адам денсаулығына тигізетін әсерін зерттеу үлкен қажеттілікке айналды.

Өндірістік қалдықтардың қоршаған орта объектеріне түсуін, жиналуы мен миграциясын зерттеу, олардың әсерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Қоршаған табиғи ортаның жағдайын бақылаудың құрамына өндіріс орындары мен ластаушы заттардың құрамы мен қасиеттерін, биосферадағы химиялық элементтердің таралуын, олардың құрылымы мен функциональды көрсеткіштеріндегі өзгерістерді бақылау кіреді.

Шымкент қаласының территориясында ауыр металдардың таралуы мен өсімдіктерде жиналу мөлшерін анықтау және қоян арпа (Hordeum leporinum) өсімдігін биоиндикатор ретінде алып өсімдіктердің хромосомалық жиынтығына әсерін зерттеп, соның негізінде қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалаған.

Қазақстандағы экологиялық қауіптілігі жоғары аймақтардың бірі Оңтүстік Қазақстан облысы. Шымкент қаласындағы ірі өндіріс алыптарының бірі- «Южполиметалл» ӨК АҚ. Осы өндірістен бөлінген зиянды қалдықтардың негізгісі қорғасын және т.б. ауыр металдар. Олар суда, топырақта және тірі организмдерде жиналып, қоректік тізбек арқылы тасымалдана отырып адам ағзасына жиналады. Сондықтан қоршаған ортада ауыр металдардың таралу мөлшерін анықтап, олардың өсімдіктердің құрылысына әсерін бақылау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қоршаған ортаның кең көлемде ластануы әсіресе қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында күшті сезіледі. Топырақтағы ауыр металдардың таралу мөлшерін анықтау үшін зерттеу орындары белгіленген. Өсімдіктерге бақылау жүргізу үшін Шымкент қаласының территориясынан 4 зерттеу орнын белгілеп алған.

№1 зерттеу орны - қаланың оңтүстік-батыс бағытында орналасқан "Южполиметалл" ӨК АҚ- ның ауданы, яғни өндірістік аймақ.

№2 зерттеу орны - қаланың орталық ауданы, қорғасын өндірісінен 3 км қашықтықта орналасқан орталық саябақ.

№3 зерттеу орны ретінде - қаланың оңтүстік -шығыс бағытында орналасқан "Жеңіс " саябағы белгігенді. Саябақ "Южполиметалл" ӨК ЖАҚ - нан 8 км қашықтықта орналасқан.

№4 зерттеу орны – бақылау ауданы, қаладан 25 км қашықтықтағы «Ақсу» елді мекені.

Осы зерттеу орындарынан топырақ сынамалары алынды. Ол үшін 1 шаршы метр жерден 30-35 см тереңдіктен топырақ алынған. Топырақ беткі, ортаңғы және төменгі қабаттардан алынып, толық араластырылады. Көлеңкеде кептіріліп , содан соң химиялық әдіспен өңделген.

Шымкент қаласының топырағы қара-сұр топырақ. Ауа мен сумен салыстырғанда топырақтың өздігінен тазалануы өте нашар жүреді. Сонымен қатар, топырақ ауыр металдар үшін берік акцептор болып табылады. Олар топырақ қабатында химиялық заттармен әрекеттесіп, қиын еритін заттар түзеді. Топырақтағы ауыр металдардың мөлшері 6-кестеде көрсетілген.

Кесте-3.Топырақтағы ауыр металдардың мөлшері, (мг/кг)

Зерттеу орындары	Топырақ ортасының реакциясы	Қорғасын	Мыс	Мырыш	Кадмий
		32 мг/кг	33 мг/кг	55 мг/кг	1,0 мг/кг
1-зерттеу орны (өндіріс ауданы)	pH-8,2	445,72 ± 6,74	136,45 ± 4,64	169,26 ± 4,85	10,71 ± 1,42
2-зерттеу орны (Орталық саябақ)	pH-8,3	318,16 ± 5,23	110,35 ± 3,92	90.96 ± 4.10	2,88 ± 0,86
3-зерттеу орны (Жеңіс саябағы)	pH-8,3	186,63 ± 4.86	86,63 ± 3,56	74,36 ± 3,28	1,82 ± 0,78
4-зерттеу («Ақсу» елді-мекені)	pH-8,0	27,66 ± 2,45	23,15 ± 2,32	26,54 ± 2,80	-

Зерттеу нәтижесі бойынша топырақтағы қорғасынның мөлшері 1-зерттеу орнында байқалды, ол 445,72 мг/кг тең. Топырақ үшін белгіленген шекті концентрациямен салыстырғанда 14 есе жоғары. 2-зерттеу орнында 318,16 мг/кг анықталды, бұл шама ШРК-дан 10 есе артып отыр. 3-зерттеу орнында 186,63 мг/кг көрсетті, оның мөлшері 5,9 есе жоғары болып отыр. 6-зерттеу орнында 27,66 мг/кг көрсетті, оның мөлшері белгіленген шекті концентрациядан артпайды.

Топырақтағы мыстың мөлшері 1-зерттеу орнында жоғары. Оның мөлшері 136,45 мг/кг тең. Топырақтағы мыстың белгіленген шекті концентрациясы 33,0 мг/кг екенін ескерсек, мыстың мөлшері белгіленген шекті концентрациямен салыстырғанда 4,2 есе жоғары. 2-зерттеу орнында 110,35 мг/кг анықталды, бұл шама ШРК-дан 3,3 есе артып отыр. 3-зерттеу орнында 86,63 мг/кг көрсетті, оның мөлшері ШРК-дан 2,6 есе жоғары болып отыр. 6-зерттеу орнында 23,15 мг/кг көрсетті, оның мөлшері белгіленген шекті концентрациядан артпайды.

Мырыштың да концентрациясы өндіріс ауданы мен қала орталығындағы 2-зерттеу орнындағы топырақта көп жиналған, басқа зерттеу орындарында өндіріс орнынан алшақтаған сайын ауыр металдардың топырақтағы мөлшері азаюда. Бұның өзі Шымкент қаласында топырақтың ауыр металдармен ластануына қорғасын өндірісі тікелей әсер ететінін көрсетеді. Мырыштың мөлшері 4-зертеу орнында ШРК-дан төмен.

Кадмийдің мөлшері 1-зерттеу орнында ШРК-дан 9 есе жоғары, ал 2-зерттеу орнындағы мөлшері 2,5 есе жоғары көрсеткіште болған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кенжалиева Г.Д., Есенбаева М.А., Рахматуллаев А.Ю., Успабаева А.А., Жауын құрттарының Оңтүстік Қазақстан облысында таралуының алуан түрлілігі мен экологиялық жағдайы.

//Халықаралық ғылыми конф. «Инновациялық технологиялардың білім беру мен ғылымдағы қазіргі кездегі мәселелері» - Шымкент, 2009 –Б.135-138.
2. Кенжалиева Г.Д. Мұнай және мұнай өнімдерінің жеңіл фракциясының жауын құртының морфо-физиологиясына әсері //Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. «Әуезов оқулары-7: М.Әуезов және қазақтанудың өзекті мәселелері»- Шымкент, 2008 –Б.206-207.
3. Фаизов К.Ш., Асанбаев И.К., Ахметова К.К. Қазақстан топырақтарының химиялық токсиканттармен ластануы/ / Гидрометеорология және экология. 2001. №3-4. 156-165 б.
4. Прасад М.Н. Практическое использование растений для восстановления экосистем, загрязненных металлами // Физиология растений. – 2003. – Т. 50. – №5. – С. 764-780. Биотехнология. Теория и практика. №1 2009 59

Содержание

НАУЧНЫЕ МАТЕРИАЛЫ СЛУШАНИЯ ПЛЕНАРНОЙ ЧАСТИ КОНФЕРЕНЦИИ

Цыганов А.П. РЕТРОСПЕКТИВА В ЭКОЛОГО-НАТУРАЛИСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ «УИ ЭКОБИОЦЕНТРА» НА ДИСТАНЦИИ В 30 ЛЕТ.....4
Линева Л.А., Зинченко Е.С., НЕПРЕРЫВНОЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЕ В ДЕЙСТВИИ. 6
Нурканова С. Т., ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ 10
Нуркенова С. Е., ВНЕДРЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОМПОНЕНТА В СОДЕРЖАНИИ УЧЕБНИКОВ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОГО НАПРАВЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ РК 14

РЕГИОНАЛЬНЫЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРАКТИКЕ РЕШЕНИЙ ИХ УЧИТЕЛЕМ

Бекмурат Айжан. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МУЗЫКАНЫҢ МАҢЫЗЫ 17
Кәкімова Д. Е. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЛЭПБУКТЫ ПАЙДАЛАНУ 20
Муканова Л. Н. ПРОБЛЕМА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ.....22
Назарханова А. С. ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАСЫНЫҢ ЛАСТАНУ ДИНАМИКАСЫ 25
Сүлеймен Айнұр. ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ 29

РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В ОБРАЗОВАНИИ И ПРОСВЕЩЕНИИ

Абдиманапов Б..Ш., Касенова Н.Ж., Құмарбекұлы С. МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҮСІНІК ПЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖҮЙЕЛІЛІГІ.....33
Абдиманапов Б. Ш., Темербаев Е.И., Құмарбекұлы С. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕГІ САРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....35
Абдиманапов Б..Ш, Турсунов А.К.[2], Құмарбекұлы С. ГЕОГРАФИЯДАН ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....40
Абдиманапов Б.Ш, Оспанов Е.Д., Құмарбекұлы С. ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ.....44
Абилмажинова А.Ч..БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУ.....48
Алемсейтова Ж. Қ., СИВЕРС АЛМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МЕКТЕПТІҢ БИОЛОГИЯ КУРСЫНДА ҚОЛДАНУ.....50
Аманжолқызы Н. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ-БЕРУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 54
Бопаева А. М. ВНЕДРЕНИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ВОСПИТАТЕЛЬНО – ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС ДОШКОЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ…….....56
Борисова О. Е. МОДЕЛИРОВАНИЕ И ЕГО РОЛЬ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....59

Ергалиева Ш. К. ХИМИЯ САБАҒЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ 64
Жанабылова Р. К. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....71
Жапарханова Г. Т. РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....76
Исакова М.С., Нуртазова С.Е., Штаймец А.В. ЛЕГЕНДА, БЫЛЬ И ЯВЬ ДУБЫГАЛЫ.....80
Какимжанова Ш. С. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІ.....84
Камытпаева М. Е. БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ 87
Куксина И.Я. ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВАМ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР…….....89
Лукьянец Ю.Г. ПРИМЕНЕНИЕ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ….....94
Михайлова Т. Н. ЗНАКОМСТВО С КАЗАХСКИМ НАЦИОНАЛЬНЫМ ОРНАМЕНТАЛЬНЫМ ИСКУСТВОМ НА ОСНОВЕ РАБОТЫ С ПРИРОДНЫМ МАТЕРИАЛОМ.....96
Осьмушина О. В. РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В СИСТЕМЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ.....99
Серикова Н.Б. ЖАС ЭКОЛОГ» ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ.....103
Темиралова Г. Т. БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНДЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ.....109
Толыкова А.К. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....113
Шнайдер Е. С. ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ ДОШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР …….....114

КРАЕВЕДЕНИЕ И ТУРИЗМ В ИЗУЧЕНИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ УЧИТЕЛЕМ КАК РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ

Бейсембаева Р.С., Қияноятова Н.Д., Құмарбекұлы С. ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕРІЛУ СИПАТЫ 118
Джумагулова А. К. КРАЕВЕДЕНИЕ И ТУРИЗМ В ИЗУЧЕНИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ УЧИТЕЛЕМ, КАК РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ.....124
Куликова Е. Н. МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ВНЕДРЕНИЯ КОМПЛЕКСНОГО ПОДХОДА В КРАЕВЕДЕНИИ В «УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОМ ЭКОБИОЦЕНТРЕ.....127

РЕГИОНАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

Алемсейтова Ж. Қ., ДОЛАНА КӨБЕЛЕГІНІҢ СИВЕРС АЛМАСЫНА КЕЛТІРЕТІН ЗИЯНЫ.....132
Алемсейтова Ж. Қ., СИВЕРС АЛМАСЫНЫҢ ТАБИҒИ ЖАҢАРУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР.....136
Дакиева К.Ж, Сейдрахимов А.С., Құмарбекұлы С. ШҚО-Ң АЙМАҒЫНДАҒЫ ӨЗЕНДЕР МЕН СУ ҚОЙМАЛАРЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ТЕХНОГЕНДІК ЖӘНЕ АНТРОПОГЕНДІК КӨЗДЕР.....141

Девятков В.И., ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ ИЗУЧЕНИЯ ФАУНЫ ВЕСНЯНОК (PLECOPTERA) И НЕКОТОРЫХ СЕМЕЙСТВ КОМАРОВ (DIPTERA) ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....143
Кабдуахитова К. Р. АНАЛИЗ ПРИЧИНЫ ПОЖАРОВ В ВОСТОЧНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ И ГОРОДА УСТЬ-КАМЕНОГОРСК.....149
Қабсаметов Р. Ж. ТАРБАҒАТАЙ МҰТП АУМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АРҚАРЫНЫҢ САНЫН ЕСЕПТЕУ.....154
Калелова Г.Ж.. АВТОКӨЛІКТЕРДЕН ШЫҒАТЫН ЗИЯНДЫ ЗАТТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯНЫ.....157
Кушникова Л. Б. СОСТОЯНИЕ КОРМОВОЙ БАЗЫ РЫБ ВОДОХРАНИЛИЩА НА РЕКЕ УЙДЕНЕ.....161
Премина Н.В. ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ ЗАПАДНО-АЛТАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРИРОДНОГО ЗАПОВЕДНИКА И ИХ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ЛЕСНЫХ ЭКОСИСТЕМ….....163
Премина Н.В. ИЗУЧЕНИЕ ПТИЦ В ЗАПАДНО-АЛТАЙСКОМ ГОСУДАРСТВЕННОМ ПРИРОДНОМ ЗАПОВЕДНИКЕ…….....167
Прокопов К.П. О РАСПРОСТРАНЕНИИ И ЭКОЛОГИИ ОБЫКНОВЕННОЙ ЛЕТЯГИ (*Pteromys volans Linnaeus, 1758*) В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ…….....175
Прокопов К.П. О РАСПРОСТРАНЕНИИ И ЭКОЛОГИИ ОБЫКНОВЕННОЙ ЛЕТЯГИ (*Pteromys volans Linnaeus, 1758*) В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ…….....175
Прокопов К.П. ЛЮДИ, ГОДЫ, ТРУДЫ.....178
Прокопов К.П. ЗАПИСКИ НАТУРАЛИСТА.....201
Садакова Б. Д. «ТАРБАҒАТАЙ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ИТМҰРЫНДЫ ОРМАНДАР.....208
Садакова Б. Д. «ТАРБАҒАТАЙ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫНДАҒЫ БҰТАЛЫ ЭКОЖҮЙЕНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....212
Сакиева Ж. М. «ТАРБАҒАТАЙ» МҰТП АУМАҒЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН СІБІР ЕЛІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ КҮЙІ.....217
Сыдықанова А. Ж. ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ТЕХНОГЕНДІК ЛАСТАНУЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ (ЗЫРЯН ТАУ-КЕН ТОРАБЫ МЫСАЛЫНДА) 222
Сурнина К. В. ФЕНОЛОГИЧЕСКИЕ НАБЛЮДЕНИЯ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ БАЗЫ ДАННЫХ ФЕНОСПЕКТРОВ.....225
Токсеитов К.Т., Абдугалиева Г.Ю. РОЛЬ ПОДЗЕМНОЙ УГЛЕДОБЫЧИ В ТОПЛИВНО-ЭНЕРГЕТИЧЕСКОМ КОМПЛЕКСЕ КАЗАХСТАНА…….....229
Тунгушбаева З.К., Абдильманов Ж.Т., Құмарбекұлы С. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖАҒДАЙЛАРЫН ТАЛДАУ 234
Тунгушбаева З.К., Жашиков Б.М., Құмарбекұлы С. ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ӨРІСТЕРДІҢ АДАМҒА ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ӘСЕРІ.....238
Цыганов А.П., Нұрғалиев Е.Қ., Құмарбекұлы С. АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ТОПЫРАҚҚА ТҮСУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ.....242

ГУ «Отдел образования» по городу города Усть-Каменогорск управления образования ВКО

КГКП «Учебно-исследовательский экобиоцентр» по городу Усть-Каменогорску управления образования ВКО

РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В СИСТЕМЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ– 2021

Материалы XX региональной педагогической естественно-научной конференции